

Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамытуға арналған техникалық тапсырма туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 2 сәуірдегі № 55 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 3 және 30-тармақтарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамытуға арналған техникалық тапсырма бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2019 жылғы 2 сәуірдегі
№ 55 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамытуға арналған ТЕХНИКАЛЫҚ ТАПСЫРМА

1. Жалпы мәліметтер

1.1. Жүйенің атауы

Толық атауы – Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі, 2.0 нұсқасы (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе).

Шартты белгіленімі – ЕАЭО ИАЖ, 2.0 нұсқасы.

1.2. Жүйеге тапсырыс берушінің және оны әзірлеушінің атауы

1.2.1. Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) тапсырыс беруші – интеграцияланған жүйені құру және дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіруші, сондай-ақ Комиссияның интеграциялық сегментіне тапсырыс беруші болып табылады.

1.2.2. Интеграцияланған жүйенің Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттеріне тапсырыс берушілерді (бұдан әрі тиісінше – ұлттық сегмент, мүше мемлекеттер, Одақ) мүше мемлекеттер айқындайды.

1.2.3. Интеграцияланған жүйенің құрылуын, жұмыс істеуін қамтамасыз етуді және оны дамытуды Комиссия үйлестіріп, оның жұмыс істеуі мен дамуын интеграцияланған жүйені дамыту стратегиясын ескере отырып, ұлттық сегменттерге тапсырыс

берушілермен өзара іс-қимыл жасау арқылы қамтамасыз етеді. Интеграцияланған жүйені құру, жұмыс істеуін қамтамасыз ету және дамыту жөніндегі жұмыстар Комиссия уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жасау арқылы әзірлейтін жоспарлардың негізінде жүзеге асырылады.

1.2.4. Ұлттық сегменттерге тапсырыс берушілер ұлттық сегменттерді құру, жұмыс істеуін қамтамасыз етуді және дамыту жөніндегі құқықтарды жүзеге асырады және міндеттерді атқарады.

1.2.5. Интеграцияланған жүйенің Комиссияның интеграциялық сегменті, Комиссияның ақпараттық ресурстары мен жүйелері сияқты құрамдас бөліктеріне қатысты Комиссия меншік иесінің құқықтарын жүзеге асырады және міндеттерін атқарады, сондай-ақ оларды жобалауды, әзірлеуді, енгізуді, жұмыс нәтижелерін қабылдауды және кейіннен сүйемелдеуді ұйымдастырады.

1.2.6. Комиссияның интеграциялық сегментін, Комиссияның ақпараттық ресурстары мен жүйелерін құру, жұмыс істеуін қамтамасыз ету және дамыту жөніндегі жұмыстарды орындаушыларды іріктеу Комиссияның актілеріне сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылады.

1.2.7. Ұлттық сегменттерді құру, жұмыс істеуін қамтамасыз ету және дамыту жөніндегі жұмыстарды орындаушыларды іріктеу мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылады.

1.3. Жүйені құру мен дамыту негіздері

1.3.1. 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) интеграцияланған жүйені құру мен дамыту негізі болып табылады.

1.3.2. Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (бұдан әрі – Хаттама) (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 3-тармағына сәйкес интеграцияланған жүйе құру жөніндегі жұмыстар 2015 – 2017 жылдары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 12 қазандағы № 137 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құруға арналған техникалық тапсырмаға (бұдан әрі – интеграцияланған жүйені құруға арналған техникалық тапсырма) сәйкес сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің функционалдық мүмкіндіктерін кеңейту негізінде жүргізілді.

1.3.3. Осы техникалық тапсырма интеграцияланған жүйені құруға арналған техникалық тапсырманың талаптарына қатысты интеграцияланған жүйені дамытуды көздейді.

1.3.4. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 100 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамытудың 2025 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиясы мен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2017 жылғы 11 қазандағы № 12

шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың цифрлық күн тәртібін іске асырудың 2025 жылға дейінгі негізгі бағыттары интеграцияланған жүйені дамытудың негізі болып табылады.

1.3.5. Интеграцияланған жүйені дамыту кезінде мына құжаттардың ережелері қосымша ескерілуге тиіс:

1) Комиссия Кеңесінің "Трансшекаралық сенім кеңістігін құруға, дамытуға және оның жұмыс істеуіне қойылатын талаптар туралы" 2018 жылғы 5 желтоқсандағы № 96 шешімі;

2) Комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі (өзгерістер мен толықтырулары бар);

3) Комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі туралы" 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 шешімі;

4) Комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің Еуразиялық экономикалық комиссия интеграциялық сегментінің бағдарламалық қамтылымын беру және оны пайдалану тәртібін бекіту туралы" 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 10 шешімі;

5) Комиссия Алқасының "Трансшекаралық сенім кеңістігін дамыту стратегиясы туралы" 2016 жылғы 27 қыркүйектегі № 105 шешімі;

6) Комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді іске асыру тәртібін бекіту туралы" 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 169 шешімі;

7) Комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамытудың 2025 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиясы туралы" 2017 жылғы 22 тамыздағы № 100 шешімі;

8) Комиссия Алқасының **"Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштарды әзірлеу, жүргізу және қолдану әдіснамасын бекіту туралы"** 2017 жылғы 19 қыркүйектегі № 121 шешімі;

9) Комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың деректер моделі туралы ережені бекіту туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 190 шешімі;

10) Комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің сенім білдірілген үшінші тарапы қызметінің куәландырушы орталығы туралы" 2018 жылғы 25 қыркүйектегі № 154 шешімі.

1.4. Осы техникалық тапсырмаға сәйкес интеграцияланған жүйені дамыту жөніндегі жұмыстарды бастау және аяқтау мерзімдері

Жұмыстардың басталатын уақыты: 2019 жыл.

Жұмыстардың аяқталатын уақыты: 2021 жыл.

1.5. Жұмыстарды қаржыландыру көздері мен тәртібі

1.5.1. Комиссияның интеграциялық сегментін, Комиссияның ақпараттық ресурстары мен жүйелерін құру, дамыту, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету және дамыту жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру Одақ бюджетінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

1.5.2. Мемлекеттік ақпараттық ресурстарды және уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерін, сондай-ақ ұлттық сегменттерді құру, дамыту, олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру мүше мемлекеттер бюджеттерінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

1.6. Жұмыс нәтижелерін ресімдеу және тапсырыс берушіге ұсыну тәртібі

1.6.1. Интеграцияланған жүйені құру, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету және оны дамыту жөніндегі жұмыстардың нәтижелерін ресімдеу және тапсырыс берушіге ұсыну тәртібі осы техникалық тапсырманың талаптарына, сондай-ақ жұмыстарды орындауға арналған келісімшарттар шарттарына сәйкес келуге тиіс.

1.7. Анықтамалар

Осы техникалық тапсырмада пайдаланылатын ұғымдар Хаттаманы қоса алғанда, Шартта, Одақ органдарының интеграциялық жүйені құру және дамыту мәселелерін реттейтін актілерінде айқындалған мәндерде қолданылады.

2. Интеграцияланған жүйені дамытудың бағытталуы мен мақсаттары

2.1. Интеграцияланған жүйенің бағытталуы

2.1.1. Интеграцияланған жүйе мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының аумақтар бойынша бөлінген мемлекеттік ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерінің, мүше мемлекеттердің ұлттық сегментімен, Комиссияның интеграциялық сегментімен және Комиссияның оқшау есептеу желісінің сегментімен (бұдан әрі – Комиссияның ОЕЖ) біріктірілетін Комиссияның ақпараттық ресурстары мен жүйелерінің ұйымдық жиынтығын білдіреді. Интеграцияланған жүйе Одаққа кірмейтін мемлекеттермен (үшінші тараптармен), халықаралық ұйымдармен және интеграциялық бірлестіктермен Одақ шеңберінде мемлекетаралық деректер мен электронды құжаттар алмасуды қамтамасыз етуге, мүше мемлекеттер үшін ортақ ақпараттық ресурстар құруға, Одақ шеңберінде жалпы процестерді іске асыруға, сондай-ақ Одақ органдарының қызметін қамтамасыз етуге арналған.

Мүше мемлекеттердің мемлекеттік ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелері интеграцияланған жүйеге Одақ шеңберіндегі жалпы процестерді іске асыру шеңберінде ұлттық интеграциялық шлюздер арқылы қосылады.

Мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттері арасында, сондай-ақ ұлттық сегменттер мен Комиссияның интеграциялық сегменті арасында интеграцияланған жүйе

құралдары арқылы берілетін деректердің құрамы Шартта және Одақ құқығына кіретін актілерде айқындалады.

Интеграцияланған жүйе құралдары арқылы Одаққа кірмейтін мемлекеттермен (үшінші тараптармен), халықаралық ұйымдармен және интеграциялық бірлестіктермен электронды деректер алмасу қамтамасыз етіледі. Мұндай өзара іс-қимыл кезінде электронды нысанда берілетін деректердің құрамы Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда айқындалады.

Интеграцияланған жүйені және мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттерін дамыту жеке тұлғалар мен шаруашылық жүргізуші субъектілерге (Одақ органдарының тиісті құқықтық актілерінің қабылдануы шартымен) мемлекетаралық қызметтер көрсету механизмдерін іске асыруды, сондай-ақ мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимылдың әрқилы түрлерін (State2State, Government2Government, Business2Government, Business2Business, Citizen2Government) қолдауды қамтамасыз етуді болжайды.

2.1.2. Интеграцияланған жүйе Одақ өкілеттіктерінің шегінде мынадай бағыттар бойынша ақпараттық қолдауды қамтамасыз етуге тиіс:

- 1) кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу;
- 2) кедендік реттеу;
- 3) техникалық реттеу, санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдану;
- 4) кедендік әкелу баждарын есепке жатқызу және бөлу;
- 5) демпингке қарсы және өтемақы баждарды есепке жатқызу және бөлу;
- 6) статистика;
- 7) бәсекелестік саясат;
- 8) энергетикалық саясат;
- 9) валюталық саясат;
- 10) зияткерлік меншік;
- 11) қаржы нарықтары (банк саласы, сақтандыру саласы, валюта нарығы, бағалы қағаздар нарығы);
- 12) Одақ органдарының қызметін қамтамасыз ету;
- 13) макроэкономикалық саясат;
- 14) өнеркәсіптік саясат;
- 15) агроөнеркәсіптік саясат;
- 16) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы;
- 17) көліктік саясат, инфрақұрылым және логистика;
- 18) тауарлар мен жүктердің қадағалауда болуы;
- 19) еңбек көші-қоны және әлеуметтік қорғау;
- 20) мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу;
- 21) ішкі нарықтардың жұмыс істеуі;

22)сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесінде "бірыңғай терезе" ұлттық механизмдерінің ақпараттық өзара іс-қимылы;

23)Одақтың үшінші тараптармен халықаралық шарттарына сәйкес мүше мемлекеттер мен үшінші тараптар арасындағы ақпарат алмасу;

24)Одақ өкілеттіктері шегіндегі өзге бағыттар (интеграцияланған жүйенің даму шамасына қарай оның қамту саласына кіретін).

2.1.3. Интеграцияланған жүйені дамыту барысында интеграцияланған жүйе шеңберінде уәкілетті органдар мен Одақ органдарының ақпараттық жүйелерінің ақпараттық өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз ететін ұлттық сегменттерді құру және дамыту процестері ұйымдастырылып, өткізілуге тиіс.

2.1.4. Интеграцияланған жүйені дамыту барысында ортақ деректер модельдері мен Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесі пайдаланылатын цифрлық платформаларды қалыптастыру мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс. Цифрлық платформаларды қалыптастырудың түйінді мақсаттарының бірі Комиссия, мүше мемлекеттер, Еуразиялық экономикалық одақтың заңды және жеке тұлғалары, сондай-ақ үшінші елдер, халықаралық ұйымдар мен интеграциялық бірлестіктер арасындағы цифрлық өзара іс-қимылды жандандыру болып табылады.

2.2. Интеграцияланған жүйені дамыту мақсаттары

2.2.1. Интеграцияланған жүйені дамыту мақсаттары мыналар болып табылады:

1) Одақтың жұмыс істеуін қозғайтын барлық салаларда интеграциялық процестердің жаңаларын ақпараттық қамтамасыз ету және қолданыстағыларын дамыту;

2)цифрлық өзара іс-қимылды, жалпы процестерді іске асыру шеңберінде деректер және электрондық құжаттар алмасуды жүзеге асыру кезінде интеграцияланған жүйенің цифрлық және технологиялық заманауи мүмкіндіктерін қамтамасыз ету;

3)Одақ органдарының қызметін ақпараттық-технологиялық қамтамасыз ету;

4)ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттыру;

5)ортақ ақпараттық ресурстарға, соның ішінде Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесіне қол жеткізу мүмкіндіктерін кеңейту;

6)трансшекаралық сенім кеңістігін құру және дамыту;

7)жеке және заңды тұлғаларға мемлекетаралық электронды қызметтер көрсету жүйелерін қалыптастыру және дамыту (электрондық түрдегі мемлекетаралық қызметтер көрсетумен байланысты мәселелер бойынша Одақ органдарының тиісті құқықтық актілерінің қабылдануы шартымен).

2.3. Интеграцияланған жүйенің міндеттері

2.3.1. Интеграцияланған жүйе шеңберінде іске асырылатын міндеттерге мыналар жатады:

1) Одақ шеңберінде жалпы процестерді іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылдың ауқымды функционалдық және технологиялық мүмкіндіктерін қамтамасыз ету;

2) өзара іс-қимылға (электронды деректер алмасуға) қатысушылар санын, ақпараттың жылдамдығын, көлемдерін, алынуын, берілуін, сақталуын және өңделуін ұлғайту;

3) жалпы ақпараттық ресурстарды құру және дамыту, оларға қол жеткізудің мүмкіндіктерін, қажетті әдістерін, тәсілдері мен технологияларын іске асыру және кеңейту;

4) сыныптау мен кодтаудың біріздендірілген жүйесінің негізінде қалыптастырылған Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесін құру, жүргізу, тарату жөніндегі мүмкіндіктер мен функцияларды кеңейту;

5) Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерге (осындай халықаралық шарттар мен актілердің жобаларына) қолжетімділікті қамтамасыз ету;

6) мүше мемлекеттердің (кейіннен үшінші елдердің) жеке тұлғалары мен шаруашылық жүргізуші субъектілері, уәкілетті органдары, басқа сыртқы ақпараттық жүйелер мен цифрлық платформалар үшін Одақ құқығына және Одақ органдарының шешімдерімен айқындалған қол жеткізу шарттарына сәйкес сервистер мен ортақ ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету;

7) ақпаратты электрондық түрде құжаттаудың жалпы инфрақұрылымын құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

8) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын жалпы процестерді іске асыру кезінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету;

9) мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жасау кезінде ақпараттың қорғалуын қамтамасыз ету;

10) Одақ органдарының қызметін ақпараттық қолдау.

2.3.2. Интеграцияланған жүйе шеңберінде міндеттерді жүзеге асыру кезінде интеграцияланған жүйені құру кезінде әзірленген инфрақұрылымдық, технологиялық және ақпараттық-бағдарламалық шешімдер пайдаланылуға тиіс. Бұл ретте мүше мемлекеттердің қазіргі уақытта қолданылатын интеграциялық шлюздерді пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында интеграцияланған жүйенің интеграциялық платформасын дамыту кезінде кері үйлесімділік принципі сақталуға тиіс.

3. Автоматтандыру объектілерінің сипаттамасы

3.1. Автоматтандыру объектілері туралы қысқаша мәліметтер

3.1.1. Интеграцияланған жүйені дамыту кезінде мыналар автоматтандыру объектілері болып табылады:

1) Комиссия;

2) ұлттық сегменттердің интеграциялық шлюздерінің уәкілетті операторлары;

3) мүше мемлекеттердің сенім білдірілген үшінші тарапының (бұдан әрі – СБҮТ) уәкілетті операторлары;

4) жалпы процестерді іске асыруға қатысатын уәкілетті органдар.

3.1.2. Осы техникалық тапсырманың 2.1.2-тармағында көрсетілген бағыттар бойынша Одақтың қызметін реттеуге байланысты процестер автоматтандыру нысанасы болып табылады.

3.1.3. Интеграцияланған жүйенің құрамына Комиссияның интеграциялық сегменті мен мынадай ұлттық сегменттер кіреді:

- 1) Армения Республикасының ұлттық сегменті;
- 2) Беларусь Республикасының ұлттық сегменті;
- 3) Қазақстан Республикасының ұлттық сегменті;
- 4) Қырғыз Республикасының ұлттық сегменті;
- 5) Ресей Федерациясының ұлттық сегменті.

3.1.4. Интеграцияланған жүйе мүше мемлекеттермен алдын ала келісілген, уәкілетті органдар пайдаланатын және әзірлеп жатқан ақпараттық жүйелерді басым түрде үйлестіруге бағытталған принциптер ескеріле отырып құрылды. Мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимылды талап ететін міндеттердің басым бөлігі бойынша мүше мемлекеттердің әрқайсысында тәжірибе жинақталып, ұлттық заңнаманың ерекшелігін ескеретін тиісті бағдарламалық-техникалық шешімдер құрылған және пайдаланылуда. Мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттерінде жалпы процестерді келісілген түрде енгізуді қамтамасыз ету үшін жалпы процеске қатысушылардың ақпараттық жүйелерін пысықтауды (құруды) қамтамасыз ету, оларды ұлттық сегменттерге қосу және ақпараттық өзара іс-қимылды мемлекетаралық тестілеуді жүргізу қажет. Ұлттық сегменттердің ағымдағы жай-күйінің сипаты осы техникалық тапсырманың 3.2-тармақшасында келтірілген.

3.1.5. Комиссияның интеграциялық сегментінің ағымдағы жай-күйінің сипаты осы техникалық тапсырманың 3.3-тармақшасында келтірілген.

3.2. Ұлттық сегменттердің ағымдағы жай-күйінің сипаты

3.2.1. Армения Республикасының ұлттық сегментінің ағымдағы жай-күйінің сипаттамасы

Армения Республикасының ұлттық сегменті Армения Республикасының уәкілетті органы мен басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді. Осы ақпараттық өзара іс-қимыл интеграцияланған жүйе инфрақұрылымын, сондай-ақ Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Ресей Федерациясының уәкілетті органдарының жұмыс істеп тұрған деректер беру жүйесін пайдалана отырып іске асырылады.

Армения Республикасы Үкіметінің Аппараты Армения Республикасының ұлттық сегментіне тапсырыс беруші болып табылады. "EKENG" ЖАҚ интеграциялық шлюздің және сенім білдірілген үшінші тараптың операторы болып айқындалған.

Армения Республикасының ұлттық сегментінің интеграциялық шлюзі мен СБҮТ сервистері Комиссияның интеграциялық сегментінің құрамында әзірленген типтік интеграциялық шлюзді бағдарламалық қамтамасыз ету негізінде іске асырылған.

Армения Республикасының ұлттық сегментінің интеграциялық шлюзі Армения Республикасының кеден қызметі мен мүше мемлекеттердің кеден органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру үшін пайдаланылады.

Армения Республикасы ұлттық сегментінің интеграциялық шлюзінің Армения Республикасы кеден қызметінің ақпараттық жүйесімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін мамандандырылған адаптер пайдаланылады.

3.2.2. Беларусь Республикасы ұлттық сегментінің ағымдағы жай-күйінің сипаттамасы

Беларусь Республикасының ұлттық сегментінің интеграциялық шлюзі мен СБҮТ сервистері Комиссияның интеграциялық сегментінің құрамында әзірленген типтік интеграциялық шлюзді бағдарламалық қамтамасыз ету негізінде іске асырылған.

Беларусь Республикасының Байланыс және ақпараттандыру министрлігі Беларусь Республикасының ұлттық сегментін құру, дамыту және пайдалану жөніндегі жұмыстарға тапсырыс беруші және оны ұйымдастырушы функцияларын жүзеге асырады. Мемлекетаралық өзара іс-қимыл кезінде электрондық құжаттардың төлнұсқалылығын тану бойынша сенім білдірілген үшінші тараптың ұлттық операторының, Беларусь Республикасының ұлттық сегментінің интеграциялық шлюзінің уәкілетті операторының функцияларын "Ұлттық электрондық қызметтер көрсету орталығы" республикалық унитарлық кәсіпорны жүзеге асырады (Беларусь Республикасы Президентінің 2011 жылғы 8 қарашадағы № 515 Жарлығы).

Цифрлық экономиканы және ақпараттық қоғамды дамытудың 2016 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің ұлттық сегментін құру жөніндегі іс-шаралар іске асырылуда. Іс-шараның бірінші кезеңінде Интеграцияланған жүйенің ұлттық сегментін құруға арналған техникалық тапсырма әзірленіп, бекітілді. "Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің ұлттық сегментін құру" іс-шарасы бойынша жұмыстарды аяқтау мерзімі Цифрлық экономиканы және ақпараттық қоғамды дамытудың 2016 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында 2018 жылғы желтоқсан болып белгіленген.

3.2.3. Қазақстан Республикасы ұлттық сегментінің ағымдағы жай-күйінің сипаттамасы

Қазақстан Республикасының ұлттық сегменті функционалдық тұрғыдан мынадай компоненттерді қамтиды:

1) Қазақстан Республикасының ұлттық сегментінің интеграциялық шлюзі;

2) Қазақстан Республикасының СБҮТ.

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының ұлттық сегментіне тапсырыс беруші болып табылады.

Қазақстан Республикасының ұлттық сегментінің интеграциялық шлюзі (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының ұлттық шлюзі) мен СБҮТ сервистерін Қазақстан Республикасы өзі әзірлеген.

Қазақстан Республикасының ұлттық шлюзінің құрамында, соның ішінде мынадай кіші жүйелер жұмыс істейді:

1) Комиссия мен Одаққа мүше мемлекеттер ведомстволарының ақпараттық жүйелері арасындағы хабарларды (сұратуларды, жауаптарды, өзге де қызметтік хабарлар мен құжаттарды) қабылдаудың, өңдеудің және маршруттаудың кіші жүйесі;

2) берілетін және сақталатын деректерге санкциясыз қол жеткізуден, оларды өзгертуден, жоюдан және бұғаттаудан қорғауға арналған қауіпсіздік кіші жүйесі;

3) Қазақстан Республикасының ұлттық шлюзі көлік ортасының рөлін атқаратын уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелері арасында ақпарат алмасу процестерінің жай-күйін мониторингтеуге арналған мониторинг кіші жүйесі;

4) Одақ шеңберінде мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимылы кезінде хабарлардың форматтарына, сервистерге және нормативтік-анықтамалық ақпаратты пайдалануға қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз етуге арналған өзара іс-қимыл интерфейстерінің кіші жүйесі.

Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелердің Қазақстан Республикасының ұлттық шлюзімен интеграциясы "электронды үкімет" шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының ұлттық шлюзі мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттерінің шлюздерімен, Комиссияның интеграцияланған шлюзімен интеграцияланған және штаттық режимде жұмыс істейді.

3.2.4. Қырғыз Республикасының ұлттық сегментінің ағымдағы жай-күйінің сипаттамасы

Қырғыз Республикасының ұлттық сегментінің интеграциялық шлюзі Комиссияның интеграциялық сегментінің құрамында әзірленген типтік интеграциялық шлюзді бағдарламалық қамтамасыз ету негізінде іске асырылған.

Қырғыз Республикасының Мемлекеттік ақпараттық технологиялар және байланыс комитеті Қырғыз Республикасының ұлттық сегментіне тапсырыс беруші болып табылады. Қырғыз Республикасының Мемлекеттік ақпараттық технологиялар және

байланыс комитетінің жанындағы "Транском" мемлекеттік мекемесі Қырғыз Республикасының ұлттық сегментінің интеграциялық шлюзінің және сенім білдірілген үшінші тарапының операторы болып айқындалған.

Қырғыз Республикасының ұлттық сегментінің интеграциялық шлюзі Қырғыз Республикасының мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарымен және Комиссиямен ақпараттық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

3.2.5. Ресей Федерациясы ұлттық сегментінің ағымдағы жай-күйінің сипаттамасы

Ресей Федерациясының ұлттық сегменті функционалдық тұрғыдан мынадай компоненттерді қамтиды:

- 1) ведомствоаралық электрондық өзара іс-қимыл жасау жүйесі;
- 2) Ресей Федерациясы ұлттық сегментінің интеграциялық шлюзі;
- 3) Ресей Федерациясының СБҮТ сервистері.

Ресей Федерациясы ұлттық сегментінің құрамына Ресей Федерациясы Үкіметінің қаулыларына және/немесе өкімдеріне сәйкес басқа да компоненттер кіруі мүмкін.

Ресей Федерациясының Цифрлық даму, байланыс және бұқаралық коммуникациялар министрлігі (бұдан әрі – Ресей Комбайланысмині) Ресей Федерациясының ұлттық сегментіне тапсырыс беруші, сондай-ақ Ресей Федерациясының ұлттық сегментінің интеграциялық шлюзінің және сенім білдірілген үшін тараптың операторы болып табылады.

Ведомствоаралық электрондық өзара іс-қимыл жасау жүйесі федералдық атқарушы билік органдарының, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың, Ресей Федерациясы субъектілерінің мемлекеттік атқарушы билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік және муниципалдық мекемелердің, көп функциялы орталықтардың, электрондық нысанда мемлекеттік және муниципалдық қызметтер көрсетуге тартылған өзге де органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелері арасында электрондық деректер алмасуды қамтамасыз етеді.

Ресей Федерациясы Үкіметінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 583-р өкімімен Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің Ресей Федерациясының ұлттық сегментін құру тұжырымдамасы (бұдан әрі осы тармақта – Тұжырымдама), сондай-ақ оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. Технологиялық тұрғыдан көрсетілген Тұжырымдаманы іске асыру мақсатында Ресей Комбайланысмині интеграцияланған жүйенің Ресей Федерациясының ұлттық сегментінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, интеграцияланған жүйенің Ресей Федерациясының ұлттық сегментін өрістетті, сондай-ақ оны ведомствоаралық электрондық өзара іс-қимыл жүйесімен (ВЭИЖ) және интеграцияланған жүйенің интеграциялық платформасымен интеграциялауды жүзеге асырды. 2017 жылғы 14 сәуірде "ЕАЭО ИАЖ Ресей Федерациясының ұлттық сегментінің интеграцияланған шлюзінің ақпараттық жүйесі" мемлекеттік ақпараттық жүйесінің ақпарат қауіпсіздігінің талаптарына Сәйкестік сертификаты берілді.

Ресей Комбайланысминінің 2017 жылғы 15 мамырдағы № 321 бұйрығына сәйкес интеграцияланған жүйенің Ресей Федерациясының ұлттық сегментінің интеграцияланған шлюзін тәжірибелік пайдалану қамтамасыз етілуде.

2017 жылы интеграцияланған жүйенің Еуразиялық экономикалық комиссияның интеграциялық сегментін типтік бағдарламалық қамтамасыз ету базасында сенім білдірілген үшінші тараптың ақпараттық жүйесі өрістетілді. Электрондық құжаттар алмасу кезінде Ресей Федерациясының СБҮТ функцияларын Ресей Федерациясының Цифрлық даму, байланыс және бұқаралық коммуникациялар министрлігі жүзеге асырады. 2017 жылы Ресей Комбайланысмині мыналарды әзірлеп, Ресей ФҚК-мен және Ресей ФЭБТҚ-мен келісті:

"ЕАЭО ИАЖ Ресей Федерациясының ұлттық сегментінің сенім білдірілген үшінші тарапының ақпараттық жүйесі" мемлекеттік ақпараттық жүйесінде өңделетін ақпараттың қауіпсіздігі қатерлерінің моделі;

"ЕАЭО ИАЖ Ресей Федерациясының ұлттық сегментінің сенім білдірілген үшінші тарапының ақпараттық жүйесі" мемлекеттік ақпараттық жүйесінде өңделетін ақпараттың қауіпсіздігін бұзушының моделі;

ЕАЭО ИАЖ Ресей Федерациясының ұлттық сегментінің сенім білдірілген үшінші тарапының ақпараттық жүйесін құруға техникалық тапсырма.

Көрсетілген материалдардың негізінде интеграцияланған жүйенің Ресей Федерациясының ұлттық сегментінің СБҮТ бағдарламалық қамтылымын әзірлеу қамтамасыз етіліп, оны дамыту жөніндегі жұмыстар, соның ішінде ақпараттың қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар 2018 – 2019 жылдарға жоспарланды.

3.3. Комиссияның интеграциялық сегментінің ағымдағы жай-күйінің сипаттамасы

3.3.1. Комиссияның интеграциялық сегменті мынадай компоненттерді қамтиды:

1) интеграцияланған жүйенің функционалдық кіші жүйелері:

Одақтың ақпараттық порталы;

ақпараттық-талдамалық кіші жүйе;

статистика кіші жүйесі;

жобалар мен бағдарламаларды басқару кіші жүйесі;

тәуекел дер салаларын талдаудың кіші жүйесі;

мамандандырылған құжат айналымының кіші жүйесі;

кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеудің кіші жүйесі;

техникалық реттеудің кіші жүйесі;

жалпы процестерді басқарудың кіші жүйесі;

2) интеграцияланған жүйенің қамтамасыз етуші кіші жүйелері:

интеграциялық платформа;

нормативтік-анықтамалық ақпаратты, тізілімдер мен тіркелімдерді жүргізудің кіші жүйесі;

ақпараттық қауіпсіздік кіші жүйесі;

мониторинг және басқару кіші жүйесі;

СБҮТ кіші жүйесі;

3) интеграцияланған жүйенің СБҮТ қызметінің куәландырушы орталығы;

4) Комиссияның куәландырушы орталығы.

3.3.2. Одақтың ақпараттық порталы жалпы процестерді іске асыру кезінде Одақ, оның органдары мен оның қызметі туралы ақпаратқа, сондай-ақ интеграцияланған жүйе құралдарымен қалыптастырылатын Одақтың ортақ ақпараттық ресурстарына, соның ішінде нормативтік-анықтамалық, нормативтік-құқықтық, статистикалық және талдамалық ақпаратқа әрқилы санаттағы пайдаланушылардың регламенттелген қол жеткізуін қамтамасыз етуге арналған.

3.3.3. Ақпараттық-талдамалық кіші жүйе әрқилы көздерден деректер жинауға және оларды талдап өңдеуге, модельдеуге, болжауға және Одақтың даму бағыттарын сипаттайтын базалық көрсеткіштерді бағалауға және шоғырланған ақпаратты қалыптастыру және талдау, талдамалық есептік нысандар мен жарияланымдарды дайындау негізінде мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының негізгі бағдарларын іске асыруға бағыттарын іске асыруға арналған.

3.3.4. Статистика кіші жүйесі Одақтың ресми статистикалық ақпаратын қалыптастыру және оны тарату мақсатында статистика саласындағы уәкілетті органдардан келіп түсетін статистикалық деректерді жинауға, оларды сақтауға және өңдеуге арналған.

3.3.5. Жобалар мен бағдарламаларды басқару кіші жүйесі Комиссия шешімдерінің, өзге де жобалардың, бағдарламалардың және іс-шаралар жоспарларының іске асырылуын есепке алуға және мониторингтеуге арналған.

3.3.6. Тәуекелдер салаларын талдаудың кіші жүйесі сәйкестендіру процестерін автоматтандыруға, тәуекел салаларын талдауға және өңдеуге, Одақтың жұмыс істеуі мен дамуына әсерін тигізуі мүмкін сыртқы факторларды қадағалау және оларға ден қоюды қамтамасыз ету бөлігінде әлеуетті тәуекел салаларын айқындауға, Комиссия шешімдерінің Одақтың жұмыс істеуі мен дамуына ойластырылмаған әсер ету тәуекелін азайтуға арналған.

3.3.7. Мамандандырылған құжат айналымының кіші жүйесі арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы тұрғысынан тергеп-тексеру жүргізу процесін автоматты түрде қолдауға және осы процесс шеңберінде Комиссияда жүзеге асырылатын құжат айналымын автоматтандыруға арналған.

3.3.8. Кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеудің кіші жүйесі ЕАЭО СЭҚ ТН, ЕАЭО БКТ мен оларға қосалқы ақпараттық (анықтамалық) материалдарды, сондай-ақ кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларының тізбесін электронды түрде қалыптастыру, жүргізу мен пайдалану процестерін автоматты түрде қолдауға арналған.

3.3.9. Техникалық реттеудің кіші жүйесі Одақтың техникалық регламенттерін (Кеден одағының техникалық регламенттерін) әзірледі, Одақтың техникалық

регламенттерін (Кеден одағының техникалық регламенттерін) іске асыру үшін қажетті мемлекетаралық стандарттардың тізбелерін қалыптастыру мен жаңартуды, мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу бағдарламаларын қалыптастыру мен жаңартуды қоса алғанда, техникалық реттеу саласындағы процестерді ақпараттық қолдауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ техникалық реттеу саласындағы өзге де ақпараттық материалдарды сақтау мен басқаруға арналған.

3.3.10. Жалпы процестерді басқарудың кіші жүйесі Комиссияның интеграциялық сегментінің шеңберінде жалпы процестердің іске асырылуын қамтамасыз етуге арналған.

3.3.11. Интеграцияланған жүйенің интеграциялық платформасы жалпы процестерді іске асыру шеңберінде уәкілетті органдардың, уәкілетті органдар мен Комиссияның ақпараттық жүйелері арасында электронды деректер алмасуды қолдауға, сондай-ақ осындай ақпараттық жүйелер құралдарының ортақ ақпараттық ресурстарға қол жеткізуін қамтамасыз етуге арналған.

3.3.12. Нормативтік-анықтамалық ақпаратты, тізілімдер мен тіркелімдерді жүргізудің кіші жүйесі Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратын, сыныптауыштарды және жалпы процестерді іске асыру кезінде пайдаланылатын басқа да ақпаратты қамтитын дерекқорларды жүргізуді қамтамасыз етуге, интеграциялық платформаның құралдарымен Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратын мүше мемлекеттерге беруге, сондай-ақ мұндай ақпаратты Одақтың ақпараттық порталының құралдары арқылы мүдделі тұлғалар мен уәкілетті органдар арасында таратуға арналған.

3.3.13. Ақпараттық қауіпсіздік кіші жүйесі Комиссияның интеграциялық сегментінде деректерді өңдеу және сақтау кезінде, сондай-ақ ұлттық сегменттермен өзара іс-қимыл жасап байланыс арналары арқылы оларды беру кезінде деректердің құпиялылығын, тұтастығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге арналған.

3.3.14. Мониторинг және басқару кіші жүйесі Комиссияның интеграциялық сегментінің компоненттерін мониторингтеу және жедел басқару функцияларын жүзеге асыруға арналған.

3.3.15. СБҮТ кіші жүйесі трансшекаралық электрондық құжаттар алмасу кезінде сенім кепілдігін қамтамасыз етуге арналған.

3.3.16. СБҮТ қызметінің куәландырушы орталығы ЭЦҚ тексеру кілттерін басқарудың интеграцияланған жүйенің СБҮТ қызметінің шеңберінде мүше мемлекеттердің СБҮТ пен Комиссия СБҮТ сервистерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін иерархиялық жүйесін құруға арналған.

3.3.17. Комиссияның куәландырушы орталығы электронды құжаттарға қол қою үшін Комиссияның Алқа мүшелерін, Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерін ЭЦҚ кілттерінің сертификаттарымен қамтамасыз етуге арналған.

3.3.18. Интеграциялық жүйенің құрамындағы кіші жүйелердің қолданыстағыларын және жаңаларын құрудың алғышарттары

Кіші жүйенің және интеграцияланған жүйе құру кезінде іске асырылған компоненттердің жиынтығы интеграцияланған жүйенің алдына қойылатын жаңа міндеттерді, соның ішінде:

1) Одақтың цифрлық күн тәртібін іске асыру үшін, соның ішінде цифрлық бастамаларды өңдегенде пилоттық жобаларды жүргізу кезінде интеграцияланған жүйе компоненттерін пайдалану қажеттігін;

2) жалпы процестерді әзірлеу, тестілеу және іске қосу мерзімдерін қысқарту қажеттігін;

3) интеграцияланған жүйенің инфрақұрылымдық компоненттерін дамыту қажеттігін, интеграцияланған жүйенің ресурстарын пайдалануды басқару тиімділігін арттыруды;

4) жеке тұлғалар мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің интеграцияланған жүйенің ақпараттық ресурстарына және жинақталатын деректерге регламенттелген қол жеткізуінің механизмдерін дамыту қажеттігін тиімді шешуді қамтамасыз етпейді.

3.4. Функционалдық мүмкіндіктерді дамытудың негізгі бағыттары

3.4.1. Интеграцияланған жүйені дамытудың негізгі бағыттары Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 100 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамытудың 2025 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиясының және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2017 жылғы 11 қазандағы № 12 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың цифрлық күн тәртібін іске асырудың 2025 жылға дейінгі негізгі бағыттарының ережелерімен негізделген.

3.4.2. Интеграцияланған жүйені дамыту интеграцияланған жүйенің функционалдық және функционалдық емес мүмкіндіктерін кеңейту, функционалдық және қамтамасыз етуші кіші жүйелер мен компоненттердің құрамын нақтылау негізінде оны құруға арналған техникалық тапсырмаға қатысты жүзеге асырылуға тиіс.

3.4.3. Мыналар интеграцияланған жүйені дамытудың негізгі факторлары болып табылады:

1) Одақтың цифрлық күн тәртібін іске асыру үшін интеграцияланған жүйе компоненттерін пайдалану мүмкіндіктерін қамтамасыз ету;

2) Одақ құқығын дамытуға байланысты интеграцияланған жүйенің міндеттерін кеңейту;

3) интеграцияланған жүйе технологияларының негізінде және оларды қолдана отырып, цифрлық қадағалау жүйесін құру қажеттігі;

4) интеграцияланған жүйені пайдаланушыларды, соның ішінде интеграцияланған жүйе шеңберінде электронды деректер алмасу процестеріне қатысушыларды тіркеу мен сәйкестендіру міндеттерін шешу қажеттігі;

5) Одақ шеңберінде қолданыстағы және жаңа жалпы процестерді іске асыруды, дамытуды және олардың жұмыс істеуін қолдауды қамтамасыз ету қажеттігі;

6) трансшекаралық сенім кеңістігін дамыту стратегиясына сәйкес жеке тұлғаларды электронды өзара іс-қимыл жасау процесіне барынша тарту үшін мемлекетаралық электронды нотариат институты мен басқа да мемлекетаралық электронды қызметтер көрсету сервистерін қалыптастыру қажеттігі (трансшекаралық сенім кеңістігін құқықтық, техникалық және ұйымдық қамтамасыз етуді қалыптастыруға қатысты мүше мемлекеттердің бірлескен тәсілдерін келісу шартымен және ақпаратты қорғау саласындағы келісілген талаптарды мүше мемлекеттердің біртіндеп орындауының негізінде);

7) Одақ құқығына сәйкес интеграцияланған жүйенің құралдарымен интеграциялануды қамтамасыз етуді талап ететін мүше мемлекеттердің ақпараттық ресурстарының санын ұлғайту;

8) Одақ шеңберінде нормативтік-анықтамалық, нормативтік-құқықтық, статистикалық және талдамалық ақпараттың талап етілуін ұлғайту және соның нәтижесі ретінде интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерінде сақталып, өңделетін ақпараттың құрамы мен көлемін кеңейту;

9) жаңа жалпы процестерді іске асырудың жеделдігін арттыру үшін, сондай-ақ ақпараттық өзара іс-қимылға жаңа қатысушыларды интеграцияланған жүйеге қосу кезінде шығындарды азайту үшін жалпы процестерді жобалау және іске асыру бойынша типтік шешімдер құру қажеттігі;

10) электрондық өзара іс-қимылдың кез келген субъектісіне өз өкілеттіктерінің (құқықтарының) шеңберінде әртүрлі құрылғылардан интеграцияланған жүйе технологияларын пайдалану арқылы іске асырылған ақпараттық ресурстарға, сервистерге, жалпы процестерге эксаумақтық, қорғалған, қауіпсіз қолжетімділік алу мүмкіндігін ұсыну қажеттігі;

11) мүмкіндіктерді кеңейту және трансшекаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету және электронды нысанда қызметтер көрсету қажеттігі;

12) жалпы процестер мен оларға қатысушылар туралы аумақтарға бөлінген деректерді қалыптастыру және бірлесіп пайдалану механизмдерін әзірлеу мен енгізу қажеттігі;

13) цифрлық платформалардың интеграцияланған жүйелерінің шеңберінен тыс әзірленетін интеграцияланған жүйе ресурстарына қосылу механизмдерін құру мен дамыту қажеттігі;

14) жалпы процестерді әзірлеу, тестілеу және іске қосу мерзімдерін қысқарту қажеттігі;

15) Одақтың цифрлық күн тәртібін іске асыру шеңберіндегі жобаларды іске асыру кезінде жүйе компоненттерін пилоттық жобаларды ұйымдастыру мен жүргізу үшін пайдалану қажеттігі;

16) интеграцияланған жүйенің инфрақұрылымдық компоненттерін дамыту қажеттігі , интеграцияланған жүйе ресурстарын басқару мен пайдалану тиімділігін арттыру;

17) жүйе функцияларына және жинақталатын деректерге (жалпы ақпараттық ресурстарға) жек тұлғалар мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің қол жеткізу механизмдерін дамыту қажеттігі.

3.4.4. Интеграциялық және шаруашылық процестердің цифрлық трансформациясы интеграцияланған жүйенің мына басымдықтарын негіздейді:

1) интеграцияланған жүйенің ақпараттық ресурстары мен сервистерін пайдалану негізінде цифрлық платформаларды құру және дамыту;

2) интеграцияланатын ақпараттық жүйелер мен мүше мемлекеттердің ақпараттық ресурстарының нормативтік, ұйымдық, семантикалық және техникалық үйлесу деңгейлерін қамтамасыз ету;

3) интеграцияланған жүйені пайдаланушылар мен оған қатысушылар санының бірнеше есе өсуі (ақпараттық өзара іс-қимылдың сыртқы жүйелерін қоса алғанда);

4) жалпы процестерді жобалау, іске асыру, мемлекетаралық тестілеу мен енгізу мерзімдерін қысқарту;

5) жүйе компоненттерін пилоттық жобаларды ұйымдастыру мен өткізу үшін пайдалану;

6) жалпы процестердің нәтижелілігі мен тиімділігін мониторингтеу мен бақылау технологияларын дамыту;

7) тауарларды, жүктерді, объектілер мен субъектілерді, соның ішінде Одақ шеңберінде цифрлық қадағалау міндеттерін шешу үшін электронды сәйкестендіру мүмкіндігін қамтамасыз ету;

8) интеграцияланған жүйенің базасында мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының және Комиссияның ақпараттық жүйелерін пайдалану арқылы сервистер мен мемлекетаралық қызметтерді электронды түрде көрсету жөніндегі цифрлық платформа құру (электронды түрде мемлекетаралық қызметтер көрсетуге байланысты мәселелер бойынша Одақ органдарының тиісті құқықтық актілерінің қабылдануы шартымен);

9) жалпы процестер тізбесі жаңартылған, ақпараттық өзара іс-қимыл регламенттері, электронды құжаттардың құрылымы мен форматына (электронды түрдегі мәліметтерге) қойылатын талаптар нақтыланған немесе өзгертілген кезде интеграцияланған жүйе компоненттерін бейімдеу;

10) уәкілетті органдардың, жалпы процеске басқа қатысушылардың, үшінші елдердің, халықаралық ұйымдар мен интеграциялық бірлестіктердің интеграцияланған жүйесін пайдалану арқылы ақпараттық өзара іс-қимылға қосылу рәсімдерін оңайлату;

11) тауарларды, жұмыстарды, қызметтер көрсетуді, капиталды, жұмыс күші мен ақпаратты еркін әрі тиімді тасымалдауды іске асыруға және қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін цифрлық сервистерді дамыту.

3.4.5. Осы техникалық тапсырма шеңберінде интеграцияланған жүйені функционалдық тұрғыдан дамыту кезінде көрсетілген міндеттерді іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында мынадай кіші жүйелер жобалануға, әзірленуге және енгізілуге тиіс:

- 1) цифрлық платформалар интеграциясының кіші жүйесі;
- 2) интеграциялық сегменттің сақтау қоймасы;
- 3) интеграцияланған жүйені пайдаланушыларды сәйкестендіру және аутентификациялау кіші жүйесі;
- 4) мемлекетаралық тестілеу кіші жүйесі;
- 5) цифрлық симулятор (ақпараттық-модельдеуші кешен);
- 6) инфрақұрылымдық платформа.

4. Жүйеге қойылатын талаптар

4.1. Жалпы жүйеге қойылатын талаптар

4.1.1. Жалпы талаптар

4.1.1.1. Интеграцияланған жүйені құру және дамыту кезінде мүше мемлекеттер мынадай принциптерге сүйенеді:

- 1) мүдделер ортақтығы және өзара пайда;
- 2) деректердің жалпы моделі негізінде интеграцияланған жүйе үшін ақпарат дайындаудың бірыңғай әдіснамалық тәсілдерін қолдану;
- 3) ақпараттың қолжетімділігі, анықтығы және толықтығы;
- 4) ақпарат ұсынудың уақтылығы;
- 5) заманауи ақпараттық технологиялар деңгейіне сәйкестік;
- 6) уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграция;
- 7) мүше мемлекеттердің ортақ ақпараттық ресурстарға тең қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- 8) ақпаратты ұсынған мүше мемлекетке залал келтірмей, ұсынылған ақпаратты мәлімделген мақсаттарда ғана пайдалану;
- 9) ақпараттың қауіпсіздігі және оны мәлімделген мақсаттарға сәйкес пайдалану жөніндегі талаптардың сақталуын ескере отырып, әртүрлі санаттағы пайдаланушылар үшін интеграцияланған жүйенің ашықтығы;
- 10) интеграцияланған жүйені пайдалана отырып, уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды өтеусіз негізде жүзеге асыру.

4.1.1.2. Интеграцияланған жүйені дамыту кезінде мынадай талаптар сақталуға тиіс:

- 1) интеграцияланған жүйе уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерін алмастырмауға тиіс;
- 2) интеграцияланған жүйе уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелеріндегі ақпараттың қорғалуын қамтамасыз ету құралдарына өзгерістер енгізуді мүше мемлекеттерден талап етпеуге тиіс;

3) интеграцияланған жүйеде ортақ ақпараттық ресурстарға регламенттелген қол жеткізу ұйымдастырылуға тиіс;

4) интеграцияланған жүйенің архитектурасы сыртқы ақпараттық жүйелермен ақпараттық өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін көздеуге тиіс;

5) интеграцияланған жүйе Комиссия Кеңесі бекітетін құжаттау қағидалары мен талаптары бойынша ресімделген және заңдық күші жағынан қол қоюмен не қол қоюмен және мөрмен куәландырылған қағаз жеткізгіштегі ұқсас құжаттарға тең деп танылатын электрондық құжаттармен алмасу мүмкіндігін беруге тиіс.

4.1.1.3. Интеграцияланған жүйені дамыту кезінде оны құру барысында алынған жұмыс нәтижелері ескерілуге тиіс.

4.1.1.4. Интеграцияланған жүйені дамыту кезінде интеграцияланған жүйенің кіші жүйелері мен компоненттерін олардың функционалдық мүмкіндіктерін, сақталатын және өңделетін деректердің көлемін кеңейту, ақпараттық өзара іс-қимылға жаңа қатысушыларды қосу бөлігінде дамыту көзделуге тиіс. Жаңа міндеттерді шешу үшін қолданылатын технологияларды өзгертуге (нақтылауға), сондай-ақ жаңа кіші жүйелер мен компоненттерді құруға жол беріледі.

4.1.1.5. Интеграцияланған жүйені дамыту кезінде Комиссия мен мүше мемлекеттер ақпараттық қорғау саласындағы стандарттар мен өзге техникалық нормативтік актілерден басқа, халықаралық және мемлекетаралық стандарттар мен ұсынымдарды басшылыққа алуға тиіс.

4.1.1.6. Интеграцияланған жүйені дамыту интеграцияланған жүйе шеңберінде алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін қажетті перспективалы әрі сындарлы технологиялар жинағын айқындау мен қолдануға да, ақпараттық ресурстарды пайдалану негізінде мүдделі тұлғалардың (бизнес-қоғамдастықтың, мүше мемлекеттердегі ақпараттық жүйелерді әзірлеушілердің) цифрлық платформалар мен сервистерді іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге де негізделуге тиіс.

4.1.2. Жүйенің құрылымына қойылатын талаптар

4.1.2.1. Кіші жүйелердің тізбесі, олардың мақсаты мен негізгі сипаттамалары

4.1.2.1.1. Интеграцияланған жүйе Комиссияның интеграциялық сегменті мен ұлттық сегменттердің қорғалған деректер беру арналарымен біріктірілген жиынтығын білдіруге тиіс.

4.1.2.1.2. Интеграцияланған жүйе сегменттерінің арасындағы өзара іс-қимыл интеграцияланған жүйе сегменттерінің әрқайсысының құрамына кіретін интеграциялық шлюздерді қамтитын бірыңғай интеграциялық платформаны пайдалану есебінен қамтамасыз етілуге тиіс.

4.1.2.1.3. Интеграцияланған жүйе Комиссияның интеграциялық сегментінде іске асырылатын функционалдық және қамтамасыз етуші кіші жүйелерді қамтуға тиіс.

4.1.2.1.4. Интеграцияланған жүйенің функционалдық кіші жүйелері әртүрлі санаттағы пайдаланушыларға (Одақ органдарының лауазымды адамдары мен

қызметкерлеріне, мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының қызметкерлеріне, шаруашылық жүргізуші субъектілерге, жеке тұлғалар мен басқа да мүдделі тұлғаларға) ортақ ақпараттық ресурстар мен сервистерге регламенттелген қолжетімділік беруге тиіс.

4.1.2.1.5. Интеграцияланған жүйенің қамтамасыз етуші кіші жүйелері интеграцияланған жүйенің сегменттері мен сыртқы ақпараттық жүйелер арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге, ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етуге, электрондық түрдегі ақпаратты құжаттау инфрақұрылымын іске асыруға, жүйенің жұмыс істеуі мен жалпы процестерді іске асыру үшін қажетті нормативтік-анықтамалық ақпаратты жүргізуге, интеграцияланған жүйенің жұмыс істеуін техникалық қамтамасыз етуге арналған.

4.1.2.1.6. Комиссияның интеграциялық сегменті мынадай кіші жүйелерді қамтуға тиіс:

1) функционалдық кіші жүйелер:

Одақтың ақпараттық порталы;
ақпараттық-талдамалық кіші жүйе;
статистика кіші жүйесі;
кедергілер мен тосқауылдарды талдау кіші жүйесі;
кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу кіші жүйесі;
техникалық реттеу кіші жүйесі;
жалпы процестерді басқару кіші жүйесі;
мемлекетаралық тестілеу кіші жүйесі;
цифрлық симулятор (ақпараттық-модельдеуші кешен);

2) қамтамасыз етуші кіші жүйелер:

интеграциялық платформа;

нормативтік-анықтамалық ақпаратты, тізілімдер мен тіркелімдерді жүргізу кіші жүйесі;

ақпараттық қауіпсіздік кіші жүйесі;

Комиссия СБҮТ кіші жүйесі;

инфрақұрылымдық платформа;

интеграциялық сегменттің сақтау қоймасы;

интеграцияланған жүйені пайдаланушыларды сәйкестендіру және аутентификациялау кіші жүйесі;

сыртқы экономикалық қызмет субъектілерін сәйкестендіру кіші жүйесі;

цифрлық платформаларды интеграциялау кіші жүйесі;

интеграцияланған жүйенің СБҮТ қызметінің куәландырушы орталығы;

Комиссияның куәландырушы орталығы.

4.1.2.1.7. Осы техникалық тапсырманы іске асыру шеңберінде бұдан бұрын интеграцияланған жүйе құрамында әзірленген мынадай кіші жүйелер интеграцияланған

жүйенің құрамынан Комиссияның ақпараттық жүйелерінің құрамына қосу үшін берілуге тиіс:

жобалар мен бағдарламаларды басқару кіші жүйесі;

мамандандырылған құжат айналымы кіші жүйесі;

Одақтың ресми сайты, Комиссияның ресми сайты, Комиссияның ішкі ақпараттық порталы (Одақтың ақпараттық порталының құрамынан).

4.1.2.1.8. Бұрын интеграцияланған жүйенің құрамында әзірленген мониторинг және басқару кіші жүйесі инфрақұрылымдық платформаның құрамына енгізілуге тиіс.

4.1.2.1.9. Ұлттық сегменттер функционалдық тұрғыдан мынадай компоненттерді қамтуға тиіс:

1) ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жасау жүйесі – уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерінің интеграциялық платформаға мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қосылуын, сондай-ақ ұлттық сегмент шеңберінде уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерінің интеграциясын қамтамасыз етуге тиіс;

2) ұлттық сегменттің СБҮТ кіші жүйесі – электрондық құжаттармен трансшекаралық алмасу кезінде сенім кепілдігін қамтамасыз ететін, соның ішінде заңдық күші жағынан Комиссия Кеңесі бекітетін құжаттау қағидалары мен талаптары бойынша ресімделген және қол қоюмен не қол қоюмен және мөрмен куәландырылған қағаз жеткізгіштегі ұқсас құжаттарға тең деп танылатын электрондық құжаттармен алмасуды қамтамасыз етуге арналған функциялар жиынын орындауға тиіс. Ұлттық сегменттің СБҮТ сервистерінің тізбесі осы техникалық тапсырманың талаптарына сәйкес интеграцияланған жүйені іске асыру процесінде белгіленеді;

3) мониторинг және басқару кіші жүйесі – ұлттық сегменттің интеграциялық шлюзі мен осы тармақтың 2-тармақшасында көрсетілген кіші жүйенің жұмыс істеуін бақылауды қамтамасыз етуге тиіс;

4) ұлттық сегментті қорғаудың кіші жүйесі – деректерді ұлттық сегментте өңдеу және сақтау кезінде, сондай-ақ Комиссияның интеграциялық сегментімен және басқа мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттерімен өзара іс-қимыл жасау кезінде байланыс арналары арқылы деректер беру кезінде олардың құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз етуге тиіс. Ұлттық сегментте ақпараттың құпиялылығын, тұтастығын, қолжетімділігін және сақталуын қамтамасыз ету үшін тиісті мүше мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес ақпаратты қорғаудың құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралары кешені қабылданады және іске асырылады.

4.1.2.1.10. Ұлттық сегменттер компоненттерінің құрамы мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерін ескере отырып нақтылануы мүмкін.

4.1.2.1.11. Функционалдық тұрғыдан ұлттық сегменттің құрамына кірмейтін уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелері мүше мемлекет аумағында жалпы

процестердің іске асырылуын қамтамасыз етуге тиіс. Егер жалпы процестерді іске асыру үшін қажетті функционалдылықты уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелері қолдамайтын болса және пысықтаулар көлемі мейлінше ауқымды болса, Комиссияның интеграциялық сегменті шеңберінде іске асырылатын және интеграцияланған жүйенің жалпы процестерді басқару кіші жүйесі беретін типтік шешімдер (базалық іске асыру компоненттері) пайдаланылуы мүмкін.

4.1.2.1.10. Интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерінің тізбесі осы техникалық тапсырманы іске асыру кезеңінде нақтылануы мүмкін.

4.1.3. Жаңа кіші жүйелерді құруға қойылатын талаптар

4.1.3.1. Мемлекетаралық тестілеу кіші жүйесі

4.1.3.1.1. Мемлекетаралық тестілеу кіші жүйесі интеграцияланған жүйені пайдалана отырып, Одақ шеңберіндегі жалпы процестерді іске асыру және іске қосу кезінде ақпараттық өзара іс-қимыл жасауға қатысушылардың ақпараттық жүйелерін дұрыстау мен тестілеуді жүргізуді қамтамасыз етуге арналған.

4.1.3.1.2. Мемлекетаралық тестілеу кіші жүйесі интеграцияланған жүйе құруға арналған техникалық тапсырманы іске асыру шеңберінде әзірленген кіші жүйелерге қатысты интеграцияланған жүйенің жаңа кіші жүйесі болып табылады.

4.1.3.1.3. Интеграцияланған жүйенің мемлекетаралық тестілеу кіші жүйесі жалпы процестерді басқару кіші жүйесі мен Одақтың ақпараттық порталы шеңберінде интеграцияланған жүйе құруға арналған техникалық тапсырманы іске асыру шеңберінде әзірленген ақпараттық-бағдарламалық шешімдер негізінде құрылуға тиіс.

4.1.3.2. Цифрлық симулятор (ақпараттық-модельдеуші кешен)

4.1.3.2.1. Цифрлық симулятор интеграцияланған жүйенің ақпараттық-модельдеуші кешенінің функцияларын орындауға тиіс әрі пилоттық жобаларды жүргізу және жаңа интеграциялық жобаларды пысықтау үшін интеграцияланған жүйе компоненттерінің эксперименттік конфигурацияларын қалыптастыру мен пайдалануға арналған. Цифрлық симуляторды пайдалану арқылы эксперименттік процестер (пилоттық жобалар) мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттерінің инфрақұрылымын жұмылдырмай-ақ пысықталып, сынақтан өткізілуге тиіс.

4.1.3.2.2. Цифрлық симулятор интеграцияланған жүйе құруға арналған техникалық тапсырманы іске асыру шеңберінде әзірленген кіші жүйелерге қатысты интеграцияланған жүйенің жаңа кіші жүйесі болып табылады.

4.1.3.2.3. Цифрлық симулятор интеграцияланған жүйенің басқа кіші жүйелерін іске асыру кезінде пайдаланылатын ақпараттық-бағдарламалық шешімдер ескеріле отырып құрылуға тиіс.

4.1.3.3. Инфрақұрылымдық платформа

4.1.3.3.1. Инфрақұрылымдық платформа интеграцияланған жүйенің интеграциялық сегментінің инфрақұрылымдық компоненттерінің жұмыс істеуін қолдауға және оларды басқаруға арналған.

4.1.3.3.2. Инфрақұрылымдық платформа интеграцияланған жүйе құруға арналған техникалық тапсырманы іске асыру шеңберінде әзірленген кіші жүйелерге қатысты интеграцияланған жүйенің жаңа кіші жүйесі болып табылады.

4.1.3.3.3. Инфрақұрылымдық платформа мониторинг және басқару кіші жүйесін іске асыру кезінде әзірленген ақпараттық-бағдарламалық шешімдерді дамыту негізінде құрылуға тиіс.

4.1.3.4. Интеграциялық сегменттің сақтау қоймасы

4.1.3.4.1. Интеграциялық сегменттің сақтау қоймасы (интеграциялық сегмент деректерін сақтау және өңдеу кіші жүйесі) жалпы процестерді іске асыру, кіші жүйелердің жұмыс істеуі кезінде жинақталған деректерді, соның ішінде статистикалық деректерді, интеграцияланған жүйенің Комиссияның интеграциялық сегментінде өңделетін және сақталуға тиіс басқа да деректер мен мәліметтерді алуға, өңдеуге, сақтауға және беруге арналған.

4.1.3.4.2. Интеграциялық сегменттің сақтау қоймасы интеграцияланған жүйе құруға арналған техникалық тапсырманы іске асыру шеңберінде әзірленген кіші жүйелерге қатысты интеграцияланған жүйенің жаңа кіші жүйесі болып табылады.

4.1.3.4.3. Сақтау қоймасы жалпы процестерді басқару кіші жүйесін іске асыру кезінде әзірленген ақпараттық-бағдарламалық шешімдер негізінде де құрылуға тиіс.

4.1.3.5. Интеграцияланған жүйені пайдаланушыларды сәйкестендіру және аутентификациялау кіші жүйесі

4.1.3.5.1. Интеграцияланған жүйені пайдаланушыларды сәйкестендіру және аутентификациялау кіші жүйесі интеграцияланған жүйені пайдалана отырып ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде субъектілерді (пайдаланушыларды, пайдаланушы персоналды, жалпы процеске қатысушыларды және т.б.) және жүйелерді тіркеудің, сәйкестендіру мен цифрлық авторландырудың бірыңғай механизмін іске сыруға арналған.

4.1.3.5.2. Интеграцияланған жүйені пайдаланушыларды сәйкестендіру және аутентификациялау кіші жүйесі интеграцияланған жүйе құруға арналған техникалық тапсырманы іске асыру шеңберінде әзірленген кіші жүйелерге қатысты интеграцияланған жүйенің жаңа кіші жүйесі болып табылады.

4.1.3.6. Цифрлық платформалар интеграциясы кіші жүйесі

4.1.3.6.1. Цифрлық платформалар интеграциясы кіші жүйесі сервистерді, деректерді (ортақ ақпараттық ресурстарды) цифрлық платформалардың сервистері мен қосымшаларын, соның ішінде сыртқы, интеграцияланған жүйе шеңберінен тыс құрылатын сервистері мен қосымшаларын іске асыру кезінде де пайдалану мүмкіндігін камтамасыз етуге арналған.

4.1.3.6.2. Цифрлық платформалар интеграциясы кіші жүйесі интеграцияланған жүйе құруға арналған техникалық тапсырманы іске асыру шеңберінде әзірленген кіші жүйелерге қатысты интеграцияланған жүйенің жаңа кіші жүйесі болып табылады.

4.1.4. Кіші жүйелерді дамытуға қойылатын талаптар

4.1.4.1. Одақтың ақпараттық порталы

4.1.4.1.1. Одақтың ақпараттық порталы Одақ, оның органдары және олардың қызметі туралы ақпаратқа, сондай-ақ жалпы процестерді іске асыру кезінде интеграцияланған жүйе құралдарымен қалыптастырылатын Одақтың ортақ ақпараттық ресурстарына, оның ішінде нормативтік-анықтамалық, нормативтік-құқықтық, статистикалық және талдамалық ақпаратқа әртүрлі санаттардағы пайдаланушылардың регламенттелген қол жеткізуін қамтамасыз етуге арналған.

4.1.4.1.2. Одақтың ақпараттық порталы мынадай бағыттар дамытылуға тиіс:

- 1) порталдың бағдарламалық компоненттерін біріздендіру;
- 2) пайдаланушылармен және сыртқы жүйелермен өзара іс-қимыл бойынша Одақ порталының мүмкіндіктерін кеңейту;
- 3) цифрлық платформалардың сервистері мен компоненттерін құру үшін қажетті функцияларды іске асыру;
- 4) интеграциялық сегменттің сақтау қоймасымен интеграция;
- 5) Одақ порталындағы ақпараттың қолжетімділігін арттыру, деректер беру сервистерін дамыту, мүдделі тұлғалардың Одақ органдарының қызметі туралы хабардар болу мүмкіндіктерін кеңейту;
- 6) мүдделі субъектілерге мемлекетаралық электронды қызметтер көрсетуге регламенттелген қолжетімділік беру;
- 7) ақпараттық өзара іс-қимыл хаттамаларына және интеграциялық платформа сервистерінің оқиғаларына регламенттелген қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- 8) технологиялық платформаны жетілдіру;
- 9) порталдың мобильді шешімінің мүмкіндіктерін кеңейту.

4.1.4.2. Ақпараттық-талдамалық кіші жүйе

4.1.4.2.1. Ақпараттық-талдамалық кіші жүйе әртүрлі дереккөздерден деректерді жинауға және шоғырландырылған ақпаратты қалыптастыру мен талдау, талдамалық есептік нысандар мен жарияланымдар дайындау негізінде оларды талдамалық өңдеуге арналған.

4.1.4.2.2. Ақпараттық-талдамалық кіші жүйе мына бағыттар шеңберінде дамытылуға тиіс:

- 1) деректердің талдамалық витриналарының құрамын кеңейту, деректердің, сұрау салулардың талдамалық витриналарын, талдамалық есептік нысандар мен жарияланымдарды қалыптастыру кезінде деректерді өңдеудің қосымша алгоритмдерін іске асыру;
- 2) цифрлық платформалар шеңберінде пайдалану мақсатында талдамалық сервистерді іске асыру;
- 3) талдамалық міндеттерді қалыптастыру мақсаты үшін деректерді өңдеудің қосымша алгоритмдерін іске асыру;

4) сыртқы көздерден деректерді автоматты жинауды қамтамасыз ету бөлігінде технологиялық мүмкіндіктерді кеңейту;

5) деректерді бірыңғай сақтау қоймасының есебінен интеграцияланған жүйенің көмегімен іске асырылатын жалпы процестердің сервистерімен сатылас интеграцияны қамтамасыз ету;

6) жалпы процестердің деректері бойынша шоғырландырылған есептілікті қалыптастыру.

4.1.4.3. Статистика кіші жүйесі

4.1.4.3.1. Статистика кіші жүйесі Одақтың ресми статистикалық ақпаратын қалыптастыру және тарату мақсатында статистика саласындағы уәкілетті органдардан статистикалық деректерді жинауға, оларды сақтауға және өңдеуге арналған.

4.1.4.3.2. Статистика кіші жүйесі мына бағыттар шеңберінде дамытылуға тиіс:

1) статистика мақсаттары үшін пайдаланылатын нормативтік-анықтамалық ақпаратты қалыптастыру және жүргізу бөлігіндегі функцияларды дамыту;

2) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан статистикалық деректерді алу (жинау) механизмдерін дамыту;

3) кіші жүйенің метадеректерді қалыптастыру, жүргізу және өңдеу механизмдерін дамыту;

4) жиналатын статистикалық деректерді форматтық-логикалық бақылау механизмдерін дамыту;

5) жаңа статистикалық деректерді қосу механизмдерін дамыту;

6) уәкілетті органдар статистикалық деректерді әртүрлі технологиялық форматтарда және құрылымдарда берген кезде деректерді автоматтандырылған өңдеу механизмдерін дамыту;

7) интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерімен, соның ішінде ақпараттық талдамалық кіші жүйемен интеграциялану механизмдерін дамыту;

8) статистика кіші жүйесінің метадеректері өзгерген кезде пайдаланушыларға ескерту және оларды құлақтандыру механизмін жетілдіру;

9) статистика кіші жүйесінің метадеректерін електен өткізу, іздеу және ұсыну механизмдерін жетілдіру;

10) статистика кіші жүйесінің аспаптық құралдары мен пайдаланушы интерфейсін жетілдіру және дамыту;

11) Одаққа жаңа мүше мемлекеттерді қабылдауға байланысты статистикалық деректерді жинау, өңдеу және ұсыну механизмдерін кеңейту және дамыту;

12) бейрегламенттік есептерді қалыптастыру механизмдерін интеграциялау.

4.1.4.4. Жобалар мен бағдарламаларды басқару кіші жүйесі

4.1.4.4.1. Жобалар мен бағдарламаларды басқару кіші жүйесі осы техникалық тапсырманы іске асыру шеңберінде интеграцияланған жүйенің құрамынан шығарылып, Комиссияның ішкі ақпараттық жүйелерінің құрамына ауыстырылуға тиіс.

4.1.4.4.2. Осы техникалық тапсырманы іске асыру шеңберінде жобалар мен бағдарламаларды басқару кіші жүйесінің функционалдық мүмкіндіктерін дамыту мына бағыттар шеңберінде кіші жүйенің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін көзделеді :

- 1) жүйенің талдамалық мүмкіндіктерін дамыту;
- 2) пайдаланушыларға жұмыс ыңғайлылығын арттыру және кіші жүйенің пайдаланушылық интерфейстерін жетілдіру;
- 3) Комиссияның ішкі ақпараттық жүйелерімен интеграция.

4.1.4.5. Кедергілер мен тосқауылдарды талдау кіші жүйесі

4.1.4.5.1. Кедергілер мен тосқауылдарды талдау кіші жүйесі бұрын әзірленген тәуекел салаларын талдау кіші жүйесін дамыту нәтижесі болып табылады және Одақтың жұмыс істеуі мен дамуына ықпал етуі мүмкін сыртқы факторларды қадағалау және оларға ден қоюды қамтамасыз ету бөлігінде ақпаратты сәйкестендіру, талдау және өңдеу процестерін автоматтандыруға, Одақтың сыртқы және мемлекетаралық кедергілері мен тосқауылдарын мониторингтеуге, Комиссия шешімдері жобаларының реттеушілік әсерінің тәуекелін бағалауға және Одақтың жұмыс істеуі мен дамуына Комиссия шешімдерінің көзделмеген әсерін барынша азайтуға арналған.

4.1.4.5.2. Кедергілер мен тосқауылдарды талдау кіші жүйесі бұрын әзірленген тәуекел салаларын талдау кіші жүйесінің функционалдық мүмкіндіктерін кеңейту есебінен мына бағыттар шеңберінде дамытылуға тиіс:

- 1) қазір бар және әлеуетті кедергілер мен тосқауылдар туралы деректерді жинау мен жинақтауды жүзеге асыруға негіз болатын дереккөздер тізбесін кеңейту;
- 2) жалпы процестерді іске асыру кезінде сақтау қоймасында жинақталатын деректерді автоматтандырылған түрде өңдеуді қамтамасыз ету;
- 3) көрсеткіштерді есептеу және кедергілер мен тосқауылдарды анықтау үшін көрсеткіштер жүйесін, автоматтандырылған механизмдерді түргізу;
- 4) кедергілер мен тосқауылдардың анықталғаны туралы хабардар ету механизмдерін дамыту;
- 5) тосқауылдарды жоюды бақылау механизмдерін дамыту.

4.1.4.6. Мамандандырылған құжат айналымы кіші жүйесі

4.1.4.6.1. Мамандандырылған құжат айналымы кіші жүйесі арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемдік тергеп-тексерулерді жүргізу процесін автоматтандырылған қолдауға және осы процесс шеңберінде жүзеге асырылатын Комиссияның құжат айналымын автоматтандыруға арналған.

4.1.4.6.1. Мамандандырылған құжат айналымы кіші жүйесі осы техникалық тапсырманы іске асыру шеңберінде интеграцияланған жүйенің құрамынан шығарылып, Комиссияның ішкі ақпараттық жүйелерінің құрамына ауыстырылуға тиіс.

4.1.4.6.2. Осы техникалық тапсырманы іске асыру шеңберінде мамандандырылған құжат айналымы кіші жүйесін оның Одақ органдарының арнайы қорғау, демпингке

қарсы және өтемдік тергеп-тексерулерді жүргізуді регламенттейтін құқықтық актілеріндегі ықтимал өзгерістерді ескере отырып дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында пысықтау болжанады.

4.1.4.7. Кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу кіші жүйесі

4.1.4.7.1. Кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу жүйесі ЕАЭО СЭҚ ТН, ЕАЭО БКТ электрондық түрде пайдалану, кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын есепке алу, сондай-ақ үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесін қалыптастыру процестерін автоматтандырылған түрде қолдауға арналған.

4.1.4.7.2. Кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу кіші жүйесі мына бағыттар шеңберінде дамытылуға тиіс:

1) ЕАЭО СЭҚ ТН-ге өзгерістер енгізу жөніндегі құжаттардың жобаларын қалыптастыру, ЕАЭО СЭҚ ТН-мен байланысты, Одақ құқығына кіретін актілерге өзгерістер енгізу қажеттігін талдау және анықтау механизмдерін дамыту;

2) интеграцияланған жүйенің басқа кіші жүйелерімен интеграциялану механизмдерін дамыту.

4.1.4.8. Техникалық реттеу кіші жүйесі

4.1.4.8.1. Техникалық реттеу кіші жүйесі техникалық реттеу, санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік шараларды қолдану, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысын реттеу салаларында (бұдан әрі – техникалық реттеу, СФС-шараларды қолдану және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы салалары) құжаттар мен мәліметтерді әзірлеуге, сақтау мен жүйелендіруге, сондай-ақ көрсетілген салалардағы ақпараттық материалдарды басқаруға арналған.

4.1.4.8.2. Техникалық реттеу кіші жүйесі мына бағыттар шеңберінде дамытылуға тиіс:

1) техникалық реттеу, ветеринариялық, санитариялық және фитосанитариялық шараларды (бұдан әрі – СФС-шаралар) қолдану және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы салаларында нормативтік құжаттардың мазмұнын жүргізу үшін ортақ платформаны қалыптастыру;

2) техникалық реттеу, СФС-шараларды қолдану және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы салаларында Одақ актілері жобаларының цифрлық нұсқаларын қалыптастыру механизмдерін жасау және жетілдіру;

3) техникалық реттеу, СФС-шараларды қолдану және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы салаларында Одақ актілерін әзірлеу процестерін автоматтандыру;

4) техникалық реттеу кіші жүйесінің талап етілетін функцияларын іске асыру, қажетті ақпарат пен мәліметтерді алу және беру бөлігінде аралас кіші жүйелермен және

жалпы процестермен, соның ішінде интеграциялық сегменттің деректерін сақтау қоймасымен өзара іс-қимыл жасау;

5) Одақтың ақпараттық порталында техникалық реттеу, СФС-шараларды қолдану және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы салаларындағы Одақ актілері туралы өзекті мәліметтерді жариялауды қамтамасыз ету;

6) Одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында электронды өзара іс-қимыл механизмдерін жетілдіру, интеграциялық сегменттің деректерін сақтау қоймасымен интеграция;

7) техникалық реттеу, СФС-шараларды қолдану және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы салаларында статистикалық деректерді жинау, оларды өңдеу мен талдау құралдарын дамыту;

8) жеке функционалдық компоненттерді (кіші жүйелерді), соның ішінде техникалық реттеу, санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдану, дәрілік заттардың ортақ нарығын реттеу, медициналық бұйымдардың ортақ нарығын реттеу процестерін қолдауға арналғандарын бөліп шығаруды дамыту.

4.1.4.9. Жалпы процестерді басқару кіші жүйесі

4.1.4.9.1. Жалпы процестерді басқару кіші жүйесі Комиссияның интеграциялық сегменті шеңберінде жалпы процестердің іске асырылуын қамтамасыз етуге арналған.

4.1.4.9.2. Жалпы процестерді басқару кіші жүйесі мына бағыттар шеңберінде дамытылуға тиіс:

1) жалпы процестердің технологиялық құжаттарында белгіленетін талаптарға сәйкес жалпы процесс операцияларының базалық іске асырылуын қамтамасыз ететін біріздендірілген компоненттерді іске асыру;

2) сервистерді іске асыру және жалпы процестерді іске қосу (пайдалануға беру) үшін уақытты қысқартуды қамтамасыз ететін біріздендірілген компоненттерді іске асыру;

3) жалпы процестердің іске асырылуының ағымдағы мәртебесі туралы деректер жинау механизмдерін кеңейту;

4) қазіргі заманғы шешімдер мен тәсілдерді (соның ішінде микросервистік архитектура компоненттерін) енгізу бөлігінде архитектураны жетілдіру;

5) жалпы процестерді іске асыру кезінде жинақталатын деректерді талдау және бақылау кезінде пайдалану мақсатында интеграциялық сегменттің деректерін сақтау қоймасымен интеграция.

4.1.4.10. Сыртқы экономикалық қызмет субъектілерін сәйкестендіру кіші жүйесі

4.1.4.10.1. Сыртқы экономикалық қызмет субъектілерін сәйкестендіру кіші жүйесі Одақтың кедендік аумағында сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды бірегей сәйкестендіруді қамтамасыз етуге арналған.

4.1.4.10.2. Сыртқы экономикалық қызмет субъектілерін сәйкестендіру кіші жүйесі сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың, соның ішінде интеграцияланған жүйені пайдаланушы болып табылмайтын қатысушылардың бірегей сәйкестендіру нөмірлерінің ақпараттық базасын қалыптастыруды, жүргізуді және пайдалануды қамтамасыз етуге тиіс.

4.1.4.10.3. Сыртқы экономикалық қызмет субъектілерін сәйкестендіру кіші жүйесі заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді тіркеудің мүше мемлекеттерде пайдаланылатын ұлттық сегменттерімен өзара іс-қимыл жасауға тиіс, бірақ көрсетілген ұлттық жүйелердің бір бөлігі болып табылмайды және олардың функцияларын алмастырмайды.

4.1.4.11. Интеграциялық платформа

4.1.4.11.1. Интеграциялық платформа уәкілетті органдар мен Комиссияның ақпараттық жүйелері арасында электронды деректер алмасуды қолдауға, осындай ақпараттық жүйелер құралдарының жалпы ақпараттық ресурстарға кіруін қамтамасыз етуге, сондай-ақ сыртқы ақпараттық жүйелермен (интеграциялық бірлестіктердің, халықаралық ұйымдардың және Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің ақпараттық жүйелерімен) электронды деректер алмасуды қамтамасыз етуге арналған.

4.1.4.11.2. Интеграциялық платформа мына бағыттар шеңберінде дамытылуға тиіс:

1) бағдарламалық интерфейстердің интеграциялық шлюздердің функцияларына кіруін дамыту;

2) интеграциялық платформаның қолжетімділігі мен бас тартуға төзімділігін арттыру;

3) цифрлық платформалардың компоненттері мен сервистерін жасау кезінде интеграциялық функцияларды іске асыру.

4.1.4.12. Нормативтік-құқықтық ақпаратты, тізілімдер мен тіркелімдерді жүргізу кіші жүйесі

4.1.4.12.1. Нормативтік-құқықтық ақпаратты, тізілімдер мен тіркелімдерді жүргізу кіші жүйесі Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпараты, сыныптауыштар және жалпы процестерді іске асыру кезінде пайдаланылатын басқа да ақпарат қамтылатын дерекқордың жүргізілуін қамтамасыз етуге, интеграциялық платформа құралдарымен Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратын мүше мемлекеттерге ұсынуға, сондай-ақ мүдделі тұлғалар мен уәкілетті органдар арасында осындай ақпаратты Одақтың ақпараттық порталы құралдарымен таратуға арналған.

4.1.4.12.2. Нормативтік-құқықтық ақпаратты, тізілімдер мен тіркелімдерді жүргізу кіші жүйесі мына бағыттар шеңберінде дамытылуға тиіс:

1) Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпараты, сыныптауыштар және жалпы процестерді іске асыру кезінде пайдаланылатын басқа да ақпарат қамтылатын дерекқорды кеңейту;

2) Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратында қамтылатын деректердің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды кеңейту;

3) Комиссияның интеграциялық сегментінің аралас кіші жүйелерімен және Комиссияның ішкі ақпараттық жүйелерімен интеграция механизмдерін дамыту.

4.1.4.13. Ақпараттық қауіпсіздік кіші жүйесі

4.1.4.13.1. Ақпараттық қауіпсіздік кіші жүйесі Комиссияның интеграциялық сегментінде деректерді өңдеу және сақтау кезінде, сондай-ақ ұлттық сегменттермен өзара іс-қимыл жасау кезінде байланыс арналары бойынша оларды беру кезінде деректердің құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз етуге арналған.

4.1.4.13.2. Ақпараттық қауіпсіздік кіші жүйесі мына бағыттар шеңберінде дамытылуға тиіс:

- 1) интеграцияланған жүйені пайдаланушылардың сәйкестендіру деректерін басқару;
- 2) ақпаратты қорғау оқиғаларын мониторингтеу;
- 3) ақпаратты криптографиялық қорғау;

4) пайдаланылатын бағдарламалық қамтылымның импортын алмастыру, ол желіаралық экрандаудың, басып кіруді (компьютерлік шабуылды) табудың бағдарламалық-аппараттық құралдарын, артықшылық берілген пайдаланушыларды басқарудың, тұтастықты қамтамасыз етудің бағдарламалық құралдарын мүше мемлекеттерде не мүше мемлекеттердің бірлескен жобалары шеңберінде әзірленген құралдарға ауыстыруды көздейді;

5) интеграцияланған жүйенің функционалдық және қамтамасыз етуші кіші жүйелері үшін коннекторлар әзірлеу;

6) ақпаратты қорғау оқиғаларын тіркеу нәтижелерін визуализациялаудың талдамалық құралдарын әзірлеу;

7) Одақ ақпаратын криптографиялық қорғаудың мамандандырылған құралдарын бірлесіп әзірлеу жөніндегі жобаны іске асыру нәтижесінде алынған шешімдерді енгізу.

4.1.4.14. Комиссия СБҮТ кіші жүйесі

4.1.4.14.1. Комиссия СБҮТ кіші жүйесі электрондық құжаттармен трансшекаралық алмасу кезінде сенім кепілдігін қамтамасыз етуге арналған.

4.1.4.14.2. Комиссия СБҮТ кіші жүйесі мына бағыттар шеңберінде дамытылуға тиіс :

1) электрондық құжаттардың заңдық маңызын растау кезінде өзара іс-қимыл жасау механизмдерін жетілдіру;

2) сыртқы ақпараттық жүйелерді қосу бөлігінде кіші жүйенің интеграциялық мүмкіндіктерін дамыту;

3) өз мемлекеттерінің аумақтарында жеке және заңды тұлғаларды тапқан кезде жеке және заңды тұлғалардың өзара, сондай-ақ мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарымен электрондық өзара іс-қимыл жасау процестерін дамыту.

4.1.4.15. Интеграцияланған жүйенің СБҮТ қызметінің куәландырушы орталығы

4.1.4.15.1. Интеграцияланған жүйенің СБҮТ қызметінің куәландырушы орталығы (бұдан әрі – СБҮТ қызметінің куәландырушы орталығы) ЭЦҚ тексеру кілттерінің сертификаттарын басқарудың иерархиялық жүйесін құруға арналған, бұл жүйе интеграцияланған жүйенің СБҮТ қызметінің шеңберінде мүше мемлекеттердің СБҮТ сервистері мен Комиссия СБҮТ кіші жүйелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.

4.1.4.15.2. СБҮТ қызметінің куәландырушы орталығы интеграцияланған жүйенің СБҮТ қызметінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге тиіс және сыртқы ақпараттық жүйелердің қосылу (қажет болса) мүмкіндігін қамтамасыз ету бөлігінде СБҮТ кіші жүйелерінің интеграциялық мүмкіндіктерін дамытуды, сондай-ақ СБҮТ қызметін пайдалану арқылы заңдық маңызы бар электрондық өзара іс-қимыл процестерін дамытуды көздейді.

4.1.4.16. Комиссияның куәландыру орталығы

4.1.4.16.1. Комиссияның куәландыру орталығы Комиссия Алқасының мүшелерін, Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерін электрондық құжаттарға қол қоюға арналған ЭЦҚ кілттерінің сертификаттарымен қамтамасыз етуге арналған.

4.1.5. Интеграцияланған жүйенің компоненттері арасында ақпарат алмасу үшін байланыс тәсілдері мен құралдарына қойылатын талаптар

4.1.5.1. Комиссия сегментінде өрістетілген интеграцияланған жүйенің кіші жүйелері арасында ақпарат алмасу интеграциялық платформаның құрамына кіретін Комиссия сегментінің деректерін үндестіру кіші жүйесін пайдалана отырып жүзеге асырылуға тиіс.

4.1.5.2. Интеграциялық шлюздер мен СБҮТ сервистері арасында ақпарат алмасу электрондық құжаттарды беру технологиясын айқындайтын нормативтік-техникалық құжаттарға, сондай-ақ интеграциялық платформаның СБҮТ қызметімен өзара іс-қимыл жасау регламенттеріне, электрондық хабарлардың өзара іс-қимылы кезінде пайдаланылатын форматтар мен құрылымдарға сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

Ұлттық сегмент шеңберінде интеграциялық шлюз бен СБҮТ арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын техникалық шешімдерді, сондай-ақ мұндай өзара іс-қимылға (қажет болса) қойылатын қосымша талаптарды мүше мемлекеттер дербес айқындайды.

4.1.5.3. Ұлттық сегменттердің интеграциялық шлюздері мен Комиссия сегментінің интеграциялық шлюзі арасындағы өзара іс-қимыл интеграциялық платформаның құрамына кіретін көліктік кіші жүйені пайдалана отырып, электрондық хабарлар алмасу арқылы орындалуға тиіс.

4.1.5.4. Мүше мемлекеттердің ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жасау жүйелері мен ұлттық сегменттердің интеграциялық шлюздері арасындағы байланыс тәсілдері мен құралдары мүше мемлекеттердің ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жасау жүйелері қоятын талаптарға сәйкес айқындалуға тиіс.

4.1.6. Аралас жүйелермен үйлесімділікке қойылатын талаптар

4.1.6.1. Мыналар интеграцияланған жүйеге қатысты аралас жүйе болып табылады:

- 1) уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелері;
- 2) сыртқы ақпараттық жүйелер.

4.1.6.2. Уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерінің интеграцияланған жүйемен өзара іс-қимыл жасауы мүше мемлекеттердің ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жасау жүйелері мен ұлттық сегменттердің интеграциялық шлюздерінің функцияларын пайдалана отырып жүзеге асырылуға тиіс.

4.1.6.3. Сыртқы ақпараттық жүйелердің интеграцияланған жүйемен өзара іс-қимыл жасауы интеграциялық платформаның құрамына кіретін сыртқы жүйелермен өзара іс-қимыл жасау кіші жүйесі ұсынатын функцияларды пайдалана отырып жүзеге асырылуға тиіс.

4.1.7. Персоналдың санына, біліктілігіне және жұмыс режиміне қойылатын талаптар

4.1.7.1. Персоналдың саны мен біліктілігіне қойылатын талаптар Комиссияның интеграциялық сегменті мен ұлттық сегменттерді жобалау және әзірлеу сатысында айқындалуға тиіс.

4.1.7.2. Интеграцияланған жүйенің әрбір құрамдасының техникалық жұмыс жобасының құжаттамасында персоналдың арнайы даярлығы жөнінде және интеграцияланған жүйенің компоненттерін пайдалануға қажетті білім туралы талаптар көрсетілуге тиіс.

4.1.8. Максат көрсеткіштері

4.1.8.1. Одақтың интеграциялық процестерін дамыту кезінде, сондай-ақ интеграцияланған жүйенің функционалдық мүмкіндіктеріне қойылатын талаптарды өзгерту кезінде интеграцияланған жүйе жаңғырту мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс. Интеграцияланған жүйені жаңғырту барысында интеграцияланған жүйеде сақталатын деректерді сақтау және оны одан әрі пайдалану мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс.

4.1.9. Сенімділікке қойылатын талаптар

4.1.9.1. Интеграцияланған жүйенің компоненттері тәулік бойы режимде үзіліссіз жұмыс істеуді қамтамасыз етуге тиіс, бұл ретте профилактикалық және баптау жұмыстарына үзіліс жасауға және жұмыстың тоқтауына әкелген ақауларды жоюдың орташа уақыты 4 сағаттан аспаған кезде, жылына 44 сағаттан аспайтындай ақауларға байланысты жұмысты тоқтатуға жол беріледі.

4.1.9.2. Интеграцияланған жүйенің есептеу ресурстары жылына 365 күн, тәулігіне 24 сағат интеграцияланған жүйенің қолжетімділігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.1.9.3. Интеграцияланған жүйенің техникалық құралдары жоспарлы профилактикалық, регламенттік, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының орындалу, интеграцияланған жүйенің жұмыс істеуін тоқтатпай жаңғырту мүмкіндігін көздеуге тиіс.

4.1.9.4. Электр қуатының авариялық сөнуін қоса алғанда, аппараттық қамтамасыз етуде іркілістер туындаған кезде, интеграцияланған жүйенің компоненттері іркілістерді жойғаннан кейін және аппараттық қамтамасыз етуді дұрыстап қайта іске қосқаннан кейін (орындалатын бағдарламалық кодтары бар аппаратты жұмысшы жеткізгіштердің бүлінуі жағдайларын қоспағанда) өзінің жұмыс қабілеттілігін автоматтандырылған түрде қалпына келтіруге тиіс.

4.1.9.5. Интеграцияланған жүйенің компоненттері интеграцияланған жүйені пайдаланушылардың қате әрекеттерінен туындаған авариялық жағдайларды дұрыстап өңдеуді қамтамасыз етуге тиіс. Мұндай жағдайда, интеграциялық жүйенің компоненттері интеграцияланған жүйені пайдаланушыға тиісті авариялық хабарлама беруге тиіс, содан кейін қате (жол берілмейтін) команданың алдындағы жұмыс жағдайына оралады.

4.1.9.6. Интеграцияланған жүйенің компоненттері қате форматтан немесе деректердің жол берілмейтін мәндерінен туындаған авариялық жағдайларды дұрыстап өңдеуді қамтамасыз етуге тиіс. Мұндай жағдайда, интеграциялық жүйенің компоненттері авариялық жағдайлар туралы ақпараттың тиісті журналдарда сақталуын қамтамасыз етуге тиіс, содан кейін жаңылыс шығыс деректері келіп түсердің алдындағы жұмыс жағдайына оралады.

4.1.9.7. Аралас жүйелердің бірінің істен шығуы, сондай-ақ аралас жүйелердің қате деректерді интеграцияланған жүйеге беруі интеграцияланған жүйенің жұмыс істеуін тоқтатуға әкеп соқпауға тиіс.

4.1.10. Эргономика мен техникалық эстетикаға қойылатын талаптар

4.1.10.1. Пайдаланушы интерфейсі арқылы интеграцияланған жүйені пайдаланушы өзара іс-қимыл жасайтын Комиссияның интеграциялық сегменті мен ұлттық сегменттердің бағдарламалық компоненттері мынадай талаптар ескеріле отырып іске асырылуға тиіс:

1) Комиссияның интеграциялық сегментінің бағдарламалық компоненттерінің интерфейсі халықаралық сауда мен кеден ісі саласында пайдаланылатын шет тілдік терминдерді қоспағанда, орыс тілінде болуға тиіс;

2) ұлттық сегменттің бағдарламалық компоненттерінің интерфейсі мүше мемлекеттің мемлекеттік тілінде іске асырылуы мүмкін;

3) аппараттық хабарлар мен қателер туралы хабарлар қысқа және барынша анық болуға тиіс, бұл ретте қателер туралы хабарлардың соңында (дөңгелек жақшаларда) туындаған қатені мұқият сипаттайтын және техникалық қолдау қызметінің персоналына арналған шет тілдегі сөздер мен тіркестер кездесуі мүмкін;

4) бағдарламалық компоненттер интерфейсінде интеграцияланған жүйені пайдаланушының ағымдағы рұқсат етілген экранына икемделу мүмкіндігі болуға тиіс, бұл ретте экранның ең аз рұқсат етілген көлемі кемінде 1280 x 720 нүкте болуға тиіс;

5) жолдардың атаулары барынша түсінікті болуға және оларда халықаралық сауда мен кеден ісі саласында қабылданғандарды қоспағанда, қысқартулар мен аббревиатуралар болмауға тиіс;

6) анықтамалық деректер тиісті анықтамалықтарды пайдаланып қана енгізілуге тиіс ;

7) меню мен экран нысандарында интеграцияланған жүйені пайдаланушы өзіне арналған рөлге сәйкес ағымдағы құқығына сай пайдалана алмайтын пункттер мен батырмалар болмауға тиіс;

8) экран нысандары бір типті болып, кіріктірілген контекстік-байланысты еске салу жүйесін және жарық жанып тұратын "қауырт" пернелерді қамтуға тиіс;

9) барлық бір типтес операциялар біріздендірілуге тиіс;

10) интерфейс пернелерді пайдалана отырып, қажетті ақпаратты енгізуге мүмкіндік беруге тиіс, бұл ретте "тінтуір" манипуляторын пайдалану міндетті болмауға тиіс.

4.1.11. Жүйе компоненттерін пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге, жөндеуге және сақтауға қойылатын талаптар

Интеграцияланған жүйенің құрамдастарын пайдалану, техникалық қызмет көрсету, жөндеу және сақтау Комиссия актілеріне сәйкес жүргізілуге тиіс.

4.1.12. Ақпаратты санкцияланбаған қол жеткізуден қорғауға қойылатын талаптар

4.1.12.1. Интеграцияланған жүйені дамыту кезінде мыналар айқындалуға тиіс:

1) қорғауға жататын ақпарат тізбесі;

2) қорғауға жататын ақпаратқа қол жеткізуді шектеу дәрежесі;

3) қорғалатын саланың шекаралары (физикалық және логикалық);

4) қорғалатын ақпаратқа санкцияланбаған қол жеткізуге және ақпаратқа санкцияланбаған әсер етуге байланысты ақпарат қауіпсіздігінің өзекті қатерлері.

4.1.12.2. Интеграцияланған жүйені дамыту кезінде мыналар қамтамасыз етілуге тиіс :

1) уәкілетті органдармен келісілген тізбеге сәйкес ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету қағидаларын қалыптастыру мен іске асыруға бағытталған ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарды әзірлеу және енгізу;

2) ақпаратты қорғау қағидаларының орындалуын іске асыратын персоналды даярлау;

3) ақпаратты қорғаудың техникалық, бағдарламалық және бағдарламалық-аппараттық құралдары кешенін пайдалана отырып, ақпаратты қорғау механизмдерін іске асыру;

4) қорғалатын ақпарат қауіпсіздігінің өзекті қатерлеріне қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының орындалуын қолдауды және ақпаратты қорғау тетіктерін іске асыруды қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешенін әзірлеу және енгізу.

4.1.12.3. Интеграцияланған жүйеде ақпаратты қорғау Комиссия Кеңесінің 2018 жылғы 5 желтоқсандағы № 96 шешімімен бекітілген Трансшекаралық сенім кеңістігін құруға, дамытуға және оның жұмыс істеуіне қойылатын талаптарға және Комиссия бекітетін нормативтік-техникалық құжаттарға, сондай-ақ ұлттық сегменттер бөлігінде мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес қамтамасыз етілуге тиіс.

4.1.12.4 Ұлттық сегменттерді пайдалануды қамтамасыз ету және дамыту қолданбалы ақпараттық жүйелердің, мүше мемлекеттердің ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жасау жүйелердің ақпаратын қорғауды қамтамасыз ету құралдарына ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету құралдарына қойылатын талаптарды төмендететін өзгерістер енгізуді талап етпеуге тиіс.

4.1.12.5. Интеграцияланған жүйеде ақпаратты санкцияланбаған қол жеткізуден қорғау осы техникалық тапсырманың талаптарына сәйкес және интеграцияланған жүйені құру, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету және дамыту кезінде қолданылатын ұйымдастырушылық және техникалық шешімдердің біріздендірілуін қамтамасыз ету және ақпаратты қорғаудың тиісті деңгейін қолдау мақсаттары үшін Комиссия бекітетін техникалық, технологиялық, әдіснамалық және ұйымдастырушылық құжаттардың ережелерін ескере отырып қамтамасыз етілуге тиіс.

4.1.13. Авариялар кезінде ақпараттың сақталуы жөніндегі талаптар

4.1.13.1. Ақпараттың сақталуы резервтік көшіру және қалпына келтіру құралдарының көмегімен қамтамасыз етілуге тиіс.

4.1.13.2. Резервтік көшіру және қалпына келтіру құралдары интеграцияланған жүйенің функционалдық кіші жүйелерінің аппараттық-бағдарламалық кешендерінің құрамына кіруі немесе ақпараттық қауіпсіздік кіші жүйесінің жеке компоненті ретінде құрылуы мүмкін.

4.1.13.3. Интеграцияланған жүйенің деректерін резервтік көшіру және қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу мыналарды ескере отырып жүргізіледі:

- 1) резервтік деректерді сақтау қашық алаңда жүзеге асырылуға тиіс;
- 2) резервтік деректер санкцияланбаған қол жеткізуден және қоршаған ортаның әсерінен кепілдік берілген физикалық қорғау деңгейімен қамтамасыз етілуге тиіс;
- 3) резервтік көшіру жабдығы ұдайы тестіленіп тұруға тиіс;
- 4) қалпына келтіру рәсімдерін ұдайы жаңартып отырған және олардың тиімді болуына сенімділікті қамтамасыз ету үшін тестілеген жөн;
- 5) ақпаратты сақтау кезеңдерін айқындаған жөн, сондай-ақ ұзақ мерзімдік сақталатын архивтік көшірмелерге қойылатын талаптарды ескерген жөн.

4.1.13.4. Резервтеу құралдары авариядан, жабдықтың іркілісінен кейін немесе дүлей зілзаладан кейін интеграцияланған жүйеде сақталатын және интеграцияланған жүйенің құралдарымен өңделетін бағдарламалық қамтамасыз ету мен ақпаратты қалпына келтіруді қамтамасыз етуге тиіс.

4.1.14. Сыртқы әсерлерден қорғау құралдарына қойылатын талаптар

4.1.14.1. Интеграцияланған жүйені сыртқы әсерлерден қорғау интеграцияланған жүйенің бағдарламалық-аппараттық компоненттері орналастырылатын деректерді өңдеу орталықтарын жобалау мен жарақтандыруға қойылатын талаптарға сәйкес іс-шаралар кешенін жүргізу есебінен қамтамасыз етілуге тиіс.

4.1.15. Патенттік тазалық жөніндегі талаптар

4.1.15.1. Бағдарламалық-аппараттық құралдар, технологиялар, деректерді өңдеу алгоритмдері, интеграцияланған жүйенің өзге де құрамдас бөліктері мүше мемлекеттердің аумақтарында патенттік тазалыққа ие болуға тиіс.

4.1.16. Стандарттау мен біріздендіруге қойылатын талаптар

4.1.16.1. Интеграцияланған жүйенің компоненттерін техникалық және жұмыс бабындағы жобалау кезінде Комиссия ұсынатын, сондай-ақ ұлттық сегменттер үшін мүше мемлекеттер айқындайтын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы стандарттар мен ұсынымдар қолданылуға тиіс.

4.1.17. Масштабтауға қойылатын талаптар

4.1.17.1. Интеграцияланған жүйенің бағдарламалық-аппараттық құралдары қолданбалы бағдарламалық қамтылымды түрлендірусіз өңделетін деректердің өнімділігі мен көлемі бойынша жоғары масштабталуын қамтамасыз етуге тиіс, соның ішінде мынадай жағдайларда:

- 1) ақпараттық өзара іс-қимыл жасауға қатысушыларды ұлғайту;
- 2) интеграцияланған жүйе құралдарымен іске асырылатын жалпы процестер тізбесін кеңейту;
- 3) жалпы процестерді іске асыру тәсілін өзгерту;
- 4) Комиссияның интеграциялық сегменті, ұлттық сегменттер және сыртқы ақпараттық жүйелер арасындағы ақпарат легін ұлғайту;
- 5) интеграцияланған жүйені пайдаланушылар санын ұлғайту.

4.1.18. Жүйені дамыту және жаңғырту перспективалары

4.1.18.1. Интеграцияланған жүйе мынадай бағыттар шеңберінде өз функцияларын дамытуға мүмкіндік беруге тиіс:

- 1) интеграцияланған жүйе негізінде сервистер мен цифрлық платформалар құру;
- 2) интеграцияланған жүйе сервистерін пайдалануға жаңа қатысушыларды қосу мүмкіндіктерін кеңейту;
- 3) интеграцияланған жүйені пайдалану арқылы жалпы процестерді іске асыру кезінде мәліметтердің, ортақ ақпараттық ресурстардың тізбесі мен құрамын кеңейту;
- 4) ақпараттық өзара іс-қимылдың, ақпаратты сақтау мен өңдеудің технологиялары мен сервистерін қадағалану, трансшекаралық сервистер көрсету мен мемлекетаралық электрондық қызметтер көрсету сияқты сервистерді іске асыруды қоса алғанда, процестердің ұзақтығын ескере отырып дамыту (электрондық түрдегі мемлекетаралық қызметтер көрсетуге байланысты мәселелер бойынша Одақ органдарының тиісті құқықтық актілерінің қабылдануы шартымен);

5) осы жүйені әдіснамалық және технологиялық қамтамасыз етуді қоса алғанда, Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесін дамыту;

6) жеке немесе заңды тұлғалар және уәкілетті органдар арасында электрондық түрде ақпараттық өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін жүзеге асыру үшін трансшекаралық сенім кеңістігін дамыту;

7) мүше мемлекеттердің резиденттері – жеке және заңды тұлғалардың уәкілетті органдар мен Комиссияның ақпараттық жүйелері ұсынатын сервистер мен қызметтер көрсетуге қол жеткізуін қамтамасыз ету (электрондық түрдегі мемлекетаралық қызметтер көрсетуге байланысты мәселелер бойынша Одақ органдарының тиісті құқықтық актілерінің қабылдануы шартымен).

4.1.18.2. Интеграцияланған жүйе Одақтың интеграциялық процестерін дамыту кезінде жаңғырту мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс. Интеграцияланған жүйені дамыту барысында осы жүйеде сақталатын барлық деректерді сақтау және одан әрі пайдалану мүмкіндігі қамтамасыз етілуіне тиіс.

4.2. Функцияларға (міндеттерге) қойылатын талаптар

4.2.1. Цифрлық платформалардың интеграциясы кіші жүйесіне қойылатын талаптар

4.2.1.1. Цифрлық платформалардың интеграциясы кіші жүйесі интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерінің функционалдық мүмкіндіктерін біріктіретін ұйымдық-техникалық шешімдердің, цифрлық сервистерді, Одақтың бизнес-процестерін іске асыру үшін қажетті функциялылық пен интерфейстерді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ұлттық сегменттер шешімдерінің жиынтығы болуға тиіс.

4.2.1.2. Цифрлық платформалардың интеграциясы кіші жүйесі қамтамасыз етудің әдіснамалық, технологиялық, техникалық түрлері мен басқа да түрлерінің және заманауи цифрлық технологияларды енгізу есебінен интеграцияланған жүйенің құралдарымен, технологияларымен және әдістерімен іске асырылған интеграцияланған жүйе шешімдерінің негізінде құрылып дамытылатын жүйе болуға тиіс.

4.2.1.3. Цифрлық платформалардың интеграциясы кіші жүйесін құру шеңберінде цифрлық платформалар құруға негіз болатын интеграцияланған жүйенің функциялылығы мен сервистеріне қолжетімділік технологиялары іске асырылуға тиіс, оларға мына технологиялар да кіреді:

цифрлық платформаларды тіркеу;

интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерінің функцияларына, цифрлық платформаның функциялары мен деректеріне қолжетімділік алу үшін пайдаланушылар мен жүйелерді сәйкестендіру;

интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерінің функциялары мен сервистеріне қол жеткізу механизмдері.

4.2.1.4. Цифрлық платформалардың интеграциясы кіші жүйесіне қойылатын егжей-тегжейлі талаптар тиісті жеке техникалық тапсырмада айқындалуға тиіс.

4.2.2. Интеграциялық сегменттің сақтау қоймасына қойылатын талаптар

4.2.2.1. Интеграциялық сегменттің сақтау қоймасы (интеграциялық сегменттің деректерін сақтау және өңдеу кіші жүйесі) жалпы процестерді іске асыру, кіші жүйелердің жұмыс істеуі кезінде жинақталатын деректерді, соның ішінде интеграцияланған жүйенің Комиссия интеграциялық сегментінде өңделетін және сақталуға тиіс статистикалық ақпаратты, басқа да деректер мен мәліметтерді алуға, өңдеуге, сақтауға және беруге арналған.

4.2.2.2. Сақтау қоймасында жалпы процестердің және интеграциялық сегменттің, цифрлық платформаға арналған сервистердің деректерін ұзақ мерзімді масштабталатын сақтау мен өңдеу механизмдері, цифрлық платформалар пайдаланатын деректерді өңдеуді, сақтауды және беруді қамтамасыз ету іске асырылуға тиіс.

4.2.2.3. Интеграциялық сегменттің деректерін сақтау мен өңдеу кіші жүйесін әзірлеу кезінде интеграциялық сегменттің сақтау қоймасының функциялары мен сервистерін интеграцияланған жүйенің басқа кіші жүйелері мен компоненттерінің пайдалануына көшу бөлігінде интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерін жаңғыртуды жүргізу қамтамасыз етілуге тиіс.

4.2.2.4. Интеграциялық сегменттің деректерін сақтау және өңдеу кіші жүйесін құру есебінен интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерінің деректерді алу, өңдеу, сақтау және беру механизмдерін іске асыру қамтамасыз етілуге; жалпы процестер мен базалық компоненттерді іске асыру механизмдері конфигурациясының бірыңғай нүктесі қамтамасыз етілуге; жалпы процестерді іске асыру немесе интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерінде және интеграцияланған жүйенің ақпараттық ресурстары мен сервистерін пайдалану арқылы іске асырылатын цифрлық платформалар үшін деректерді өңдеу кезінде алынатын деректерді трансформациялау мен жүктеудің бірыңғай механизмі жасалуға тиіс.

4.2.2.5. Интеграциялық сегменттің сақтау қоймасына қойылатын егжей-тегжейлі талаптар тиісті жеке техникалық тапсырмада айқындалуға тиіс.

4.2.3. Интеграцияланған жүйенің пайдаланушыларын сәйкестендіру және аутентификациялау кіші жүйесіне қойылатын талаптар

4.2.3.1. Интеграцияланған жүйенің пайдаланушыларын сәйкестендіру және аутентификациялау кіші жүйесі ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылардың (уәкілетті органдардың лауазымды адамдарының, заңды тұлғалар (шаруашылық жүргізуші субъектілер) өкілдері мен өтініш беруші азаматтардың) интеграцияланған жүйе құралдарымен қалыптастырылатын сервистер мен ортақ ақпараттық ресурстарға санкцияланған қол жеткізуін іске асыру механизмдерін қамтамасыз етуге тиіс. Интеграцияланған жүйенің пайдаланушыларын сәйкестендіру және аутентификациялау кіші жүйесі интеграцияланған жүйенің пайдаланушыларды соның негізінде авторландыру мақсатында мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттерінде пайдаланылатын ұқсас механизмдермен қажетті өзара іс-қимылды қолдауға тиіс.

4.2.3.2. Интеграцияланған жүйенің пайдаланушыларын сәйкестендіру және аутентификациялау кіші жүйесі мынаны қамтамасыз етуге тиіс:

1) интеграцияланған жүйенің функциялары мен сервистерін пайдаланушыға интеграцияланған жүйенің, цифрлық платформалардың функцияларына және интеграцияланған жүйе шеңберінде қалыптастырылатын ортақ ақпараттық ресурстарға регламенттелген қолжетімділік алуға мүмкіндік беретін бірыңғай есептік жазбаны ұсыну;

2) интеграцияланған жүйені пайдаланушылардың әртүрлі санаттарын (уәкілетті органдардың лауазымды адамдарын, жеке тұлғаларды, заңды тұлғалардың өкілдерін, дара кәсіпкерлерді, ақпараттық жүйелерді) сәйкестендіру, аутентификациялау және олардың интеграцияланған жүйенің функциялары мен сервистеріне, интеграцияланған жүйе негізінде құрылған цифрлық платформаларға, интеграцияланған жүйе шеңберінде қалыптастырылатын ортақ ақпараттық ресурстарға регламенттелген қол жеткізуі.

4.2.3.3. Интеграцияланған жүйенің пайдаланушыларын сәйкестендіру және аутентификациялау кіші жүйесіне қойылатын егжей-тегжейлі талаптар тиісті жеке техникалық тапсырмада айқындалуға тиіс.

4.2.4. Мемлекетаралық тестілеу кіші жүйесіне қойылатын талаптар

4.2.4.1. Мемлекетаралық тестілеу кіші жүйесі мынаны қамтамасыз етуге тиіс:

1) жалпы процестердің сервистерін тестілеуді жүргізу процестерін автоматтандыру мүмкіндіктерін беру және қатысушылардың тестілеу нәтижелері туралы хабардар болуын арттыру;

2) Комиссия регламенттейтін өзара іс-қимылды тестілеуді жүргізу: жалпы процестер шеңберінде, уәкілетті органдар мен шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы өзара іс-қимыл кезінде, Одақтың бірыңғай нормативтік-ақпараттық ақпараты жүйесіне қосылуға тиіс мәліметтерді беру кезінде, цифрлық бастамалар шеңберінде;

3) ақпаратқа және кіші жүйе функцияларына қолжетімділікті ажырату мүмкіндігін қамтамасыз ететін тестілеуге қатысушылардың кіші жүйесіне авторланған қол жеткізу мүмкіндігі;

4) Комиссия бекітетін хабарларға, сондай-ақ электронды түрдегі құжаттарға қойылатын талаптарға, соның ішінде өзара іс-қимылдың штаттық каналдарына қосылу болмаған жағдайларда тексеру жүргізу;

5) тестілеудің мәртебесі туралы ақпаратты көрсету механизмдері мен құралдарын іске асыру;

6) хабарларды құрылымдық және форматтық-логикалық бақылау механизмдерін іске асыру;

7) бастамашылық хабарларды мемлекетаралық тестілеуге қатысатын ұлттық сегменттердің ақпараттық жүйелеріне автоматты түрде жіберу механизмдерін іске асыру;

8) өзара іс-қимылға қатысушылардың кіші жүйесіне және Комиссия сегментінің кіші жүйелеріне жүктеме беру режимінде жүктемелік тестілеу жүргізу мүмкіндігі;

9) тестілеу статистикасын жинау және көрсету, жүргізілетін тестілеуді, соның ішінде тестілеу уақыты, қатысушы, тестіленетін өзара іс-қимыл, нәтиже, тестіден өтудің уақыт параметрлері туралы мәліметтерді хаттамалау, сондай-ақ тестілеуге қатысушыларға, соның ішінде бағдарламалық интерфейстердің көмегімен хаттамаларды беру механизмдерін іске асыру;

10) тестілеуге қатысушыларды әдістемелік қолдау құралдары – хабарлардың үлгілері, баптау параметрлері, хабарларға қойылатын формальды талаптар, нұсқаулықтар мен ұсынымдар;

11) жалпы процестерді басқару кіші жүйесінің мәліметтері мен сервистерін пайдалану мүмкіндігі;

12) тестілеуге қатысушылардың жеке кабинеттерін ашу.

4.2.4.2. Мемлекетаралық тестілеу кіші жүйесіне қойылатын егжей-тегжейлі талаптар тиісті жеке техникалық тапсырмада айқындалуға тиіс.

4.2.5. Одақтың ақпараттық порталына қойылатын талаптар

4.2.5.1. Одақтың ақпараттық порталы ақпараттық-телекоммуникациялық "Интернет" желісіндегі және Одақ органдарының оқшау желілеріндегі ресурстардың жиынтығы болып табылады. Одақтың ақпараттық порталы Одақ, оның органдары және олардың қызметі туралы өзекті және анық ақпарат ұсынуды қамтамасыз етуге тиіс, сондай-ақ жалпы процестерді іске асыру кезінде интеграциялық жүйенің құралдары қалыптастыратын Одақтың ортақ ақпараттық ресурстарына қол жеткізу сервистерін мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары мен кез келген мүдделі тұлғаларға беруге тиіс.

4.2.5.2. Одақтың ақпараттық порталы мынадай компоненттерді қамтуға тиіс:

1) цифрлық күн тәртібі порталы;

2) ресми нормативтік-құқықтық ақпарат порталы;

3) Одақтың ортақ ақпараттық ресурстары мен ашық деректері порталы;

4) интеграцияланған жүйенің технологиялық порталы.

4.2.5.3. Цифрлық күн тәртібі порталына қойылатын талаптар

4.2.5.3.1. Цифрлық күн тәртібі порталы:

1) цифрлық бастамаларды тіркеуді және бастапқы өңдеуді;

2) бастаманы бастапқы өңдеу және кейіннен іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын қалыптастыруды, цифрлық бастаманың мәртебесі мен жай-күйін қадағалауды;

3) цифрлық күн тәртібі порталын Комиссияның басқа да ақпараттық жүйелерімен интеграциялау механизмдерін іске асыруды;

4) цифрлық бастаманы өңдеу үшін жауапты қызметкердің жеке кабинетін іске асыруды;

5) бастамашының жеке кабинетін іске асыруды;

6) енгізілген және іске асырылатын бастамалар бойынша жиынтық талдауды қалыптастыруды;

7) сарапшылар алаңдарын қалыптастыруды;

8) сарапшылар алаңына қатысушының жеке кабинетін іске асыруды қоса алғанда, бастаманың бүкіл тіршілік циклі бойы Комиссияға түсетін цифрлық бастамаларды автоматты түрде өңдеуді қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.5.3.2. Цифрлық күн тәртібі порталының құрамына конкурс өткізу (қабылдау, бағалау және салыстыру) шеңберінде цифрлық бастамаларды іріктеуді, сондай-ақ әділ қазылар мен сарапшылардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін "Еуразиялық цифрлық платформалар" инновациялық жобалар конкурсын қолдаудың ақпараттық сайты кіруге тиіс.

4.2.5.3.3. Цифрлық күн тәртібі порталына қойылатын талаптар интеграцияланған жүйені дамыту процесінде нақтылануы мүмкін.

4.2.5.3.3. Цифрлық күн тәртібі порталына қойылатын егжей-тегжейлі талаптар тиісті жеке техникалық тапсырмада айқындалуға тиіс.

4.2.5.4. Ресми нормативтік-құқықтық ақпарат порталына қойылатын талаптар

4.2.5.4.1. Ресми нормативтік-құқықтық ақпарат порталы Одақ органдары, Кеден одағының Комиссиясы, Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық кеңесі актілерінің бірыңғай сақтау қоймасын қалыптастыру мен жүргізуді, сондай-ақ мүдделі тұлғаларға оған қолжетімділік беруді қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.5.4.2. Ресми нормативтік-құқықтық ақпарат порталы Комиссия шешімдері жобаларының реттеушілік әсерін қоғамдық талқылау және бағалау рәсімдерін (осындай рәсімдер жүргізу көзделгендеріне) жүзеге асыруды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.5.4.3. Ресми нормативтік-құқықтық ақпарат порталы Комиссиямен өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының өкілдеріне Одақ органдары отырыстарының күн тәртібі мен Одақ органдары отырыстарының күн тәртібі мәселелері жөніндегі материалдарға регламенттелген қолжетімділік беруді қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.5.4.4. Ресми нормативтік-құқықтық ақпарат порталы нормативтік құқықтық актілерді редакциялау мен оларға енгізілген өзгерістерді ескере отырып, оларды сақтауды және іздеуді қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.5.5. Одақтың ортақ ақпараттық ресурстары мен ашық деректері порталына қойылатын талаптар

4.2.5.5.1. Одақтың ортақ ақпараттық ресурстары мен ашық деректері порталы әртүрлі санаттағы пайдаланушылардың интеграциялық жүйенің кіші жүйелерінде орталықтандырылған жүргізу арқылы не жалпы процестерді іске асыру шеңберінде ақпараттық өзара іс-қимыл жасау негізінде қалыптастырылатын ортақ ақпараттық ресурстарға авторландырылған және анонимді қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.5.5.2. Одақтың ортақ ақпараттық ресурстары мен ашық деректері порталының құрамына Еуразиялық экономикалық одақтың жалпы процестері деректерінің моделі, электрондық құжаттар мен мәліметтердің құрылымдары мәселелері жөніндегі ақпараттық ресурстар, нормативтік-анықтамалық ақпарат, Одақ қызметінің бағыттары бойынша тақырыптық бөлімдер және т.б. кіреді.

4.2.5.5.3. Одақтың ортақ ақпараттық ресурстары мен ашық деректері порталы деректерге қол жеткізудің саналуан түрлерін (соның ішінде, машинада оқылатын форматта) ұсынуды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.5.5.4. Одақтың ортақ ақпараттық ресурстары мен ашық деректері порталы интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерінен ақпаратты автоматты режимде жариялауды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.5.5.5. Одақтың ортақ ақпараттық ресурстары мен ашық деректері порталы жалпы процестерді іске асыруды әдіснамалық және технологиялық қолдауды жүзеге асыруды қамтамасыз етуге тиіс, соның ішінде мыналардың есебінен:

1) жалпы процестерді жобалау және іске асыру жөніндегі әдіснамалық және ақпараттық материалдарды жариялау;

2) нысаналы салалар мен жалпы процестер деректері модельдерінің әртүрлі нұсқаларымен ұжымдық жұмыс істеу мүмкіндігі;

3) ХМІ форматында нысаналы салалар мен жалпы процестер деректері модельдерін жүктеу және түсіру мүмкіндіктері;

4) анықталған тәуелділіктер және деректер элементтерін қайталап пайдалану туралы есептерді қалыптастыра отырып, нысаналы салалар мен жалпы процестер деректері модельдерін талдау құралдарын ұсыну;

5) жалпы процестер модельдерінің негізінде технологиялық құжаттар жиынтығын автоматты түрде қалыптастыру, онда Комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімімен бекітілген осындай құжаттардың типтік құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес, интеграцияланған жүйенің құралдарымен жалпы процестерді іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимыл жасау регламенттеледі.

4.2.5.5.6. Одақтың ортақ ақпараттық ресурстары мен ашық деректері порталы Комиссия Алқасының 2014 жылғы 30 қыркүйектегі № 180 шешімімен көзделген интеграцияланған жүйеде ақпараттық өзара іс-қимыл жасауды іске асыру кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының тізілімін жүргізуді қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.5.5.7. Одақтың ортақ ақпараттық ресурстары мен ашық деректері порталы авторландырылған пайдаланушыларға жариялауға жататын мәліметтердің әртүрлі санаттарын қалыптастыру мүмкіндігін, сондай-ақ мұндай мәліметтерді кейіннен сақтау мен өңдеу үшін интеграциялық сегменттің кіші жүйелеріне автоматты түрде беру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.5.5.8. Одақтың ортақ ақпараттық ресурстары мен ашық деректері порталы типтік функционалдық блоктарды пайдалану негізінде белгілі бір тақырыпқа арналған кіші бөлімдердің құрылымы мен мазмұнын құруға және конфигурациялауға арналған интерфейсті қамтамасыз етуге тиіс. Осылайша құрылатын бөлімдер жекелеген мекенжайлар бойынша орналастыру мүмкіндігіне, сондай-ақ жекелеген инсталляциялық пакеттер түрінде шығару мүмкіндігіне жол беруге тиіс.

4.2.5.5.9. Одақтың ортақ ақпараттық ресурстары мен ашық деректері порталы мемлекетаралық электрондық қызметтер көрсетуді іске асыру мәселелері бойынша ақпараттық қолдауды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.5.6. Интеграцияланған жүйенің технологиялық порталына қойылатын талаптар

4.2.5.6.1. Технологиялық портал ұлттық сегменттердің тапсырыс берушілері мен операторларын, жалпы процестерге қатысушы уәкілетті органдардың техникалық қызметтерін ақпараттық қолдауға, сондай-ақ мүдделі тұлғалардың кең ауқымын хабардар етуге арналған.

4.2.5.6.2. Технологиялық портал интеграцияланған жүйенің мүмкіндіктері мен артықшылықтары туралы жалпыға қол жетімді ақпаратты жариялау мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс, соның ішінде:

- 1) интеграцияланған жүйеге қатысушылардың сипаты;
- 2) интеграцияланған жүйе архитектурасының сипаты;
- 3) пайдаланылатын технологиялар мен қолданылатын әдістемелердің сипаты;
- 4) іске асырылатын жалпы процестердің сипаты;

5) интеграцияланған жүйе шеңберінде қалыптастырылатын ортақ ақпараттық ресурстардың сипаты;

- 6) интеграцияланған жүйені дамыту кезеңдерінің сипаты.

4.2.5.6.3. Технологиялық портал ұлттық сегменттердің тапсырыс берушілері мен операторларының авторландырылған қызметкерлеріне интеграцияланған жүйені дамыту жөніндегі жұмыстардың барысы және жалпы процестерді іске асыру туралы ақпарат алмасу үшін сервистер ұсынуға тиіс.

4.2.5.6.4. Технологиялық портал ұлттық сегменттердің тапсырыс берушілері мен операторларының авторландырылған қызметкерлеріне ұлттық сегменттерде (типтік шлюз, типтік СБҮТ, адаптерлер, жалпы процестерді базалық іске асыру компоненттері және т.б.) пайдалану үшін Комиссия ұсынатын бағдарламалық қамтылымның жаңартылуын жедел алу үшін сервистерді ұсынуға тиіс.

4.2.5.6.5. Технологиялық портал ұлттық сегменттер операторларының авторландырылған қызметкерлеріне және жалпы процеске қатысушы уәкілетті органдардың техникалық қызметтеріне интеграцияланған жүйенің техникалық қолдау қызметінің сервистеріне, соның ішінде сүйемелдеуге арналған өтінімдерді есепке алу

және өңдеу құралдарына, штаттан тыс жағдайларды талдау мақсатында жедел өзара іс-қимыл мен талдау құралдарына, әдістемелік материалдар мен пайдалану құжаттамасына қолжетімділік беруге тиіс.

4.2.5.6.6. Технологиялық портал ұлттық сегменттер операторларының авторландырылған қызметкерлеріне және жалпы процеске қатысушы уәкілетті органдардың техникалық қызметтеріне мемлекетаралық тестілеу кіші жүйелерінің сервистеріне, соның ішінде жалпы процестер сервистерінің бағдарламалық қамтылымын тестілеу, тестілеу нәтижелерін есепке алу мен талдау құралдарына, нұсқаулықтар мен бақылау үлгілеріне қолжетімділік беруге тиіс.

4.2.5.6.7. Технологиялық портал мультимедиялық форматтарда, сондай-ақ интерактивті сервистерді пайдалана отырып ақпарат беруді қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.5.6.8. Технологиялық портал Комиссия қызметкерлерінің автоматтандырылған режимде материалдар дайындауы мен жариялауының мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін контентті басқару құралдарын ұсынуға тиіс.

4.2.5.6.9. Технологиялық портал интеграцияланған жүйенің басқа кіші жүйелерімен, Комиссияның ақпараттық ресурстарымен және жүйелерімен интеграциялану есебінен материалдарды автоматты түрде дайындау мен жариялау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін ақпарат көздерін конфигурациялау құралдарын ұсынуға тиіс.

4.2.5.6.10. Технологиялық портал өткізілетін семинарлар мен конференциялардың сипатын, әдістемелік және оқытушы материалдардың құрылымдалған архивін қоса алғанда, интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерімен және компоненттерімен жұмыс істеуге, соның ішінде презентациялар, интерактивті курстар мен бейнероликтер, қашықтан оқыту құралдары форматында оқыту процестерін ақпараттық қолдауды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.5.7. Одақтың ақпараттық порталының компоненттері Одақтың ақпараттық порталын пайдаланушылардың ақпараттық ресурстар мен сервистерге дербес компьютерлердің, планшеттік компьютерлер мен мобильді құрылғылардың көмегімен қол жеткізу мүмкіндігін қолдауға тиіс.

4.2.5.8. Одақтың ақпараттық порталының компоненттері ақпаратты мүше мемлекеттердің мемлекеттік тілдерінде, сондай-ақ ағылшын тілінде ұсыну мүмкіндігін қолдауға тиіс.

4.2.5.9. Одақтың ақпараттық порталының компоненттері пайдаланушылар интерфейсімен мүше мемлекеттердің мемлекеттік тілдерінде, сондай-ақ ағылшын тілінде жұмыс істеуге мүмкіндік берге тиіс.

4.2.5.10. Одақтың ақпараттық порталының компоненттері өзара, интеграцияланған жүйенің басқа да кіші жүйелерімен және Комиссияның ақпараттық жүйелерімен және ресурстарымен интеграциялану мүмкіндігін қолдауға тиіс.

4.2.5.11. Одақтың ақпараттық порталының ашық және жабық бөліктері (авторландырылған пайдаланушылар үшін) болуға тиіс. Ашық бөлігі жалпы (анонимді)

қол жеткізуді қамтамасыз етуге арналған. Жабық бөлігінде (авторландырылған пайдаланушылар үшін) қол жеткізу ақпараттық қауіпсіздік кіші жүйесінің құралдарын пайдалана отырып жүзеге асырылуға тиіс.

4.2.5.12. Одақтың ақпараттық порталына қойылатын талаптар интеграцияланған жүйені іске асыру процесінде нақтылануы мүмкін.

4.2.5.13. Одақтың ақпараттық порталына қойылатын егжей-тегжейлі талаптар тиісті жеке техникалық тапсырмада айқындалуға тиіс. Одақтың ақпараттық порталының компоненттеріне қойылатын егжей-тегжейлі талаптар тиісті жеке техникалық тапсырмаларда айқындалуы мүмкін.

4.2.6. Ақпараттық-талдамалық кіші жүйеге қойылатын талаптар

4.2.6.1. Ақпараттық-талдамалық кіші жүйе мынадай функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге тиіс:

1) шоғырландырылған ақпарат негізінде, соның ішінде:

мүше мемлекеттердің тауарларымен сыртқы және өзара сауданың құрылымы;

мүше мемлекеттердің статистикалық көрсеткіштерінің динамикасы;

есептік статистикалық көрсеткіштер;

мүше мемлекеттердің статистикалық көрсеткіштерін салыстыру;

дүниежүзінің электрондық картасында мүше мемлекеттердің статистикалық көрсеткіштерін көрсету;

деректерді көрнекі беру мақсаты үшін талдамалық панельдерді қалыптастыру мүмкіндігі;

көліктік инфрақұрылымның, кеденнің, порттардың, шекаралардың орналасуын визуалдау бөлігінде талдамалық сұрау салулар мен есептік нысандарды қалыптастыру;

2) Комиссияның интеграциялық сегментінің ақпараттық ресурстары құрамында талдамалық деректердің бірыңғай сақтау қоймасын қалыптастыру және жүргізу, соның ішінде:

деректер (файлдар, дерекқорлар) көздерінен шығыс (өңделмеген) деректерді жүктеу ;

деректердің талдамалық витриналарын қалыптастыру;

жүктелетін деректерде пайдаланылатын анықтамалықтар мен сыныптауыштарды қоса алғанда, кіріс деректерін шоғырландыру және оларды нормативтік-анықтамалық ақпараттың кіші жүйелерінің деректерімен келістіру;

деректер элементтерінің өлшем бірліктерін біріздендіру;

ақпараттық-талдамалық кіші жүйенің жұмыс істеуі үшін қажетті деректерді агрегациялау және көрсеткіштерді қалыптастыру;

ақпараттық-талдамалық кіші жүйенің талдамалық деректерінің сақтау қоймасын қалыптастыру бойынша хаттамалар мен технологиялық статистиканы қалыптастыру;

осы деректердің дереккөздері бөлігінде талдамалық деректер қоймасындағы деректердің өзектілігі туралы есепті қалыптастыру.

4.2.6.2. Ақпараттық-талдамалық кіші жүйені дамыту мына бағыттар шеңберінде қамтамасыз етілуге тиіс:

1) мүше мемлекеттердің дереккөздерін толықтыру жолымен дереккөздер құрамын кеңейту;

2) деректердің талдамалық витриналарының құрамын кеңейту;

3) деректердің талдамалық витриналарын, сұрау салуларды, талдамалық есеп нысандары мен жарияланымдарды қалыптастыру кезінде деректерді өңдеудің қосымша алгоритмдерін іске асыру;

4) ақпараттық-талдамалық кіші жүйе құралдарымен орындалатын талдамалық міндеттер және экономикалық саладағы үрдістерді талдаумен және бағалаумен, процестердің өзгерістерін мониторингтеумен байланысты міндеттер құрамын, соның ішінде мүше мемлекеттерде өнеркәсіптік өндіріс динамикасына әсер еретін оқиғаларды, факторларды, заңдылықтар мен үрдістерді салыстырмалы талдау бөлігінде кеңейту;

5) мүше мемлекеттерде өнеркәсіптік тауарлар өндірісінің көлемін (запастарын) модельдеу және сценарийлік болжау;

6) сыртқы көздерден деректерді автоматты түрде жинауды және ашық дереккөздерге семантикалық талдау жүргізу мүмкіндіктерін іске асыру бөлігінде ақпараттық-талдамалық кіші жүйенің технологиялық мүмкіндіктерін кеңейту;

7) жалпы процестердің деректері бойынша шоғырландырылған есептілікті қалыптастыру.

4.2.6.3. Ақпараттық-талдамалық кіші жүйеге қойылатын талаптар интеграцияланған жүйені іске асыру процесінде нақтылануы мүмкін.

4.2.6.4. Ақпараттық-талдамалық кіші жүйеге қойылатын егжей-тегжейлі талаптар тиісті жеке техникалық тапсырмада айқындалуға тиіс.

4.2.7 Статистика кіші жүйесіне қойылатын талаптар

4.2.7.1. Статистика кіші жүйесі мынадай функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге тиіс:

1) Комиссия айқындайтын құрылым мен форматтарға сәйкес келуге тиіс статистикалық көрсеткіштердің тізбесі бойынша уәкілетті органдардан деректер қабылдау;

2) қабылданған деректерді статистика кіші жүйесінің дерекқорына жүктеу және олардың сақталуын қамтамасыз ету;

3) қабылданған деректерді түзету мүмкіндігімен оларды форматтық-логикалық бақылау;

4) статистикалық деректерді өңдеу кезінде қолданылатын анықтамалықтар мен сыныптауыштарды жүргізу;

5) статистикалық деректерді өңдеу, есептік көрсеткіштер мен жиынтық ақпаратты қалыптастыру;

6) регламенттелген есептерді қалыптастыру;

- 7) деректерді түрлі форматтарда жүктеу мүмкіндігімен OLAP-технологияларды қолдану негізінде регламенттелмеген сұрау салуларды қалыптастыру және орындау;
- 8) динамикалық қатарларды қалыптастыру;
- 9) статистикалық деректерді графикалық түрде көрсету (графика, диаграмма, кубтар және т.б.);
- 10) статистикалық деректерді дүниежүзінің электрондық картасында көрсету;
- 11) деректердің жариялануын, оның ішінде Одақтың ақпараттық порталында жариялануын қамтамасыз ету;
- 12) деректерді Одақтың ақпараттық порталындағы ашық деректер бөлімінде жариялау үшін оларды интеграциялық платформаға беру;
- 13) статистикалық кіші жүйе шеңберінде статистикалық көрсеткіштерді және олардың талдамалық белгілерін сипаттайтын метадеректерді қалыптастыру кезінде нормативтік-анықтамалық ақпаратты, тізілімдер мен тіркелімдерді жүргізудің кіші жүйесімен өзара іс-қимыл.

4.2.7.2. Статистика кіші жүйесін дамыту мына бағыттар шеңберінде қамтамасыз етілуге тиіс:

- 1) уәкілетті органдар статистикалық деректерді түрлі технологиялық форматтар мен құрылымдарда ұсынған кезде деректерді автоматтандырылған өңдеу механизмін іске асыру;
- 2) динамикалық қатарларды қалыптастыру және көрсету механизмін іске асыру;
- 3) статистика кіші жүйесінің метадеректерін жүргізу кезінде ескерту және статистика кіші жүйесін пайдаланушыларды құлақтандыру механизмін іске асыру;
- 4) статистика кіші жүйесінің метадеректерін сүзгіден өткізу, іздестіру және ұсыну механизмдерін жетілдіру;
- 5) статистика кіші жүйесінің аспаптық құралдары мен пайдаланушылық интерфейсін жетілдіру және дамыту;
- 6) Одаққа жаңа мүше мемлекеттердің қабылдануына байланысты деректердің статистика кіші жүйесін жетілдіру және дамыту;
- 7) регламенттелген есептілік пен жарияланымдар құрамын кеңейту;
- 8) сыртқы ақпараттық жүйелермен, сондай-ақ интеграцияланған жүйенің басқа да кіші жүйелерімен ақпараттық өзара іс-қимыл механизмдерін кеңейту және дамыту.

4.2.7.3. Статистика кіші жүйесіне қойылатын талаптар интеграцияланған жүйені іске асыру процесінде нақтылануы мүмкін.

4.2.7.4. Статистика кіші жүйесіне қойылатын егжей-тегжейлі талаптар тиісті жеке техникалық тапсырмада айқындалуға тиіс.

4.2.8. Кедергілер мен тосқауылдарды талдау кіші жүйесіне қойылатын талаптар

4.2.8.1. Кедергілер мен тосқауылдарды талдау кіші жүйесі бұрын әзірленген тәуекелдер салаларын талдау кіші жүйесінің функционалдық мүмкіндіктерін кеңейту есебінен дамытылуға тиіс.

4.2.8.2. Интеграцияланған жүйені құру мен дамыту жөніндегі жұмыстардың алдыңғы кезеңдері шеңберінде іске асырылған функцияларға қойылатын талаптар

4.2.8.2.1. Кедергілер мен тосқауылдарды талдау кіші жүйесі мынадай функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге тиіс:

- 1) қолда бар көздерден қазіргі және әлеуетті тәуекел салалары туралы ақпаратты жинау және жинақтау;
- 2) тәуекелдер салаларын сәйкестендіру, талдау мен мониторингтеу құралдарын ұсыну;
- 3) тәуекелдер салаларын айқындау және сарапшылық бағалау үшін құралдарды ұсыну;
- 4) тәуекелдерді шешу және (немесе) олардың туындауына жол бермеу жөніндегі іс-шаралар жоспарларын жүргізу құралдарын ұсыну.

4.2.8.3. Функцияларды дамытуға және жаңғыртуға қойылатын талаптар

4.2.8.3.1. Тосқауылдарды талдау кіші жүйесі мынадай функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге тиіс:

1) тосқауылдар тізілімін, соның ішінде Одақтың ақпараттық порталының құралдарымен алынған бизнес-қоғамдастық өкілдері өтініштерінің негізінде қалыптастыру және жүргізу;

2) Комиссияның тосқауылдарды жою жөніндегі жұмыстары туралы, соның ішінде Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін мәліметтер ұсыну;

3) нарық жай-күйі көрсеткіштерінің конфигурацияланатын жүйесінің негізінде тосқауылдарды сақтау мен жоюдың салдарын формальданған түрде бағалау мүмкіндігі.

4.2.8.4. Кедергілер мен тосқауылдарды талдау кіші жүйесіне қойылатын талаптар интеграцияланған жүйені іске асыру процесінде нақтылануы мүмкін.

4.2.8.5. Кедергілер мен тосқауылдарды талдау кіші жүйесіне қойылатын егжей-тегжейлі талаптар тиісті жеке техникалық тапсырмада айқындалуға тиіс.

4.2.9. Кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу кіші жүйесіне қойылатын талаптар

4.2.9.1. Кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу кіші жүйесі мынадай функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге тиіс:

1) ЕАЭО СЭҚ ТН және ЕАЭО БКТ, соның ішінде ЕАЭО СЭҚ ТН-ге түсініктемелерді электрондық түрде сақтау;

2) ЕАЭО СЭҚ ТН және ЕАЭО БКТ өзгерістер енгізуге уәкілетті органдардың сұрау салуларын есепке алу, осындай өзгерістерді енгізудің техникалық мүмкіндіктерін талдау;

3) ЕАЭО СЭҚ ТН және ЕАЭО БКТ енгізілетін өзгерістер тарихын және олардың негізінде осы өзгерістер енгізілген құжаттар туралы ақпаратты сақтау;

4) барлық өзгерістердің тарихын ескере отырып, ЕАЭО СЭҚ ТН және ЕАЭО БКТ енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты жедел ұсыну;

5) ЕАЭО СЭҚ ТН байланысты мынадай ақпаратты сақтау және пайдалану:

ЕАЭО СЭҚ ТН халықаралық негізін өзгерту;

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы;

Дүниежүзілік сауда ұйымы шеңберінде мүше мемлекеттердің тарифтік міндеттемелері;

тауар номенклатураларының түрлі нұсқалары арасындағы өтпелі кестелер;

6) Комиссия қабылдаған, нормативтік құжаттарға сілтемелері бар тауарлар сыныптауышы бойынша шешімдер жинақтарын, соның ішінде ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша тауарлар сыныптауышы бойынша шешімдер жинағын және мүше мемлекеттердің кеден органдары қабылдаған тауарлар сыныптауышы бойынша алдын ала шешімдер жинағын жүргізу;

7) мыналарды:

ЕАЭО БКТ;

кедендік әкелу баждары ставкаларының мөлшеріне әсер ететін тауар позицияларының тізбелерін;

кедендік әкелу баждарын алудан босатылатын тауар позицияларының тізбелерін;

тауар баждар алудан босатылатын кезеңді көрсете отырып, кедендік әкелу баждарын алудан босатылатын тауар позицияларының тізбесін;

Комиссия жыл сайын тарифтік квоталар белгілейтін тауар позицияларының тізбесін, сондай-ақ мүше мемлекеттердің аумағында тауарларды әкелуге арналған тарифтік квоталардың көлемін;

дамушы және аз дамыған елдерден шығарылатын және әкелінетін, әкелу кезінде тарифтік преференциялар ұсынылатын тауар позицияларының тізбесін;

өтпелі кезең ішінде мүше мемлекеттің бірі ЕАЭО БКТ ставкаларынан бөлек кедендік әкелу баждарының ставкасын қолданатын тауар позицияларының тізбесі мен ставкаларын;

оларға қатысты Комиссия Кеңесі кедендік әкелу баждарын өзгерту туралы шешім қабылдайтын сезімтал тауар позицияларының тізбесін;

Одақтың тарифтік преференцияларының бірыңғай жүйесін пайдаланушы – дамушы елдердің тізбесін;

Одақтың тарифтік преференцияларының бірыңғай жүйесін пайдаланушы – аз дамыған елдердің тізбесін;

тауардың шығу тегі туралы сертификатты беруге және куәландыруға уәкілеттік берілген Одақтың тарифтік преференцияларының бірыңғай жүйесін пайдаланушы – елдер ұйымдарының тізбесін қоса алғанда, кедендік-тарифтік реттеу шараларын есепке алу;

8) мыналарды:

үшінші елдермен саудада мүше мемлекеттердің әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын тауар позицияларының тізбесін;

оларға қатысты айрықша жағдайларда экспортқа уақытша шектеулер немесе тыйым салулар белгіленуі мүмкін, Одақтың ішкі нарығы үшін аса маңызды болып табылатын тауар позицияларының тізбесін;

оларға қатысты Комиссия лицензия беру туралы шешім қабылдаған тауарлар тізбесін;

тауарлардың экспортына және (немесе) импортына айрықша құқық берілген сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың тізбесін қоса алғанда, тарифтік емес реттеу шараларын есепке алу және жүргізу;

9) Комиссияның ЕАЭО СЭҚ ТН өзгерістер енгізу туралы шешімдерінің жобаларын дайындау;

10) оларға қатысты тарифтік емес реттеу шаралары енгізілген тауарларға сыртқы сауда қызметіне қатысушылар берген импортқа және (немесе) экспортқа берілетін лицензиялардың тізбесін қалыптастыру;

11) Комиссияның ақпараттық ресурстарымен және ақпараттық жүйелерімен, сондай-ақ интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерімен өзара іс-қимыл, ол интеграциялық платформа пайдаланыла отырып, мынадай:

ЕАЭО СЭҚ ТН-мен өзара байланыста кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу шаралары туралы толық және өзекті ақпаратты жедел ұсыну;

ЕАЭО СЭҚ ТН енгізілетін өзгерістерге байланысты тауарларға белгіленген тыйым салулар мен шектеулерге өзгерістер енгізу қажеттігі туралы ақпаратты жедел алу;

мүдделі мемлекеттік органдарды ЕАЭО СЭҚ ТН және ЕАЭО БКТ енгізілген өзгерістер туралы жедел хабардар ету;

мүдделі тұлғалардың сұрау салулары бойынша ЕАЭО СЭҚ ТН және ЕАЭО БКТ түзетулері мен өзекті нұсқаларын сыртқы форматтарға түсіру мүмкіндігімен электронды түрде ұсыну мақсаттарында қамтамасыз етілуге тиіс;

12) ЕАЭО СЭҚ ТН және ЕАЭО БКТ типографиялық баспа үшін дайын түрде қалыптастыру.

4.2.9.2. ЕАЭО СЭҚ ТН-ге өзгерістер енгізу кезінде кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу кіші жүйесі ЕАЭО СЭҚ ТН кодтарымен сыныпталатын тауарларға қатысты түрлі мемлекеттік бақылаудың орындалуын регламенттейтін, Комиссияның шешімдерін өзгертуге жататын сілтемелерді автоматтандырылған түрде анықтауды қамтамасыз етуге тиіс, оларға сәйкес осындай шешімдердің жаңа редакциясын қалыптастыру мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс.

4.2.9.3. Кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу кіші жүйесі енгізілетін өзгерістердің тарихын қолдап, ақпараттың жүргізілуін қамтамасыз етуге тиіс, соның ішінде оларды редакциялау процесінде ЕАЭО СЭҚ ТН және ЕАЭО БКТ-ның түрлі нұсқаларын қолдау қамтамасыз етілуге тиіс.

4.2.9.4. Кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу кіші жүйесінде ЕАЭО СЭҚ ТН және ЕАЭО БКТ бойынша ақпаратты іздеу үшін интерфейс іске асырылуға тиіс.

4.2.9.5. Интерфейсте ЕАЭО БКТ бойынша ақпаратты іздеу үшін ЕАЭО БКТ соңғы жаңарту күні көрсетілуге тиіс, сондай-ақ өткен кезеңдер үшін кедендік тарифтер туралы ақпарат алу мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс.

4.2.9.6. Кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу кіші жүйесінде ЕАЭО СЭҚ ТН нақты тауар позициясы бойынша деректерге қолжетімділік іске асырылуға тиіс.

4.2.9.7. Кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу кіші жүйесіне қойылатын егжей-тегжейлі талаптар тиісті жеке техникалық тапсырмада айқындалуға тиіс.

4.2.9.8. Кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу кіші жүйесіне қойылатын талаптар интеграцияланған жүйені іске асыру процесінде нақтылануы мүмкін.

4.2.10. Техникалық реттеу кіші жүйесіне қойылатын талаптар

4.2.10.1. Интеграцияланған жүйені құру мен дамыту жөніндегі жұмыстардың алдыңғы кезеңдері шеңберінде іске асырылған функцияларға қойылатын талаптар

4.2.10.1.1. Техникалық реттеу кіші жүйесі Одақтың (Кеден одағының) техникалық регламенттерін, Одақтың (Кеден одағының) техникалық регламенттерін іске асыру үшін қажетті стандарттардың тізбелерін, мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу бағдарламаларын, өнім тізбелерін (бұдан әрі – құжаттар) қоса алғанда, техникалық реттеу, СФС-шараларды қолдану және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы құжаттарды жасау мен өзгертуді, соның ішінде құжаттардың электрондық түрдегі редакцияларын жүргізуді қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.10.1.2. Техникалық реттеу кіші жүйесі мынадай функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге тиіс:

1) құжаттарға өзгерістер енгізу жөніндегі, соның ішінде ЕАЭО СЭҚ ТН-ге өзгерістер енгізу кезінде ұсыныстарды есепке алу және өңдеу;

2) құжаттарды әзірлеуді жоспарлау және мониторингтеу;

3) құжаттардың жобаларын мемлекетаралық келісу және жария талқылау кезінде пікірлерді есепке алу;

4) құжаттарды әзірлеу және оларға өзгерістер енгізу жөніндегі жұмыс топтарының құрамдарын есепке алу және жүргізу;

5) техникалық реттеу, СФС-шараларды қолдану және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы салаларындағы реттеу объектілеріне қойылатын талаптардың орындалуын (қолданылуын) талдау және мониторингтеу;

6) құжаттарға және ЕАЭО СЭҚ ТН-ге өзгерістер енгізу кезінде нормативтік құқықтық актілердің (нормативтік құқықтық актілерге өзгерістердің) жобаларын автоматтандырылған түрде дайындау;

7) осы кіші жүйеге қосылған барлық объектілер бойынша, соның ішінде техникалық реттеу, СФС-шараларды қолдану және дәрілік заттар мен медициналық

бұйымдардың айналысы салаларындағы жалпы процестердің ақпараттық ресурстарынан іздеу;

8) өзекті мәселелердің және оларға жауаптардың тізбесін жүргізу;

9) техникалық реттеу, СФС-шараларды қолдану және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы салаларындағы құжаттар туралы өзекті мәліметтер мен өзге де мәліметтер Одақтың ақпараттық порталында жариялау;

10) пайдаланушыларды кіші жүйеде орындалған іс-қимыл туралы хабардар ету;

11) кіші жүйеде баптағыштарды және пайдаланушылардың қол жеткізуін басқару.

4.2.10.1.3. Техникалық реттеу кіші жүйесінде техникалық реттеу, СФС-шараларды қолдану және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы салаларындағы жалпы процестердің ақпараттық ресурстарынан алынған мәліметтерге қолжетімділік қамтамасыз етілуге тиіс.

4.2.10.1.4. Техникалық реттеу кіші жүйесі:

1) техникалық реттеу, СФС-шараларды қолдану және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы салаларындағы анықтамалықтар мен сыныптауыштарды алуды;

2) Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттері (Кеден одағының техникалық регламенттері) туралы мәліметтер беруді;

3) ЕАЭО СЭҚ ТН-дегі өзгерістер туралы мәліметтер алуды;

4) ЕАЭО СЭҚ ТН кодтарын пайдалану туралы мәліметтер беруді;

5) жалпы процестердің ақпараттық ресурстарынан мәліметтер алуды;

6) Комиссияның электронды құжат айналымы жүйесінде тіркелген кіріс құжаттары туралы мәліметтер алуды;

7) Одақ құқығына кіретін актілер туралы мәліметтер алуды;

8) мәліметтер мен құжаттарды Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қоса алғанда, Комиссияның ақпараттық ресурстарымен және ақпараттық жүйелерімен, сондай-ақ интеграцияланған жүйенің өзге де кіші жүйелерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.10.2. Функцияларды дамытуға және жаңғыртуға қойылатын талаптар.

4.2.10.2.1. Техникалық реттеу кіші жүйесі бақылаудағы өнімге және сәйкестікті бағалаудың қолданылатын рәсімдеріне қатысты техникалық реттеу, СФС-шараларды қолдану және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы салаларындағы бірыңғай міндетті талаптарды (бұдан әрі – талаптар) белгілеу процестерін ақпараттық-технологиялық қолдауды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.10.2.2. Техникалық реттеу кіші жүйесі мынадай жаңа функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге тиіс:

1) техникалық реттеу, СФС-шараларды қолдану және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы салаларындағы Одақ органдары актілерінің

мәтіні бойынша қызығушылық тудыратын фрагменттерді бірнеше критериймен іздеу мүмкіндігімен осындай мәтіндерге қолжетімділік;

2) кіші жүйеге жүктелетін құжаттардың мазмұнын автоматты түрде қалыптастыру;

3) құжаттардың бір-бірімен, соның ішінде Одақ органдарының қабылданған актілерімен байланысының жаңа түрлерін белгілеу (құжаттың құрылымдық элементтері мен құжат мәтінінің фрагменттеріне сілтемелерді қоса алғанда);

4) техникалық реттеу, СФС-шараларды қолдану және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы салаларындағы жоспарлар тармақтарының іске асырылуы туралы есептер дайындау;

5) техникалық реттеу кіші жүйесінен алынған мәліметтердің негізінде Одақтың ақпараттық порталында техникалық реттеу, СФС-шараларды қолдану және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы салаларындағы ақпараттық сервистерді қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ ақпараттық сервистер шеңберінде жарияланған мәліметтердің өзектілігін бақылау;

6) құжаттардың жобалық редакцияларының нұсқаларын бақылау, әртүрлі нұсқаларды біріктіру;

7) офистік қосымшаларды пайдалану арқылы мәліметтер мен құжаттардың жобаларын құрылымдалған түрде қалыптастыру, жүктеу және сақтау;

8) пікірлер жиыны сыртқы көздерден құрылымдалған түрде алынған болса, оған барлық ескертулер мен ұсыныстардың (пікірлердің) қосылуын бақылау;

9) бақылау оқиғаларының басталғаны туралы, сондай-ақ бақылау оқиғаларының мерзімін өткізіп алу нәтижелері бойынша хабардар ету;

10) пайдаланушылардың құжаттар мен жұмыс істеу тарихын жүргізу;

11) Одақ органдары қабылдаған актілерде көрсетілетін, соның ішінде:

акт жобасының күшіне енуіне;

акт жобасын қолданысқа енгізу және (немесе) оның күшіне ену мерзімін кейінге шегеру кезінде өтпелі кезеңнің белгіленуіне;

ұсынылатын реттеуді бұрын орын алған қатынастарға қолдану қажеттігіне байланысты мерзімдердің басталуын қадағалау;

12) Одақ органдарының актілерінде регламенттелген құжатты әзірлеу сатыларының өту мерзімдерін белгілеу;

13) пайдаланушылар интерфейсінің баптауларын пайдаланушылардың (пайдаланушылар топтарының, реттеу саласының) өзіндік қажеттіліктеріне орай конфигурациялау.

4.2.10.2.3. Техникалық реттеу кіші жүйесінде пайдаланушылардың құжаттармен ұжымдық жұмысы үшін, соның ішінде Одақтың ақпараттық порталының құрамында техникалық реттеу, СФС-шараларды қолдану және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы салаларындағы Комиссия актілерін әзірлеу жөніндегі жұмыс топтарының интеграциясы арқылы техникалық қолдау қамтамасыз етілуге тиіс.

4.2.10.2.4. Техникалық реттеу, СФС-шараларды қолдану және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы салаларында ақпарат, ортақ ақпараттық ресурстарға қолжетімділік алу және (немесе) беру үшін кіші жүйе Комиссияның ақпараттық ресурстарымен және ақпараттық жүйелерімен, сондай-ақ интеграцияланған жүйенің өзге де кіші жүйелерімен өзара іс-қимылдың әмбебап құралдарын пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.10.2.5. Техникалық реттеу, СФС-шараларды қолдану және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы салаларындағы ортақ ақпараттық ресурстардан алынатын деректерді талдау және оларды графика түрінде көрсету үшін кіші жүйе әмбебап құралдарды пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.10.3. Техникалық реттеу кіші жүйесіне қойылатын талаптар интеграцияланған жүйені дамыту процесінде нақтылануы мүмкін.

4.2.10.4. Техникалық реттеу кіші жүйесіне қойылатын егжей-тегжейлі талаптар тиісті жеке техникалық тапсырмада айқындалуға тиіс.

4.2.11. Жалпы процестерді басқару кіші жүйесіне қойылатын талаптар

4.2.11.1. Интеграцияланған жүйені құру мен жаңғырту жөніндегі жұмыстардың алдыңғы кезеңдері шеңберінде іске асырылған функцияларға қойылатын талаптар

4.2.11.1.1. Жалпы процестерді басқару кіші жүйесі Комиссия әзірлейтін және бекітетін тиісті технологиялық құжаттарда белгіленетін талаптарға сәйкес Комиссияның интеграциялық сегментінде жалпы процестерді іске асыруды қамтамасыз ететін сервистер жинағын (бұдан әрі – жалпы процестер сервистері) қамтуға тиіс.

4.2.11.1.2. Жалпы процестерді басқару кіші жүйесі интеграцияланған жүйеде жалпы процестерді қолданбалы деңгейде іске асыруды мониторингтеуді және бақылауды қамтамасыз ететін компоненттерді қамтуға тиіс.

4.2.11.1.3. Жалпы процестерді басқару кіші жүйесі ақпарат алу және (немесе) беру, жалпы процестердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жалпы ақпараттық ресурстарға қол жеткізу үшін Комиссияның интеграциялық сегментінің басқа да кіші жүйелерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.11.1.4. Жалпы процестердің сервистері мынадай функциялардың да жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге тиіс:

1) ұлттық сегменттерден Комиссияның интеграциялық сегментіне арналған электрондық хабарларды қабылдау;

2) ұлттық сегменттерден сұрау салу бойынша Комиссияның интеграциялық сегментінің кіші жүйелерінен ақпарат алу.

4.2.11.1.5. Жалпы процестерді басқару кіші жүйесі Комиссия әзірлейтін және бекітетін жалпы процестердің технологиялық құжаттарында белгіленетін талаптарға сәйкес жалпы процестер операцияларын базалық іске асыруды қамтамасыз ететін біріздендірілген компоненттерді (бұдан әрі – жалпы процестерді базалық іске асыру компоненттері) қамтуға тиіс.

4.2.11.1.6. Жалпы процестерді базалық іске асыру компоненттері интеграцияланған жүйені кешенді және мемлекетаралық тестілеу және сынақтан өткізу кезінде пайдалануға арналған және қажет болған жағдайда ұлттық сегменттерде жалпы процестер сервистерін іске асыру кезінде пайдаланылуы мүмкін.

4.2.11.1.7. Жалпы процестерді базалық іске асыру компоненттері:

- 1) жалпы процестердің технологиялық құжаттарының талаптарына сәйкес ақпаратты енгізуді, редакциялауды және қарауды;
- 2) жалпы процестердің технологиялық құжаттарының талаптарына сәйкес енгізілетін ақпаратты форматтық-логикалық бақылауды орындауды;
- 3) енгізілген ақпараттың ұзақ мерзімді сақталуын;
- 4) сақталатын ақпарат негізінде баспа нысандарының күні бұрынғы жинағын қалыптастыру мүмкіндігін;
- 5) интеграциялық платформа құралдарымен жалпы процестер сервистерімен өзара іс-қимылды қоса алғанда, жалпы процестерді іске асыру үшін қажетті функциялар жинақтарын қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.11.1.8. Жалпы процестерді базалық іске асыру компоненттерінің пайдаланушылар интерфейсі функционалдық мүмкіндіктерді ұлттық сегменттерде жалпы процестер сервистерін іске асыру негіздері ретінде пайдаланған жағдайда оларды кеңейту мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.11.1.9. Жалпы процестерді базалық іске асыру компоненттері жалпы процестердің технологиялық құжаттарының талаптарына сәйкес интеграциялық платформа құралдарымен электрондық хабарларды қабылдау және жөнелту мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.11.1.10. Жалпы процестерді басқару кіші жүйесі пайдаланушылар интерфейсінің көмегімен енгізілген немесе жалпы процестер сервистерінен алынған ақпаратты іздеу және қарау мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.11.1.11. Жалпы процестерді басқару кіші жүйесі пайдаланушылар интерфейсінің көмегімен енгізілген немесе жалпы процестер сервистерінен алынған деректер негізінде электрондық құжаттардың баспа нысандарын қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.11.1.12. Жалпы процестерді басқару кіші жүйесі ЭЦҚ орнату және тексеру функцияларын жүзеге асыратын сыртқы компоненттерді осы кіші жүйеде өңделетін деректерге қосу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.11.1.13. Жалпы процестерді басқару кіші жүйесі жалпы процестердің технологиялық құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес жалпы процестер сервистерінен (жалпы процестер сервистеріне) электрондық хабарларды қабылдау және жөнелту үшін ұлттық сегментті интеграциялық шлюзге қосуды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.11.1.14. Жалпы процестерді басқару кіші жүйесінде жалпы процестерді базалық іске асыру компоненттері әзірленетін жалпы процестердің тізбесі интеграцияланған жүйені жалпы жүйелік жобалау кезеңінде айқындалуға тиіс.

4.2.11.2. Функцияларды дамытуға және жаңғыртуға қойылатын талаптар

4.2.11.2.1. Жалпы процестерді басқару кіші жүйесі Комиссия регламенттейтін, интеграциялық платформа құралдарын пайдалану арқылы жүзеге асырылатын ақпараттық өзара іс-қимылдың (бұдан әрі – регламенттелетін ақпараттық өзара іс-қимыл) әрқилы түрлері шеңберінде берілетін хабарларды беруді орындауды талдау мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.11.2.2. Жалпы процестерді басқару кіші жүйесі ақпараттық өзара іс-қимыл ағындарын визуализациялау мүмкіндігін, ақпараттық өзара іс-қимылдың ағымдағы қарқындылығын, хабарларды берудің уақыт параметрлерін қоса алғанда, интеграцияланған жүйенің Комиссия интеграциялық сегментінің кіші жүйелерімен, сондай-ақ интеграциялық платформа компоненттерімен электрондық хабардар беру тәртібі туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.11.2.3. Жалпы процестерді басқару кіші жүйесі бір рәсімнің, регламенттелетін ақпараттық өзара іс-қимыл транзакциясының шеңберінде жіберілген байланысты хабарларды бірлесіп талдау мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.11.2.4. Жалпы процестерді басқару кіші жүйесі электрондық хабардың тақырыбы мен құрамының блогын (егер құрамының блогы интеграциялық платформа журналдарында болған жағдайларда) қоса алғанда, оның құрамын шығарып алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

Интеграциялық платформа журналдары операцияларды және өзара іс-қимыл журналдарын талдау үшін электронды хабарлар туралы мәліметтер көзі болуға тиіс.

4.2.11.2.5. Жалпы процестерді басқару кіші жүйесі пайдаланушылардың іс-қимылын және ақпарат алмасу операцияларын журналға тіркеу мүмкіндігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ басқа кіші жүйелер үшін журналдарға қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.11.2.6. Кіші жүйе регламенттелетін ақпараттық өзара іс-қимылдың жобаланатын және жүзеге асырылатын түрлері туралы Комиссия интеграциялық сегментінің аралас кіші жүйелерінен мәліметтер алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.11.2.7. Кіші жүйе регламенттелетін ақпараттық өзара іс-қимылдың жобаланатын және жүзеге асырылатын барлық түрлері бойынша орындалатын жұмыстарды есепке алуды, бақылауды және мониторингтеуді жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.11.2.8. Кіші жүйе конфигурацияланатын, соның ішінде интеграциялық сегмент деректерін сақтау және өңдеу кіші жүйесінде сақталатын мәліметтердің және ақпараттық өзара іс-қимыл журналдарының негізінде автоматты түрде есептелетін

тиімділік көрсеткіштерінің көмегімен регламенттелетін ақпараттық өзара іс-қимылдың жобаланатын және жүзеге асырылатын барлық түрлерін іске асырудың тиімділігін мониторингтеуді жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.11.2.9. Кіші жүйе штаттан тыс жағдайлар мен технологиялық іркілістер туралы мониторингтеуді және Комиссия мамандары мен регламенттелетін ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушыларды жедел хабардар етуді жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.11.2.10. Кіші жүйе регламенттелетін ақпараттық өзара іс-қимылдың іске асырылуы туралы мәліметтерге қолжетімділікті, соның ішінде бағдарламалық интерфейстердің көмегімен қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.11.2.11. Жалпы процестердің сервистері ұзақ уақыт сақталуға тиіс деректерді беру үшін, сондай-ақ хабарларды қалыптастыру үшін қажетті мәліметтерді алу үшін интеграциялық сегменттің деректерін сақтау және өңдеу кіші жүйесімен өзара іс-қимыл мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.11.2.12. Базалық іске асыру компоненттері тестілеудің әрқилы, соның ішінде функционалды емес түрлерін жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.11.2.13. Базалық іске асыру компоненттері мемлекеттік билік органдары мен шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың Комиссия регламенттейтін рәсімдерін іске асыру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, сондай-ақ осындай өзара іс-қимыл барысында алынған ақпаратты жалпы процестердің хабарларына айналдыру үшін олардың функцияларын кеңейту мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.11.3. Жалпы процестерді басқару кіші жүйесіне қойылатын талаптар интеграцияланған жүйені іске асыру процесінде нақтылануы мүмкін.

4.2.11.4. Жалпы процестерді басқару кіші жүйесіне қойылатын егжей-тегжейлі талаптар тиісті жеке техникалық тапсырмада айқындалуға тиіс.

4.2.12. Сыртқы экономикалық қызмет субъектілерін сәйкестендіру кіші жүйесіне қойылатын талаптар

4.2.12.1. Сыртқы экономикалық қызмет субъектілерін сәйкестендіру кіші жүйесі интеграцияланған жүйенің жаңа кіші жүйесі болып табылады.

4.2.12.2. Сыртқы экономикалық қызмет субъектілерін сәйкестендіру кіші жүйесі Одақтың кедендік аумағында сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды сәйкестендірудің құрылатын бірыңғай жүйесін ақпараттық-технологиялық қолдауға арналған.

4.2.12.3. Одақтың кедендік аумағында сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды сәйкестендірудің бірыңғай жүйесі мынадай мақсаттарда құрылады:

1) Одақ шеңберінде мүдделі тұлғаларды (оның ішінде Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің азаматтарын) бірегей сәйкестендіруді қамтамасыз ету;

2) өнімді жеткізудің барлық тізбектерін талдау мүмкіндігін жасау есебінен мүше мемлекеттерде қолданылатын тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділігін арттыру және алгоритмдерін оңтайландыру;

3) кедендік мақсаттарда пайдаланылатын құжаттар нысандарын, олардың электрондық көшірмелерінің құрылымдары мен форматтарын оңайлату, сондай-ақ оларда қамтылған мәліметтердің дұрыстығын арттыру;

4) мүше мемлекеттердің кеден қызметтері арасында ақпараттық өзара іс-қимылды оңтайландыру.

4.2.12.4. Одақтың кедендік аумағында сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды сәйкестендірудің бірыңғай жүйесі мынадай ерекшеліктер ескеріле отырып құрылады:

1) сыртқы экономикалық қызметке әрбір қатысушыға сыртқы экономикалық қызметке қатысушыны бірегей сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі осы тармақта – сәйкестендіру нөмірі) берілуге тиіс;

2) сәйкестендіру нөмірін беруді, сәйкестендіру нөмірлерін есепке алуды және дерекқорын жүргізуді мүше мемлекеттің уәкілетті органдары жүзеге асырады;

3) берілген, тоқтатыла тұрған және жойылған сәйкестендіру нөмірлері туралы мәліметтерді қамтитын интеграциялық ақпараттық ресурсты жүргізуді Комиссия жүзеге асырады;

4) берілген сәйкестендіру нөмірі мүше мемлекеттердің кеден органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде пайдаланылатын кедендік құжаттардың барлық нысанында пайдаланылуға тиіс.

4.2.12.5. Сыртқы экономикалық қызмет субъектілерін сәйкестендіру кіші жүйесі мүше мемлекеттердің өзара іс-қимыл жасайтын ұлттық компоненттері мен Комиссияның интеграциялық компонентінің жиынтығы ретінде жасалуға тиіс.

4.2.12.6. Сыртқы экономикалық қызмет субъектілерін сәйкестендіру кіші жүйесінің мүше мемлекеттердің ұлттық компоненттері сыртқы экономикалық қызмет субъектілеріне сәйкестендіру нөмірлерін біріздендірілген форматта беруді, осындай сәйкестендіру нөмірлерін есепке алуды және дерекқорын жүргізуді қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.12.7. Сыртқы экономикалық қызмет субъектілерін сәйкестендіру кіші жүйесінің Комиссияның интеграциялық компоненті сыртқы экономикалық қызмет субъектілерінің берілген (тоқтатыла тұрған, жойылған) сәйкестендіру нөмірлері туралы мәліметтерді қамтитын жалпы ақпараттық ресурсты жүргізуді және уәкілетті органдар мен мүдделі тұлғаларға көрсетілген жалпы ақпараттық ресурсқа регламенттелген қолжетімділікті ұсынуды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.12.8. Сыртқы экономикалық қызмет субъектілерін сәйкестендіру кіші жүйесіне қойылатын егжей-тегжейлі талаптар тиісті жеке техникалық тапсырмада айқындалуға тиіс.

4.2.12.9. Сыртқы экономикалық қызмет субъектілерін сәйкестендіру кіші жүйесіне қойылатын талаптар интеграцияланған жүйені іске асыру процесінде нақтылануы мүмкін.

4.2.13. Интеграциялық платформаға қойылатын талаптар

4.2.13.1. Интеграцияланған жүйені құру мен жаңғырту жөніндегі жұмыстардың алдыңғы кезеңдері шеңберінде іске асырылған функцияларға қойылатын талаптар

4.2.13.1.1. Интеграциялық шлюздерге қойылатын талаптар

4.2.13.1.1.1. Интеграциялық шлюз Комиссия мен уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелері арасында электрондық деректер алмасуды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.13.1.1.2. Интеграциялық шлюз Комиссия мен уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерін интеграциялық платформаға қосу мүмкіндігін ұсынуға және электрондық хабарламалардың хаттамалары мен форматтарын өзгертуді (қажет болған кезде) қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.13.1.1.3. Интеграциялық шлюз Комиссия мен уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерінен түсетін электрондық хабарларды аралас сегменттердің интеграциялық шлюздеріне бағдарлауды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.13.1.1.4. Комиссияның интеграциялық сегментінің және ұлттық сегменттің интеграциялық шлюзі аралас сегменттердің интеграциялық шлюздерімен ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.13.1.1.5. Интеграциялық шлюз аралас сегменттердің интеграциялық шлюздерінен түсетін электрондық хабарларды Комиссия мен уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелеріне бағдарлауды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.13.1.1.6. Интеграциялық шлюз электрондық құжаттарда ЭЦҚ-ның төлнұсқалылығын растау үшін СБҮТ қызметтерінің СБҮТ сервистерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.13.1.1.7. Интеграциялық шлюз осы шлюзде орындалатын операциялардың журналдарын жүргізуді жүзеге асыруға тиіс.

4.2.13.1.2. Комиссияның интеграциялық сегменті деректерін үндестіру кіші жүйесіне қойылатын талаптар.

4.2.13.1.2.1. Комиссияның интеграциялық сегменті деректерін үндестіру кіші жүйесі Комиссияның интеграциялық сегментінде орналастырылған Комиссияның ақпараттық жүйелерінің ақпараттық өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.13.1.2.2. Комиссияның интеграциялық сегменті деректерін үндестіру кіші жүйесі Комиссияның ақпараттық жүйелері беретін функцияларды шақыру және Комиссияның ақпараттық жүйелерінде қамтылатын деректерге қолжетімділік алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін бағдарламалық интерфейстерді (сервистерді) ұсынуды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.13.1.2.3. Комиссияның интеграциялық сегменті деректерін үндестіру кіші жүйесі сервистерге қатысты өтініштерді Комиссияның ақпараттық жүйелеріне бағдарлауды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.13.1.2.4. Комиссияның интеграциялық сегменті деректерін үндестіру кіші жүйесі осы кіші жүйенің құралдарымен орындалатын операциялар журналдарын жүргізуді жүзеге асыруға тиіс.

4.2.13.1.2.5. Комиссияның интеграциялық сегменті деректерін үндестіру кіші жүйесі осы сервистер бойынша ақпаратты іздеу және қарау мүмкіндігімен жүгіну үшін қолжетімді сервистердің тізбесін жүргізуді қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.13.1.3. Көлік кіші жүйесіне қойылатын талаптар

4.2.13.1.3.1. Көлік кіші жүйесі хабарлардың кезегін пайдалана отырып, интеграциялық платформаның компоненттері арасында электрондық хабарламаларды кепілдікпен жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.13.1.3.2. Көлік кіші жүйесі хабарлардың кезегін пайдалана отырып, интеграциялық платформаға қосылатын интеграциялық платформа компоненттерінің, интеграцияланған жүйенің аралас жүйелері мен кіші жүйелерінің әрқайсысы үшін хабарлар кезегінің жиынын білдіруге тиіс.

4.2.13.1.3.3. Көлік кіші жүйесі электрондық хабарлардың кепілдікпен жеткізілуін қамтамасыз ететін хабарлар кезегін, сондай-ақ көлік кіші жүйесінің басқа да объектілерін құру, түрлендіру және жою мүмкіндігін ұсынуға тиіс.

4.2.13.1.3.4. Көлік кіші жүйесі интеграциялық платформа компоненттері арасындағы электрондық хабарларды көлік деңгейінде бағдарлауды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.13.1.3.5. Көлік кіші жүйесі деректер беру арналарын пайдалануды оңтайландыру үшін берілетін электрондық хабарларды сығымдауды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.13.1.4. Сыртқы ақпараттық жүйелермен өзара іс-қимыл кіші жүйесіне қойылатын талаптар

4.2.13.1.4.1. Интеграциялық платформа сыртқы ақпараттық жүйелермен өзара іс-қимыл кіші жүйесін пайдалана отырып, сыртқы ақпараттық жүйелерді қосу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.13.1.4.2. Сыртқы ақпараттық жүйелермен өзара іс-қимыл кіші жүйесі интеграцияланған жүйенің кіші жүйелеріне жүгінуге арналған сервистерді ұсынуды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.13.1.4.3. Сыртқы ақпараттық жүйелермен өзара іс-қимыл кіші жүйесі интеграцияланған жүйенің кіші жүйелері беретін функциялар жиынын кеңейту кезінде интеграцияланған жүйенің кіші жүйелеріне жүгінуге арналған сервистердің тізбесін кеңейту мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.13.1.4.4. Сыртқы ақпараттық жүйелермен өзара іс-қимыл кіші жүйесі осы сервистер бойынша ақпаратты іздеу және қарау мүмкіндігімен интеграцияланған

жүйенің кіші жүйелеріне жүгінуге арналған қолжетімді сервистердің тізбесін жүргізуді қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.13.1.4.5. Сыртқы ақпараттық жүйелермен өзара іс-қимыл кіші жүйесі сервистерге қол жеткізу құқықтарының аражігін ажыратуды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.13.1.4.6. Сыртқы ақпараттық жүйелермен өзара іс-қимыл кіші жүйесі келіп түсетін сұрау салуларды форматтық-логикалық бақылауды қоса алғанда, келіп түсетін сұрау салулардың дұрыстығын бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

4.2.13.1.4.7. Сыртқы ақпараттық жүйелермен өзара іс-қимыл кіші жүйесі келіп түсетін сұрау салуларды интеграциялық платформаның тиісті сервистеріне бағдарлауды орындауға тиіс.

4.2.13.1.4.8. Сыртқы ақпараттық жүйелермен өзара іс-қимыл кіші жүйесі интеграциялық платформа сервистеріне келіп түсетін өтініштердің журналдарын жүргізуді жүзеге асыруға тиіс.

4.2.13.1.5. Тоғысу кіші жүйесіне қойылатын талаптар

4.2.13.1.5.1. Тоғысу кіші жүйесі қажет болған кезде сыртқы жүйелерден түсетін хаттамалар мен электрондық хабарлар форматтарын интеграцияланған жүйенің электронды форматының хабарына айналдыруды қамтамасыз ететін мамандандырылған адаптерлердің (бағдарламалық құжаттардың) жиыны ретінде іске асырылуға тиіс.

4.2.13.2. Функцияларды дамыту мен жаңғыртуға қойылатын талаптар

4.2.13.2.1. Интеграциялық платформа бағдарламалық интерфейстерді (API) пайдалану арқылы интеграциялық шлюздердің функцияларына қолжетімділік мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.13.2.2. Интеграциялық платформа оқиғалар журналдарының негізінде интеграциялық платформаның жұмысқа қабілеттілігінің қолданбалы параметрлерін жинау, талдау және көрсету мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.13.2.3. Интеграциялық платформа ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушыларды электронды деректер алмасу процесінде туындайтын қателіктер туралы хабардар ету механизмдерін дамыту мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.13.2.4. Интеграциялық платформа файлға бағыттау баптауларын іріктеп шығару, сондай-ақ интеграциялық шлюзді баптау кезінде файлдан бағыттау баптауларын іріктеп жүктеу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.13.2.5. Интеграциялық платформа электронды деректер алмасу кезінде хабарлардың саны мен мөлшері ұлғайғанда жұмыс қабілетін сақтауға тиіс.

4.2.13.2.6. Интеграциялық платформа 100 Мбайт дейінгі электрондық хабарларды беру мүмкіндігін, сондай-ақ электрондық хабармен байланысты жалпы мөлшері 2 Гбайт дейінгі файлдарды беру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс. Көрсетілген талапты іске асыру үшін Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 және 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімдерімен бекітілген

Интеграцияланған жүйеде деректермен электрондық алмасу қағидалары мен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының өзара және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимыл жасауы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережені пысықтау жөніндегі іс-шаралар жүргізілуге тиіс.

4.2.13.3. Интеграциялық платформаға қойылатын талаптар мүше мемлекеттермен келісілу шартымен интеграцияланған жүйені іске асыру процесінде нақтылануы мүмкін.

4.2.13.4. Интеграциялық платформаға қойылатын егжей-тегжейлі талаптар тиісті жеке техникалық тапсырмада айқындалуға тиіс.

4.2.14. Нормативтік-анықтамалық ақпаратты, тізілімдер мен тіркелімдерді жүргізу кіші жүйесіне қойылатын талаптар

4.2.14.1. Нормативтік-анықтамалық ақпаратты, тізілімдер мен тіркелімдерді жүргізу кіші жүйесі тізбесі жалпы процестерді жобалау кезеңінде айқындалатын, жалпы процестерді іске асыру шеңберінде пайдаланылатын Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратын, сыныптауыштарын, тізілімдері мен тіркелімдерін қамтитын объектілерді (бұдан әрі – нормативтік-анықтамалық ақпарат объектілері) жүргізуді қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.14.2. Нормативтік-анықтамалық ақпаратты, тізілімдер мен тіркелімдерді жүргізу кіші жүйесі нормативтік-анықтамалық ақпарат объектілерін орталықтандырылған және орталықсыздандырылған түрде жүргізу мен тарату мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.14.3. Жалпы процестерді іске асыру кезінде бірлесіп пайдаланылатын нормативтік-анықтамалық ақпарат объектісі орталықтандырылған түрде жүргізілген жағдайда нормативтік-анықтамалық ақпаратты, тізілімдер мен тіркелімдерді жүргізу кіші жүйесі Комиссия мен уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелері үшін осы объекті бойынша анықтамалық деректердің бастапқы дереккөзі болуға тиіс.

4.2.14.4. Нормативтік-анықтамалық ақпарат объектілері орталықтандырылған түрде жүргізілген жағдайда нормативтік-анықтамалық ақпаратты, тізілімдер мен тіркелімдерді жүргізу кіші жүйесі мынадай функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге тиіс:

1) нормативтік-анықтамалық ақпарат объектілерінің жаңа жазбаларын жасау және қолданыстағы жазбаларын өзгерту;

2) нормативтік-анықтамалық ақпарат объектілері жазбаларының тұтастығын, толықтығы мен дұрыстығын бақылау;

3) алдағы уақыт кезеңінде нормативтік-анықтамалық ақпарат объектілерінің жаңа нұскаларын шығару және архивтік сақтау процесін басқару.

4.2.14.5. Нормативтік-анықтамалық ақпарат объектілері орталықсыздандырылған түрде жүргізілген жағдайда нормативтік-анықтамалық ақпаратты, тізілімдер мен тіркелімдерді жүргізу кіші жүйесі уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерінен

алынатын деректерді қосу рәсімдерінің кешенін іске асыра отырып, нормативтік-анықтамалық ақпарат объектілерінің бөлек анықтамалықтарын біріктіру функцияларын жүзеге асыруды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.14.6. Нормативтік-анықтамалық ақпаратты, тізілімдер мен тіркелімдерді жүргізу кіші жүйесі интеграциялық платформаны пайдалана отырып, нормативтік-анықтамалық ақпарат объектілерінің деректерін интеграцияланған жүйенің басқа да кіші жүйелеріне және ұлттық сегменттерге таратуды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.14.7. Нормативтік-анықтамалық ақпаратты, тізілімдер мен тіркелімдерді жүргізу кіші жүйесі Одақтың ақпараттық порталында нормативтік-анықтамалық ақпарат объектілерін жариялау мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.14.8. Нормативтік-анықтамалық ақпаратты, тізілімдер мен тіркелімдерді жүргізу кіші жүйесіне қойылатын талаптар интеграцияланған жүйені іске асыру процесінде нақтылануы мүмкін.

4.2.15.9. Нормативтік-анықтамалық ақпаратты, тізілімдер мен тіркелімдерді жүргізу кіші жүйесіне қойылатын егжей-тегжейлі талаптар тиісті жеке техникалық тапсырмада айқындалуға тиіс.

4.2.15. Ақпараттық қауіпсіздік кіші жүйесіне қойылатын талаптар

4.2.15.1. Ақпараттық қауіпсіздік кіші жүйесі ақпарат қауіпсіздігінің қатеріне, ақпарат қауіпсіздігін бұзушы моделіне, интеграцияланған жүйені қорғау объектілерінің құрамына, ақпараттық технологиялары мен құрылымдық-функционалдық сипаттамаларына қарай мынадай міндеттерді орындауды қамтамасыз етуге тиіс:

1) қол жеткізу субъектілері мен қол жеткізу объектілерін сәйкестендіру және аутентификациялау;

2) қол жеткізу субъектілерінің қол жеткізу объектілеріне қол жеткізуін басқару;

3) сәйкестендіргіштерді және аутентификациялау құралдарын басқару;

4) ақпаратты вирусқа қарсы қорғау;

5) ақпараттың машиналық жеткізгіштерін қорғау;

6) қауіпсіздік оқиғаларын тіркеу;

7) желілік деңгейде және серверлер мен жұмыс станцияларының деңгейінде басып кіруді анықтау (болдырмау);

8) ақпараттың қорғалуын бақылау (талдау);

9) таралуы шектелген ақпаратты және ақпаратты қорғау құралдарын санкцияланбаған қол жеткізуден қорғау;

10) интеграцияланған жүйенің және осы жүйеде қамтылатын ақпараттың тұтастығын қамтамасыз ету;

11) ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету;

12) виртуализациялау орталарын қорғау;

13) веб-қосымшаларды қорғау;

- 14) техникалық құралдарды қорғау;
- 15) интеграцияланған жүйені және олардың құралдарын қорғау;
- 16) байланыс және деректер беру жүйелерін қорғау;
- 17) дерекқорды басқару құралдарын қорғау.

4.2.15.2. Интеграцияланған жүйені сүйемелдеуді және дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар шеңберінде ақпараттық қауіпсіздік кіші жүйесінің мынадай компоненттерін конфигурациялау жұмыстары орындалуға тиіс:

- 1) қол жеткізу субъектілері мен қол жеткізу объектілерін сәйкестендіру және аутентификациялау кіші жүйесі;
- 2) қол жеткізу субъектілерінің қол жеткізу объектілеріне қолжеткізуін басқару кіші жүйесі;
- 3) бағдарламалық ортаны шектеу кіші жүйесі;
- 4) ақпаратты машиналық жеткізгіштерді есепке алу кіші жүйесі;
- 5) ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын тіркеу кіші жүйесі;
- 6) вирусқа қарсы қорғау кіші жүйесі;
- 7) басып кіруді анықтау кіші жүйесі;
- 8) ақпараттың қорғалуын бақылау (талдау) кіші жүйесі;
- 9) ақпараттық жүйелердің және ақпараттың тұтастығын қамтамасыз ету кіші жүйесі ;
- 10) ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету кіші жүйесі;
- 11) техникалық құралдарды қорғау кіші жүйесі;
- 12) ақпараттық жүйені, оның құралдарын, байланыс және деректер беру жүйелерін қорғау кіші жүйесі;
- 13) персоналмен жұмыс кіші жүйесі.

4.2.15.3. Ақпараттық қауіпсіздік кіші жүйесі шеңберінде мыналарды:

- 1) пайдаланушылар базасын орталықтандырылған түрде жүргізуді;
- 2) пайдаланушыларды сәйкестендіргіштердің өмірлік циклін басқаруды, оның ішінде Комиссияның кадрлық құрамын есепке алу мен басқарудың ақпараттық жүйесінің оқиғалары негізінде автоматтандыруды;
- 3) пайдаланушылардың қолжетімділік құқықтарын орталықтандырылған түрде басқаруды;
- 4) қолжетімділік құқықтарын беруге пайдаланушылардың өтінімдерін келісуді автоматтандыруды;
- 5) жүйелі уақыт аралықтары өткен сайын пайдаланушылардың қол жеткізу өкілеттіктерінің аудитін;
- 6) пайдаланушыларға қолжетімділік беру жөніндегі оқиғалардың аудитін қоса алғанда, Комиссияның интеграциялық сегментінің функционалдық кіші жүйелерін

пайдаланушылардың сәйкестендіру деректерін басқару бөлігінде қол жеткізу субъектілері мен қол жеткізу объектілерін сәйкестендіру және аутентификациялау кіші жүйесінің технологиялық мүмкіндіктерін кеңейту іске асырылуға тиіс.

4.2.15.4. Ақпараттық қауіпсіздік кіші жүйесі шеңберінде жиналған деректерді орталықтандырылған түрде үздіксіз мониторингтеуді, корреляциялауды және ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын анықтауды қоса алғанда, интеграциялық платформаның барлық компоненттерінің (оның ішінде ұлттық сегменттердің интеграциялық шлюздері) ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары туралы деректерді автоматты түрде жинауды қамтамасыз ету бөлігінде ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын тіркеу кіші жүйесінің технологиялық мүмкіндіктерін кеңейту іске асырылуға тиіс.

4.2.15.5. Ақпараттық қауіпсіздік кіші жүйесі шеңберінде ақпаратты криптографиялық қорғау кіші жүйесі іске асырылуға тиіс.

4.2.15.6. Ақпаратты криптографиялық қорғау кіші жүйесі криптографиялық операциялардың орындалуын, түпкілікті ақпаратты, ашық кілттер сертификаттарын және негізгі жеткізгіштерді басқаруды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.15.7. Ақпараттық қауіпсіздік кіші жүйесі шеңберінде мыналарды:

- 1) ақпараттық қауіпсіздік саласында ұйымдық құрылымды, функцияларды, міндеттер мен өкілеттіктерді айқындауды;
- 2) ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдеріне тұрақты талдау жүргізуді;
- 3) ақпараттық қауіпсіздікті түзету іс-қимылдарын басқаруды;
- 4) ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын басқаруды;
- 5) ақпараттық қауіпсіздіктің ішкі аудитін басқаруды;
- 6) ақпараттық қауіпсіздіктің жұмыс істеуі жөніндегі есептілікті ұсынуды (тиімділікті бағалай отырып);
- 7) ақпараттық қауіпсіздіктің жай-күйін тұрақты талдауды қоса алғанда, интеграцияланған жүйенің ақпараттық қауіпсіздігін басқаруды регламенттейтін құжаттар әзірленуге тиіс.

4.2.15.8. Интеграцияланған жүйеде ақпаратты қорғау Комиссия Кеңесінің 2018 жылғы 5 желтоқсандағы № 96 шешімімен бекітілген Трансшекаралық сенім кеңістігін құруға, дамытуға және оның жұмыс істеуіне қойылатын талаптарға және Комиссия бекітетін нормативтік-техникалық құжаттарға, сондай-ақ ұлттық сегменттер бөлігінде мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес қамтамасыз етілуге тиіс.

4.2.15.9. Заңдық күші жағынан Комиссия Кеңесі бекітетін құжаттау қағидалары мен талаптары бойынша ресімделетін және қол қоюмен не қол қоюмен және мөрмен куәландырылған қағаз жеткізгіштегі ұқсас құжаттарға тең болып танылатын электрондық құжаттармен алмасуды қамтамасыз ету мақсатында мүше мемлекеттердің СБҮТ өзара және Комиссия СБҮТ-мен өзара іс-қимыл жасау кезінде уәкілетті органдармен келісілген және Комиссия осы мақсаттар үшін бекітетін ЭЦҚ құралдары мен шифрлық криптографиялық құралдар пайдаланылуы қажет. Осы техникалық

тапсырмаға сәйкес жұмыстарды орындау кезінде мүше мемлекеттердің ЭЦҚ құралдары мен шифрлық криптографиялық құралдарды бірлесіп әзірлеуін ұйымдастыру мүмкіндігі қаралуға тиіс.

4.2.15.10. Ақпараттық қауіпсіздік кіші жүйесіне қойылатын талаптар интеграцияланған жүйені дамыту процесінде нақтылануы мүмкін.

4.2.15.11. Ақпараттық қауіпсіздік кіші жүйесіне қойылатын егжей-тегжейлі талаптар тиісті жеке техникалық тапсырмада айқындалуға тиіс.

4.2.16. Комиссияның СБҮТ кіші жүйесіне қойылатын талаптар

4.2.16.1. Комиссияның СБҮТ кіші жүйесі мынадай функциялардың, соның ішінде Комиссия Кеңесінің 2018 жылғы 5 желтоқсандағы № 96 шешімімен бекітілген Трансшекаралық сенім кеңістігін құруға, дамытуға және оның жұмыс істеуіне қойылатын талаптарға және Комиссия бекітетін нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге тиіс:

1) электрондық құжаттың және ЭЦҚ төлнұсқалылығын тексеру;

2) электрондық құжаттың тұтастығын тексеру;

3) Комиссияның интеграциялық сегментінен шығатын электрондық құжатқа қол қойылған ЭЦҚ-ның дұрыстығын тану, соның ішінде осы электрондық құжатқа қол қойылғаннан кейін оған енгізілген өзгерістердің жоқ екенін растау және осы құжатқа қол қойылған ЭЦҚ-ның ЭЦҚ-ны тексеру кілтінің тиісті сертификат иесіне тиесілілігін растау;

4) Комиссияның интеграциялық сегментіне кіретін электрондық құжаттың ЭЦҚ тексеру нәтижесіне қол қойылған мүше мемлекеттің ұлттық сегментінің СБҮТ ЭЦҚ дұрыстығын тану, соның ішінде осы нәтижеге қол қойылғаннан кейін оған енгізілген өзгерістердің жоқ екенін растау және осы нәтижеге қол қойылған ЭЦҚ-ның ЭЦҚ-ны тексеру кілтінің тиісті сертификат иесіне тиесілілігін растау;

5) Комиссияның интеграциялық сегментінен шығатын электрондық құжаттың ЭЦҚ тексеру нәтижесіне СБҮТ қызметінің куәландырушы орталығының Комиссия СБҮТ берген, ЭЦҚ-ны тексеру кілті сертификатына негізделген Комиссия СБҮТ ЭЦҚ-мен қол қою;

6) Комиссияның интеграциялық сегментіне кіретін электрондық құжаттың ЭЦҚ тексеру нәтижесіне Комиссияның куәландырушы орталығының Комиссия СБҮТ берген, ЭЦҚ тексеру кілті сертификатына негізделген Комиссия СБҮТ ЭЦҚ-мен қол қою;

7) электрондық құжатта ЭЦҚ қолдану заңдылығын мына талаптар жиынтығының сақталуы тұрғысынан тексеру:

ЭЦҚ-мен қол қойылатын деректердің тұтастығы бұзылмаған;

ЭЦҚ жабық (жеке) кілтті пайдалану арқылы шығарылған, оның ашық кілтінің тиісті сертификаты (ЭЦҚ тексеру кілтінің сертификаты) осы ЭЦҚ құрамында көрсетілген;

ЭЦҚ тексеру кілтінің сертификаты электрондық құжатқа қол қою кезінде жарамды;

сертификаттар тізбегінен куәландырушы орталықтың әр сертификаты қол қою кезінде жарамды;

8) электрондық құжаттар мен ЭЦҚ тексеру нәтижелерін қамтитын түбіртектерді қалыптастыру;

9) Комиссия СБҮТ кіші жүйесінде орындалатын операцияларды құжаттау;

10) Комиссия Алқасы мүшелерінің және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органдардың сұрау салулары бойынша Комиссия СБҮТ кіші жүйесінің операциялары туралы ақпарат ұсыну;

11) интеграцияланған жүйені іске асыру процесінде белгіленетін өзге де функциялар.

Комиссия СБҮТ кіші жүйесінде жүргізілетін тексерулер, сондай-ақ осы тексерулердің нәтижелерін көрсететін түбіртектерді қалыптастыру Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының өзара және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережеге сәйкес жүзеге асыралады.

4.2.16.2. Комиссия СБҮТ кіші жүйесі ұлттық сегменттің СБҮТ негізгі құрамдасы ретінде оны күшейту және пайдалану мүмкіндігі қамтамасыз етілетіндей жобалануға тиіс (қажет болған кезде).

4.2.16.3. Комиссия СБҮТ кіші жүйесіне қойылатын талаптар интеграцияланған жүйені іске асыру процесінде нақтылануы мүмкін.

4.2.16.4. Комиссия СБҮТ кіші жүйесіне қойылатын егжей-тегжейлі талаптар тиісті жеке техникалық тапсырмада айқындалуға тиіс.

4.2.17. СБҮТ қызметінің куәландырушы орталығына қойылатын талаптар

4.2.17.1. СБҮТ қызметінің куәландырушы орталығы интеграцияланған жүйенің СБҮТ қызметі шеберінде мүше мемлекеттердің СБҮТ сервистері мен Комиссияның СБҮТ кіші жүйесінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін ЭЦҚ тексеру кілттері сертификаттарын басқарудың иерархиялық жүйесін құруға арналған.

4.2.17.2. Интеграцияланған жүйені құру және жаңғырту жөніндегі жұмыстардың алдыңғы кезеңдерінде іске асырылған функцияларға қойылатын талаптар

4.2.17.2.1 СБҮТ қызметінің куәландырушы орталығы мынадай функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге тиіс:

1) мүше мемлекеттердің СБҮТ және Комиссияның СБҮТ тіркеу;

2) мүше мемлекеттердің СБҮТ және Комиссияның СБҮТ ЭЦҚ кілттер сертификаттарын шығару (жасау);

3) мүше мемлекеттердің СБҮТ және Комиссияның СБҮТ ЭЦҚ кілттер сертификаттарын тарату (беру);

4) мүше мемлекет СБҮТ-нің, Комиссия СБҮТ-нің ЭЦҚ тексеру кілтінің тиесілілігін анық растау;

5) ЭЦҚ-ның шығарылған кілттер сертификаттарын қайтарып алуды басқару;

6) ЭЦҚ тексеру кілттерінің берілген сертификаттарын жою;

7) ЭЦҚ-ның шығарылған кілттері сертификаттарын сақтау;

8) СҮТБ қызметінің куәландырушы органы берген ЭЦҚ тексеру кілттері сертификаттарының тізілімін, соның ішінде СҮТБ қызметінің куәландырушы органы берген ЭЦҚ тексеру кілттері сертификаттарын қамтитын ақпаратты және ЭЦҚ тексеру кілттері сертификаттарының қолданылуын тоқтату немесе жою күні туралы және осындай тоқтатудың немесе жоюдың негіздері туралы ақпаратты қамтитын тізілімін жүргізу;

9) ЭЦҚ-ның өзекті кілттер сертификаттарының, ЭЦҚ-ның қайтарылған кілттер сертификаттарының тізілімдерін жүргізу;

10) ЭЦҚ құралдарын мүше мемлекеттердің СҮТБ және Комиссияның СҮТБ операторларына беру;

11) мүше мемлекеттердің СҮТБ және Комиссияның СҮТБ интеграцияланған жүйесін пайдалана отырып, СБҮТ қызметінің куәландырушы орталығы берген ЭЦҚ-ны тексеру кілттері сертификаттарына кез келген уақытта өтеусіз қолжетімділікті қамтамасыз ету;

12) СБҮТ қызметінің куәландырушы орталығы берген ЭЦҚ-ны тексеру кілттері сертификаттарының тізілімінде ЭЦҚ тексеру кілттерінің бірегейлігін тексеру;

13) ЭЦҚ-ны тексеру кілттерінің берілген сертификаттарын басқарумен байланысты өзге де қызметті жүзеге асыру.

4.2.17.2.2. СБҮТ қызметінің куәландырушы орталығы X.509 Public Key Infrastructure ұсынымдарына сәйкес ашық кілттер инфрақұрылымы (Public Key Infrastructure) негізінде құрылуға тиіс және Комиссияның осы мақсаттары үшін бекітілетін ЭЦҚ-ның келісілген криптографиялық стандарттары мен хэширлеу функциясының келісілген криптографиялық стандарттарын пайдалануға тиіс.

4.2.17.2.3. СБҮТ қызметінің куәландырушы орталығы тек уәкілетті органдармен келісілген және осы мақсаттар үшін Комиссия бекітетін ЭЦҚ құралдары мен куәландырушы орталықтың құралдарын пайдалануға тиіс. Жұмыстарды осы техникалық тапсырмаға сәйкес орындау кезінде интеграцияланған жүйені СБҮТ қызметінің куәландырушы орталығында одан әрі пайдалану үшін мүше мемлекеттердің ЭЦҚ құралдары мен куәландырушы орталықтың құралдарын бірлесіп әзірлеуін ұйымдастыру мүмкіндігі қаралуға тиіс.

4.2.17.3. Функцияларды дамыту мен жаңғыртуға қойылатын талаптар

4.2.17.3.1. СБҮТ қызметінің куәландырушы орталығы интеграцияланған жүйенің СБҮТ қызметінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге тиіс және қажет болған кезде сыртқы ақпараттық жүйелердің қосылу мүмкіндігін қамтамасыз ету бөлігінде СБҮТ кіші жүйелерінің интеграциялық мүмкіндіктерін дамытуды, сондай-ақ СБҮТ қызметін пайдалану арқылы заңдық маңызы бар электрондық өзара іс-қимыл процестерін дамытуды көздейді.

4.2.17.3.1. СБҮТ қызметінің куәландырушы орталығы жүктемені, мүше мемлекеттердің СБҮТ сервистері жіберетін OCSP-сұрау салуларды, TSP-сұрау салуларды баланстауды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.18. Комиссияның куәландырушы орталығына қойылатын талаптар

4.2.18.1. Комиссияның куәландырушы орталығы Комиссия Алқасының мүшелерін, Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерін электрондық құжаттарға қол қою үшін ЭЦҚ кілттері сертификаттарымен қамтамасыз етуге арналған.

4.2.18.2. Комиссияның куәландырушы орталығы мынадай функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге тиіс:

1) ЭЦҚ-ны тексеру кілттерінің сертификаттарын жасау және осындай сертификаттарды Комиссияның оларды алуға өтініш жасаған лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне беру (бұдан әрі осы тармақта – өтініш берушілер);

2) ЭЦҚ-ны тексеру кілті сертификатын алу үшін көрсетілген ЭЦҚ-ны тексеру кілтіне сәйкес келетін ЭЦҚ кілтін өтініш берушінің иеленуін растау;

3) ЭЦҚ-ны тексеру кілттері сертификаттарының қолданылу мерзімдерін белгілеу;

4) ЭЦҚ-ны тексеру кілттерінің берілген сертификаттарын жою;

5) өтініш берушінің өтініші бойынша ЭЦҚ кілті мен ЭЦҚ-ны тексеру кілтін қамтитын (соның ішінде Комиссияның куәландырушы органы жасаған) немесе өтініш берушінің ЭЦҚ кілті мен ЭЦҚ-ны тексеру кілтін жасау мүмкіндігін қамтамасыз ететін ЭЦҚ құралдарын беру;

6) Комиссияның куәландырушы органы берген ЭЦҚ-ны тексеру кілттері сертификаттарының тізілімін, соның ішінде Комиссияның куәландырушы органы берген ЭЦҚ-ны тексеру кілттері сертификаттарын қамтитын ақпаратты және ЭЦҚ-ны тексеру кілттері сертификаттарының қолданылуын тоқтату немесе жою күні туралы және осындай тоқтатудың немесе жоюдың негіздері туралы ақпаратты қамтитын тізілімін жүргізу;

7) ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді пайдалана отырып, соның ішінде ақпараттық-телекоммуникациялық "Интернет" желісін пайдалана отырып, Комиссияның куәландырушы орталығы берген ЭЦҚ-ны тексеру кілттері сертификаттарының тізіліміне кез келген тұлғаның кез келген уақытта өтеусіз қол жеткізуін қамтамасыз ету;

8) өтініш берушінің өтініші бойынша ЭЦҚ кілті мен ЭЦҚ-ны тексеру кілтін жасау;

9) Комиссияның куәландырушы орталығы берген ЭЦҚ-ны тексеру кілттері сертификаттарының тізілімінде ЭЦҚ-ны тексеру кілттерінің бірегейлігін тексеру;

10) Комиссия Алқасы мүшелерінің, Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің өтініштері бойынша ЭЦҚ-ны тексеру;

11) өзі берген ЭЦҚ-ны тексеру кілттері сертификаттарын басқарумен байланысты өзге де қызметті жүзеге асыру.

4.2.18.3. Комиссияның куәландырушы орталығы X.509 Public Key Infrastructure ұсынымдарына сәйкес ашық кілттер инфрақұрылымы (Public Key Infrastructure) негізінде құрылуға тиіс және осы мақсаттар үшін Комиссия бекітетін ЭЦҚ-ның келісілген криптографиялық стандарттары мен хэширлеу функциясының келісілген криптографиялық стандарттарын пайдалануға тиіс.

4.2.18.4. Комиссияның куәландырушы орталығы тек уәкілетті органдармен келісілген және осы мақсаттар үшін Комиссия бекіткен ЭЦҚ құралдары мен куәландырушы орталықтың құралдарын пайдалануға тиіс.

4.2.19. Цифрлық симуляторға қойылатын талаптар

4.2.19.1. "Цифрлық симулятор" архитектуралық-техникалық шешімі инфрақұрылымдық архитектуралық-технологиялық бір шешім шеңберінде қатысушылардың мінез-құлқын модельдеу қажеттігін ескере отырып, Одақ субъектілерінің ақпараттық өзара іс-қимылы процестерінің технологиялық тұрғыдан жаңа іске асырылуын автономды тестілеу мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге арналған.

4.2.19.2. Цифрлық симулятор интеграцияланған жүйенің, интеграциялық платформаның, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының типтік ақпараттық жүйелерінің, шаруашылық жүргізуші субъектілердің ақпараттық жүйелерінің интеграциялық және ұлттық сегменттерінің модельдерін қамтуға тиіс.

Бұл ретте цифрлық симулятор цифрлық өзара іс-қимыл процестеріне, жаңа жалпы процестерге интеграцияланған жүйеде жинақталатын және өңделетін шынайы деректерді пайдалану арқылы тестілеу жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ететіндей түрде жобалануға тиіс.

4.2.19.3. Цифрлық симулятор жұмылдырылған компоненттерді конфигурациялау және әкімшілендіру құралдарын, өзара іс-қимылдың өңделетін процестерін мониторингтеу құралдарын, жүктемеге тестілеу жүргізуге арналған құралдарды қамтуға тиіс.

4.2.19.4. Цифрлық симулятор кемінде 5 (бес) эксперименттік процесті (пилоттық жобаны) бір уақытта өңдеуді қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.19.5. Цифрлық симуляторға қойылатын талаптар интеграцияланған жүйені дамыту процесінде нақтылануы мүмкін.

4.2.19.6. "Цифрлық симулятор" архитектуралық-техникалық шешіміне қойылатын талаптар интеграцияланған жүйені дамыту процесінде нақтылануы мүмкін.

4.2.19.7. Цифрлық симуляторға қойылатын егжей-тегжейлі талаптар тиісті жеке техникалық тапсырмада айқындалуға тиіс. "Цифрлық симулятор" архитектуралық-техникалық шешіміне қойылатын егжей-тегжейлі талаптар тиісті жеке техникалық тапсырмаларда айқындалуға тиіс.

4.2.20. Инфрақұрылымдық платформаға қойылатын талаптар

4.2.20.1. Инфрақұрылымдық платформа қамтамасыз етуші кіші жүйе болып табылады, ол Комиссияның интеграциялық сегментінің жүйелік-техникалық инфрақұрылымының бүкіл жинағын бірыңғай басқару жүйесімен бірге қамтуға тиіс.

4.2.20.2. Инфрақұрылымдық платформа мониторингтеу және басқару кіші жүйесін әске асыру кезінде бұрын әзірленген ақпараттық-бағдарламалық шешімдердің негізінде құрылуға тиіс.

4.2.20.3. Интеграцияланған жүйені құру және жаңғырту жөніндегі жұмыстардың алдыңғы кезеңдері шеңберінде іске асырылған мониторингтеу және басқару кіші жүйесінің функцияларына қойылатын талаптар

4.2.20.3.1. Мониторингтеу және басқару кіші жүйесі мынадай функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге тиіс:

1) айрықша жағдайларда туындайтын өнімділік көрсеткіштерін және өзге де ақпаратты қоса алғанда, Комиссияның интеграциялық сегментінде өрістетілген кіші жүйелерді аппараттық қамтамасыз етудің негізгі жұмыс істеу көрсеткіштерін жинау, сақтау және бақылау;

2) айрықша жағдайларда туындайтын өнімділік көрсеткіштерін және өзге де ақпаратты қоса алғанда, Комиссияның интеграциялық сегментінде өрістетілген кіші жүйелерді жүйелі және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етудің негізгі жұмыс істеу көрсеткіштерін жинау, сақтау және бақылау;

3) Комиссияның интеграциялық сегментінде өрістетілген кіші жүйелерді аппараттық қамтамасыз етуден, жүйелі және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуден диагностикалық ақпаратты жинау және шоғырландыру;

4) Комиссияның интеграциялық сегментінде өрістетілген кіші жүйелерді аппараттық қамтамасыз етуде, жүйелі және қолданбалы бағдарламалық қамтылымда туындайтын оқиғалар мен айрықша жағдайларды бапталатын қағидаларға сәйкес өңдеу ;

5) Комиссияның интеграциялық сегментін пайдалануға жауапты персонал үшін қажетті регламенттік іс-шараларға және айрықша жағдайларға ден қою шаралары бойынша ұсынымдарды қалыптастыру;

6) интеграцияланған жүйенің компоненттерін конфигурациялау туралы ақпаратты жинау, сақтау және құжаттау;

7) интеграцияланған жүйенің компоненттері туралы шоғырландырылған ақпаратты көрсету;

8) Комиссияның интеграциялық сегментінде өрістетілген кіші жүйелерді аппараттық қамтамасыз етуді, жүйелі және қолданбалы бағдарламалық қамтылымды конфигурациялауды орталықтандырылған түрде басқару.

4.2.20.4. Инфрақұрылымдық платформаны құру кезінде мыналар қамтамасыз етілуіне тиіс:

1) интеграциялық сегменттің инженерлік инфрақұрылымына қойылатын талаптарды және оны іске асыру жөніндегі техникалық шешімдерді әзірлеу (құрылыстар, үй-жайлар, инженерлік жабдық, географиялық орналасу және өзгелері);

2) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым жөніндегі талаптар мен техникалық шешімдерді әзірлеу (деректерді беру желісінің кешені);

3) есептегіш ресурстарды виртуалдандыру жөніндегі талаптар мен техникалық шешімдерді әзірлеу;

4) интеграциялық сегменттің ресурстарын сәйкестендіру жөніндегі талаптар мен техникалық шешімдерді әзірлеу (техникалық құралдарды есепке алу, кабельдік журналдар, ір-адресітеу жоспары, домендік аттар кеңістігі және т.б.);

5) сақтау қоймалары мен дерекқорлар жөніндегі талаптар мен техникалық шешімдерді әзірлеу;

6) операциялық жүйелер жөніндегі талаптар мен техникалық шешімдерді әзірлеу;

7) пайдаланылатын ДҚБЖ жөніндегі талаптар мен техникалық шешімдерді әзірлеу;

8) инфрақұрылымдық сервистер жөніндегі талаптар мен техникалық шешімдерді әзірлеу (домендік аттар қызметі, уақыт қызметі, каталогтар қызметі, файлдар алмасу қызметі, электрондық хабарлар жөнелту қызметі);

9) жүктемені баланстау сенімділігінің көрсеткіштерін және оған қойылатын талаптарды айқындау;

10) техникалық құралдарды және инфрақұрылымдық сервистерді орталықтандырылған басқару жөніндегі талаптар мен техникалық шешімдерді әзірлеу;

11) микробағдарламалық, жүйелік бағдарламалық қамтылымды және ДҚБЖ жаңартуға қойылатын талаптарды айқындау;

12) жүйелік-техникалық инфрақұрылымды санкцияланбаған қол жеткізуден қорғауға қойылатын талаптарды айқындау;

13) Комиссияның интеграциялық сегментінің кіші жүйелерін пайдаланушыларды тіркеудің, сәйкестендірудің, аутентификациялаудың, авторландырудың типтік (біріздендірілген) механизмдеріне қойылатын талаптарды айқындау және оларды іске асыру;

14) Комиссияның интеграциялық сегментінің жүйелік-техникалық инфрақұрылымы мен кіші жүйелерінің компоненттерін мониторингтеу жөніндегі талаптар мен техникалық шешімдерді әзірлеу (мониторингтеу және басқару кіші жүйесімен біріктірілген кезде);

15) интеграциялық сегменттің жүйелік-техникалық инфрақұрылымы мен кіші жүйелерінің компоненттерінің деректерін резервтеудің бірыңғай жүйесі жөніндегі талаптар мен техникалық шешімдерді әзірлеу (мониторингтеу және басқару кіші жүйесімен біріктірілген кезде).

4.2.20.5. Инфрақұрылымдық платформаға қойылатын талаптар интеграцияланған жүйені дамыту процесінде нақтылануы мүмкін.

4.2.20.6. Инфрақұрылымдық платформаға қойылатын егжей-тегжейлі талаптар тиісті жеке техникалық тапсырмада айқындалуға тиіс.

4.2.21. Ұлттық сегментке қойылатын талаптар

4.2.21.1. Ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жүйесіне қойылатын талаптар

4.2.21.1.1. Ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жүйесі жалпы процестерді іске асыру шеңберінде өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерін ұлттық сегменттің интеграциялық шлюзіне қосуды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.21.1.2. Ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жүйесі қолданбалы ақпараттық жүйелер қалыптастыратын электрондық құжаттарды ұлттық сегменттің интеграциялық жүйесіне дейін жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.21.1.3. Ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жүйесі ұлттық сегменттің интеграциялық жүйесінен алынған электрондық құжаттарды қолданбалы ақпараттық жүйелерге дейін жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.21.1.4. Ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жүйесі электрондық құжаттарды ұлттық сегменттің интеграциялық жүйесінен хабарды алушының қолданбалы ақпараттық жүйесіне дейін бағдарлауды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.21.1.5. Ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жүйесі қолданбалы ақпараттық жүйе мен ұлттық сегменттің интеграциялық шлюзі арасында электрондық құжатты бағдарлау және өңдеу функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті технологиялық ақпаратты беруді қамтамасыз етуге тиіс. Көрсетілген технологиялық ақпараттың құрамын Комиссия айқындайды.

4.2.21.1.6. Ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жүйесіне қойылатын талаптар интеграцияланған жүйені іске асыру процесінде нақтылануы мүмкін.

4.2.21.2. Ұлттық сегменттің СБҮТ кіші жүйесіне қойылатын талаптар

4.2.21.2.1. Ұлттық сегменттің СБҮТ кіші жүйесі мынадай функциялардың, соның ішінде Комиссия Кеңесінің 2018 жылғы 5 желтоқсандағы № 96 шешімімен бекітілген Трансшекаралық сенім кеңістігін құруға, дамытуға және оның жұмыс істеуіне қойылатын талаптарға және Комиссия бекітетін нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес қамтамасыз етілуіне тиіс:

- 1) электрондық құжаттың және ЭЦҚ-ның төлнұсқалылығын тексеру;
- 2) электрондық құжаттың тұтастығын тексеру;

3) ұлттық сегменттен шығатын электрондық құжатқа қол қойылған ЭЦҚ-ның дұрыстығын тану, соның ішінде осы электрондық құжатқа қол қойылғаннан кейін оған енгізілген өзгерістердің жоқ екенін растау және осы құжатқа қол қойылған ЭЦҚ-ның ЭЦҚ-ны тексеру кілтінің тиісті сертификат иесіне тиесілілігін растау;

4) ұлттық сегментке кіретін электрондық құжаттың ЭЦҚ-ны тексеру нәтижесіне қол қойылған басқа мүше мемлекеттің ұлттық сегментінің СБҮТ, Комиссия СБҮТ

электрондық қолтаңбаның дұрыстығын тану, оның ішінде осы тексеру нәтижесіне қол қойылғаннан кейін оған енгізілген өзгерістердің жоқ екенін растау және осы тексеру нәтижесіне қол қойылған ЭЦҚ-ның ЭЦҚ-ны тексеру кілтінің тиісті сертификат иесіне тиесілілігін растау;

5) ұлттық сегменттен шығатын электрондық құжаттың ЭЦҚ-ны тексеру нәтижесіне СБҮТ қызметінің куәландырушы орталығы ұлттық сегменттің СБҮТ берген, ЭЦҚ тексеру кілті сертификатына негізделген ұлттық сегменттің СБҮТ ЭЦҚ-мен қол қою;

6) ұлттық сегментке кіретін электрондық құжаттың ЭЦҚ-ны тексеру нәтижесіне мүше мемлекеттің заңнамасына және Одақтың құқығына сәйкес ұлттық сегменттің СБҮТ берген, ЭЦҚ-ны тексеру кілті сертификатына негізделген ұлттық сегменттің СБҮТ ЭЦҚ-мен қол қою;

7) ұлттық сегменттің СБҮТ кіші жүйесінде орындалатын операцияларды құжаттау;

8) Комиссияның және уәкілетті органдардың сұрау салулары бойынша ұлттық сегменттің СБҮТ кіші жүйесінің операциялары туралы ақпарат беру;

9) ЭЦҚ қолдану заңдылығын және электрондық құжатқа қол қойған тұлғаның өкілеттіктерін тексеру, ол мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес және Комиссия Алқасының ЭЦҚ қолдану заңдылығын және электрондық құжатқа қол қойған тұлғаның өкілеттіктерін тексеру жөніндегі ұсыным(дар)ын ескере отырып жүзеге асырылуға тиіс ;

10) электрондық құжаттар мен ЭЦҚ-ны тексеру нәтижелерін қамтитын түбіртектерді қалыптастыру;

11) интеграцияланған жүйені дамыту процесінде белгіленетін өзге де функциялар.

Ұлттық сегменттің СБҮТ кіші жүйесінде жүргізілетін тексерулер, сондай-ақ осы тексерулердің нәтижелерін көрсететін түбіртектерді қалыптастыру Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының өзара және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

4.2.21.2.2. Ұлттық сегменттің СБҮТ кіші жүйесіне қойылатын талаптар интеграцияланған жүйені іске асыру процесінде нақтылануы мүмкін.

4.2.21.3. Ұлттық сегментті мониторингтеу және басқару кіші жүйесіне қойылатын талаптар

4.2.21.3.1. Ұлттық сегментті мониторингтеу және басқару кіші жүйесі ұлттық сегменттің интеграциялық шлюзінің жұмыс істеу қабілеттілігіне және ұлттық сегменттің СБҮТ кіші жүйесіне әсер ететін бақыланатын параметрлердің ауытқуы туралы оқиғаларды мониторингтеу журналында тіркеу функциясын жүзеге асыруды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.21.3.2. Мониторингтеу және басқару кіші жүйесі:

1) ұлттық сегменттің интеграциялық шлюздерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін сервистерге;

2) ұлттық сегменттің СБҮТ кіші жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін сервистерге;

3) ұлттық сегменттің интеграциялық шлюзінің интеграцияланған жүйемен өзара іс-қимыл интерфейстеріне қолжетімділікті бақылауды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.21.3.3. Мониторингтеу және басқару кіші жүйесі ұлттық сегменттің интеграциялық жүйесінің жұмыс істеу қабілеттілігіне және СБҮТ кіші жүйелеріне, Комиссияның интеграциялық сегментін мониторингтеу мен басқару кіші жүйесіне әсер ететін сыни оқиғалар туралы ақпаратты оқиғаның туындау фактісі бойынша беру функцияларын жүзеге асыруды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.21.3.4. Ұлттық сегментті мониторингтеу және басқару кіші жүйесіне қойылатын талаптар интеграцияланған жүйені іске асыру процесінде нақтылануы мүмкін.

4.2.21.4. Ұлттық сегментті қорғау кіші жүйесіне қойылатын талаптар

4.2.21.4.1. Ұлттық сегментті қорғау кіші жүйесі ақпарат қауіпсіздігінің қатеріне, ақпарат қауіпсіздігін бұзушы моделіне, ұлттық сегментті қорғау объектілерінің құрамына, ақпараттық технологиялары мен құрылымдық-функционалдық сипаттамаларына қарай мынадай міндеттерді орындауды қамтамасыз етуге тиіс:

1) қол жеткізу субъектілері мен қол жеткізу объектілерін сәйкестендіру және аутентификациялау;

2) қол жеткізу субъектілерінің қол жеткізу объектілерге қолжетімділігін басқару;

3) сәйкестендіргіштерді және аутентификациялау құралдарын басқару;

4) ақпаратты вирусқа қарсы қорғау;

5) ақпараттың машиналық жеткізгіштерін қорғау;

6) қауіпсіздік оқиғаларын тіркеу;

7) желілік деңгейде серверлер мен жұмыс станцияларының деңгейінде басып кіруді анықтау (болдырмау);

8) ақпараттың қорғалуын бақылау (талдау);

9) таралуы шектелген ақпаратты және ақпаратты қорғау құралдарын санкцияланбаған қол жеткізуден қорғау;

10) ұлттық сегменттің және ұлттық сегментте қамтылатын ақпараттың тұтастығын қамтамасыз ету;

11) ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету;

14) техникалық құралдарды қорғау;

16) байланыс және деректер беру жүйелерін қорғау.

4.2.21.4.2. Ұлттық сегментті қорғау кіші жүйесі ақпараттық қауіпсіздіктің анықталған оқыс оқиғалары туралы мәліметтерді Комиссияның ұлттық сегментінің ақпараттық қауіпсіздік кіші жүйесіне осындай оқыс оқиғаның туындау фактісі бойынша беруді қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.21.4.3. Ұлттық сегментті қорғау кіші жүйесіне қойылатын талаптар интеграцияланған жүйені іске асыру процесінде нақтылануы мүмкін.

4.2.21.5. Уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелеріне қойылатын талаптар

4.2.21.5.1. Функционалдық тұрғыдан ұлттық сегмент құрамына кірмейтін уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелері өз мүше мемлекетінің аумағында жалпы процестерді іске асыруды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.21.5.2. Уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерінің ұлттық сегменттің интеграциялық шлюзімен өзара іс-қимылы ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жүйесі пайдаланыла отырып жүзеге асырылуға тиіс.

4.2.21.5.3. Уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелері жалпы процестердің технологиялық құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жүйесінен алынған электрондық құжаттар мен электрондық түрдегі мәліметтерді өңдеудің қолданбалы логикасын іске асыруды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.21.5.4. Уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелері жалпы процестерді іске асыру шеңберінде ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жүйесімен өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.21.5.5. Жалпы процестерді іске асыруға қатысатын уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелері қалыптастыратын электрондық құжаттар мен электрондық түрдегі мәліметтер жалпы процестердің технологиялық құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

4.2.21.5.6. Уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелері жалпы процестерді іске асыру шеңберінде бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпаратты пайдалануға тиіс.

4.2.21.5.7. Уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелеріне қойылатын талаптар интеграцияланған жүйені іске асыру процесінде нақтылануы мүмкін.

4.3. Қамтамасыз ету түрлеріне қойылатын талаптар

4.3.1. Лингвистикалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

4.3.1.1. Интеграцияланған жүйені лингвистикалық қамтамасыз етуге қойылатын егжей-тегжейлі талаптар тиісті жеке техникалық тапсырмаларда айқындалуға тиіс.

4.3.1.2. Интеграцияланған жүйе халықаралық тәжірибе мен озық практикаларды ескере отырып, пәндік саланы сипаттаудың, бағдарламалық қамтылымды жобалау мен әзірлеудің заманауи тілдері мен құралдары қолданыла отырып жасалуға тиіс.

4.3.2. Бағдарламалық қамтылымға қойылатын талаптар

4.3.2.1. Интеграцияланған жүйенің жұмыс істеуі үшін пайдаланылатын бағдарламалық қамтымыл интеграцияланған жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын бағдарламалық қамтылымға сәйкес келуге тиіс.

4.3.2.2. Бағдарламалық қамтылымға қойылатын егжей-тегжейлі талаптар тиісті жеке техникалық тапсырмаларда айқындалуға тиіс.

4.3.3. Техникалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

4.3.3.1. Интеграцияланған жүйені техникалық қамтамасыз етуге қойылатын жалпы талаптар

4.3.3.1.1. Интеграцияланған жүйені техникалық қамтамасыз ету интеграцияланған жүйені құрудың, күшейтудің және пайдаланудың, сондай-ақ персоналды оқытудың толық циклін қамтамасыз етуге тиіс.

4.3.3.1.2. Интеграцияланған жүйені техникалық қамтамасыз ету ең кемінде мынадай контурларды қамтуға тиіс:

1) өнімділік контуры – интеграцияланған жүйені тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалану кезінде интеграцияланған жүйе компоненттерінің жұмыс істеуі үшін пайдаланылады;

2) тестілеу контуры – тестілеу, соның ішінде интеграцияланған жүйенің компоненттерін мемлекетаралық тестілеу мақсатында пайдаланылады;

3) оқыту контуры – мамандарды оқыту үшін пайдаланылады;

4) өнімділік алдындағы контур – интеграцияланған жүйе компоненттерін шынайы деректерде тестілеу үшін пайдаланылады.

4.3.3.1.3. Тестілеу және оқыту контурлары біріктірілуі мүмкін, бұл ретте біріктірілген контурлар тестілеу мен оқыту жүргізу процестерінің нашарлауына әкеп соқпауға тиіс.

4.3.3.1.4. Интеграцияланған жүйені техникалық қамтамасыз ету осы техникалық тапсырманың 4.1.5-тармағында көрсетілген сенімділік талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

4.3.3.2. Интеграцияланған жүйенің желілік инфрақұрылымына қойылатын талаптар

4.3.3.2.1. Интеграцияланған жүйенің желілік инфрақұрылымының интеграцияланған жүйе шегінде IP толық байланысты топологиясы болуға тиіс.

4.3.3.2.2. Интеграцияланған жүйенің желілік инфрақұрылымы деректер берудің негізгі және резервтік арналарын ұсына отырып, интеграцияланған жүйе компоненттерін қосудың істен шығуға қарсы тұру схемасын қамтамасыз етуге тиіс.

4.3.3.2.3. Интеграцияланған жүйенің желілік инфрақұрылымы интеграцияланған жүйенің сегменттері арасында кемінде 50 Мбит/с өткізу қабілетін қамтамасыз етуге тиіс.

4.3.3.3. Интеграцияланған жүйені техникалық қамтамасыз етудің базалық қызметтеріне қойылатын талаптар

4.3.3.3.1. Интеграцияланған жүйені техникалық қамтамасыз етудің базалық қызметтеріне:

1) каталог қызметі;

2) домендік аттарға рұқсат беру қызметі;

3) уақыт қызметі;

4) пошта хабарларын жөнелту қызметі;

5) резервтік көшіру қызметі жатады.

4.3.3.3.2. Каталог қызметі интеграцияланған жүйені пайдаланушылардың мынадай санаттары үшін есептік жазбалар каталогын жүргізу мен сақтауды және

интеграцияланған жүйенің функционалдық және қамтамасыз етуші кіші жүйелерінде аутентификациялау мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс:

- 1) интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерінің әкімшілері;
- 2) интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерін пайдаланушылар.

4.3.3.3.3. Доминдік атауларға рұқсат беру қызметі IP-мекенжайға мнемоникалық аттарға рұқсат беруді және IP-мекенжайларынан мнемоникалық аттарға кері рұқсат беруді қамтамасыз етуге тиіс.

4.3.3.3.4. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарымен келісілген дәл уақыттың бірыңғай дереккөзін пайдаланатын уақыт қызметі интеграцияланған жүйенің серверлерінде уақытты үндестіру функциясын қамтамасыз етуге және интеграцияланған жүйенің барлық кіші жүйелері үшін ортақ уақытты қолдауға тиіс.

4.3.3.3.5. Пошта хабарларын жөнелту қызметі пошта хабарларын интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерінен интеграцияланған жүйені пайдаланушылардың мынадай санаттарына жіберу сервисін қамтамасыз етуге тиіс:

- 1) интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерінің әкімшілері;
- 2) интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерін пайдаланушылар;

3) анонимді пайдаланушылар (Одақтың ақпараттық порталының құралдарымен ортақ ақпараттық ресурстарға қолжетімділігі бар ақпараттық-телекоммуникациялық "Интернет" желісін пайдаланушылар).

4.3.3.3.6. Резервтік көшіру қызметі мынадай функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге тиіс:

1) интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерінің деректері мен конфигурациясын толық және инкрементті резервтік көшіру;

2) резервтік көшірмелердің тізімін қарау және таңдалған резервтік көшірмелерді қалпына келтіру;

3) виртуалды машиналар деңгейінде серверлерді резервтік көшіру;

4) операциялық жүйенің деректері мен конфигурациясын және интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерінде пайдаланылатын қосымшаларды резервтік көшіру;

5) интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерінің деректері мен конфигурациясын қалпына келтіру мүмкіндігі;

6) таспалы жеткізгіштерде деректердің резервтік көшірмелерін сақтау мүмкіндігі;

7) қашық алаңда деректердің қосымша резервтік көшірмесін сақтау мүмкіндігі;

8) дискілі және таспалы жеткізгіштерде деректерді сақтаудың жалпы көлемін азайту үшін деректерді сығымдау және дедупликациялау;

9) интеграцияланған жүйенің компоненттері үшін деректерді резервтік көшіру мен қалпына келтірудің функционалдығын орталықтандырылған түрде басқаруға арналған бірыңғай интерфейс ұсыну.

4.3.3.4. Интеграцияланған жүйені дамыту кезінде инфрақұрылымдық-техникалық қамтамасыз ету шеңберінде мынадай іс-шараларды жүзеге асыру көзделеді:

1) интеграцияланған жүйені дамыту мақсаттарына сәйкес есептегіш инфрақұрылымды дамыту, соның ішінде интеграцияланған жүйе шеңберінде ортақ ақпараттық ресурстарды қалыптастыруды, жүргізуді және пайдалануды (техникалық-экономикалық тұрғыдан негізделген жағдайда) қамтамасыз ету үшін деректерді өңдеу орталықтарын құру;

2) интеграцияланған жүйенің телекоммуникациялық құрамдасын оған электрондық өзара іс-қимыл субъектілерінің қол жеткізу қажеттіліктеріне сәйкес дамыту;

3) тауарлар мен өзге де объектілерді, сондай-ақ электрондық өзара іс-қимылдың кез келген субъектілерін электрондық сәйкестендіру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін және Одақ шеңберінде цифрлық қадағалау жөніндегі міндеттерді шешу үшін инфрақұрылымды құру және дамыту;

4) мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету (соның ішінде Одақ ақпаратын криптографиялық қорғаудың мамандандырылған құралдарын пайдалану арқылы).

4.3.4. Ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

4.3.4.1. Интеграцияланған жүйені құруды Комиссия үйлестіреді, ол ұлттық сегменттердің тапсырыс берушілерімен, ұлттық сегменттердің операторларымен және ұлттық сегменттердің СБҮТ операторларымен өзара іс-қимыл жасай отырып, оның жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз етеді.

4.3.4.2. Комиссия жұмыстарды жобалауды, әзірлеуді, енгізуді, нәтижелерін қабылдауды және Комиссияның интеграциялық сегментін, Комиссияның ақпараттық ресурстары мен жүйелерін одан әрі сүйемелдеуді ұйымдастырады.

4.3.4.3. Мүше мемлекет ұлттық сегментті құру, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету және дамыту жөніндегі міндеттерді орындайтын ұлттық сегменттің тапсырыс берушісін айқындайды.

4.3.4.4. Интеграцияланған жүйенің Комиссия интеграциялық сегменті мен интеграцияланған жүйенің ұлттық сегменттерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін техникалық қолдау қызметтері ұйымдастырылуға тиіс.

4.3.4.5. Интеграцияланған жүйені сүйемелдеу және оған техникалық қызмет көрсету жөніндегі іс-шаралардың құрамын, мазмұны мен параметрлерін, техникалық қолдау қызметтері жүзеге асыратын функцияларды, олардың жауапкершілік шекараларын және олардың өзара іс-қимыл жасау тәртібін Комиссия айқындайды.

4.3.4.6. Интеграцияланған жүйені дамытуды ұйымдастырушылық қамтамасыз ету шеңберінде мынадай іс-шараларды жүзеге асыру көзделеді:

1) мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттерін интеграциялау жөніндегі жұмыстарды үйлестіру бөлігінде: ақпараттандыру және ақпараттық технологиялар саласында ұсынымдар әзірлеу, мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттерін жаңғырту;

2) жұмыстардың орындалуын мониторингтеу бөлігінде: жобалық тәсілді пайдалану, бағдарламаларды және жобаларды басқару әдіснамасын әзірлеу және қабылдау,

бағдарламалар мен жобаларды жобалау және орындау, осы бағдарламалар мен жобаларды іске асыру үшін талап етілетін ресурстарды бағалау, бағдарламалар мен жобаларға қатысушылар арасында коммуникацияларды ұйымдастыру, бағдарламалар мен жобаларды іске асыру тиімділігін және оларды іске асыру кезінде алынатын нәтижелердің сапасын бағалау, сондай-ақ мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимыл кезіндегі процестердің архитектураларын, қосымшаларды, технологияларды, ақпаратты қорғау құралдарын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды дайындау;

3) сындарлы технологияларды айқындау бөлігінде: интеграцияланған жүйені құру мен дамыту кезінде қолданылатын және соның базасында құрылатын цифрлық платформаны қалыптастыру мен дамыту үшін қажетті пайдаланылатын және перспективалы сындарлы технологиялар тізбесін айқындау;

4) интеграцияланған жүйені дамытудың тіршілік циклінің барлық сатыларын қамтитын бірыңғай стандарттарды (мемлекетаралық стандарттар мен Одақ стандарттарын, сондай-ақ сындарлы технологияларды сипаттайтын стандарттарды әзірлеу және қолдану.

4.3.5. Әдістемелік қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

4.3.5.1. Интеграцияланған жүйені әдістемелік қамтамасыз ету міндеттері интеграцияланған жүйені құру, жұмыс істеуін қамтамасыз ету және дамыту кезінде Комиссия әзірлейтін техникалық, технологиялық және әдістемелік құжаттарды, сондай-ақ ұлттық деңгейде әзірленетін, оларды нақтылайтын және тәптіштейтін құжаттарды пайдалану есебінен орындалуға тиіс.

4.3.5.2. Ұлттық сегментті құру жөніндегі жұмыстарды орындау шеңберінде ұлттық сегментті іске асыру ерекшелігі ескерілетін ұлттық деңгейдегі әдістемелік құжаттар кешенін құру көзделуге тиіс.

4.3.5.3. Ұлттық деңгейдегі әдістемелік құжаттар кешені мыналарды қамтуы мүмкін:

1) ұлттық сегментте жалпы процестерді іске асыру бөлігінде жалпы процестердің тиісті технологиялық құжаттарын нақтылайтын және толықтыратын әрбір жалпы процесс үшін ұлттық регламенттер;

2) ұлттық сегментті іске асыру ерекшеліктері ескеріле отырып, жалпы процестердің тиісті технологиялық құжаттарын қолданудың бірыңғай қағидалары.

4.3.5.4. Жалпы процестерді жобалау және іске асыру жөніндегі жұмыстар интеграцияланған жүйенің даму шамасына қарай біртіндеп орындалады және интеграцияланған жүйені дамыту жөніндегі жұмыстар шеңберінде әзірленген жалпы процестерді жобалаудың, сипаттаудың және қолдаудың әдістемелік ұсынымдары мен оларға қойылатын талаптарға сәйкес деректердің, құжаттар мен процестердің бірыңғай модельдерін құрумен сүйемелденуге тиіс. Жалпы процестерді жобалау бойынша орындалған жұмыстардың нәтижелері мыналар үшін негіз ретінде пайдаланылады:

1) интеграцияланған жүйе құралдарын пайдалану арқылы жалпы процестерді іске асыру;

2) нақты жалпы процеске жұмылдырылған уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерін әзірлеу, пысықтау және баптау;

3) ұлттық сегменттерді және Комиссияның интеграциялық сегментін әзірлеу, пысықтау және баптау.

4.3.5.5. Жалпы процестерді іске асыру кезінде пайдаланылатын мәліметтердің құрамы уәкілетті органдардың пайдалануы үшін қажетті мәліметтер ескеріле отырып қалыптастырылады және Шартта белгіленген тәртіппен айқындалады.

4.3.6. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

4.3.6.1. Интеграцияланған жүйені нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету шеңберінде мынадай іс-шараларды жүзеге асыру көзделеді:

1) Одақ органдарының интеграцияланған жүйе базасында құрылатын цифрлық платформаны қалыптастыру тәртібін регламенттейтін актілерін әзірлеу және қабылдау, мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету, интеграцияланған жүйеде іске асырылатын шешімдерге техникалық сараптама жүргізудің институционалдық негізін қалыптастыру, сондай-ақ мүше мемлекеттерге, электрондық өзара іс-қимылдың өзге субъектілеріне арналған ұсынымдардың жобаларын әзірлеу;

2) интеграциялық процестерді дамыту шеңберінде ведомствоаралық және мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимыл рәсімдерін реттейтін, сондай-ақ мемлекетаралық электронды қызметтер көрсетумен байланысты нормативтік, техникалық және ұйымдық құжаттарды әзірлеу, келісу және қабылдау;

3) басым жалпы процестер тізбесін жаңарту;

4) қызмет саласына ақпараттық жүйелерді құру жөніндегі стандарттар мен ұсынымдарды әзірлеу, осы саладағы әдіснамаларды, процестердің архитектураларын, модельдерін, деректердің модельдерін және т.б. әзірлеу кіретін халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

5) мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз етудің халықаралық практикасына талдау жүргізу.

4.3.7. Функционалдық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

4.3.7.1. Интеграцияланған жүйені дамытуды функционалдық қамтамасыз ету шеңберінде мынадай іс-шараларды жүзеге асыру көзделеді:

1) интеграцияланатын ресурстардың семантикалық үйлесуін қамтамасыз ету (тиісті ұсынымдар әзірлеу, семантикалық интеграция технологияларын сынау, семантикалық сервистерді, қызметтер көрсетуді электронды нысанға ауыстыруға автоматтандырылған түрде дайындау құралдарын әзірлеу);

2) интеграцияланған жүйені пайдаланудың халықаралық режимдерін қамтамасыз ету (жана мүше мемлекеттердің және (немесе) мүше мемлекеттер органдарының жалпы процестерге жылдам қосылу мүмкіндігін ұсыну үшін типтік құралдарды қолдау.

4.3.8. Сарапшылық-әдіснамалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар.

4.3.8.1. Интеграцияланған жүйені дамытуды сарапшылық-әдіснамалық қамтамасыз ету шеңберінде мынадай іс-шараларды жүзеге асыру көзделеді:

1) ақпараттық технологиялар саласындағы халықаралық практикалар мен стандарттарға мониторинг пен талдау жүргізу, халықаралық практикалар мен стандарттарды қолдану бойынша ұсынымдар мен әдістемелік материалдар дайындау, пайдаланушыларға әдістемелік қолдау көрсету, жаңа функционалдың пайдалануға беруге әзірлігі шамасына қарай әдістемелік және дидактикалық материалдар дайындау;

2) интеграцияланған жүйені дамыту барысында әзірленетін жобалық құжаттаманы, техникалық және технологиялық шешімдерді сараптауды ұйымдастыру және орындау (соның ішінде интеграцияланған жүйеде ақпаратты қорғауды және трансшекаралық сенім кеңістігі инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін компоненттерге қатысты);

3) техникалық тапсырмаларды (жеке техникалық тапсырмаларды), эскиздік, техникалық және жұмыс жобаларының бағдарламалық құжаттамасын сараптау мен келісуді жүргізу;

4) техникалық, технологиялық, әдістемелік және ұйымдық құжаттардың жобаларын әзірлеу;

5) оқыту семинарларын, конференциялар, тренингтер ұйымдастыру және тиісті, соның ішінде интерактивті оқыту материалдарын дайындау;

6) бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, мүше мемлекеттерде, сондай-ақ Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерде қалың бұқара жұртшылықты интеграцияланған жүйені пайдаланудың мүмкіндіктері мен артықшылықтары туралы хабардар етуді ұйымдастыру;

7) дидактикалық материалдар кешенін, оқу стендін әзірлеу, қашықтан оқыту және ілім-білімді басқару жүйесін өрістетуге және іске қосу.

5. Интеграцияланған жүйені құру және дамыту жөніндегі жұмыстардың құрамы мен мазмұны

5.1. Интеграцияланған жүйені құру, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету және дамыту жөніндегі жұмыс уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып Комиссия әзірлейтін және Комиссияның Кеңесі бекітетін жоспарлар негізінде жүзеге асырылады.

5.2. Комиссия Кеңесі бекітетін интеграцияланған жүйені дамыту жоспарларының негізінде кіші жүйелерді интеграцияланған жүйенің құрамына/құрамынан енгізу/шығару жөніндегі қосымша жоспарлар әзірленуі мүмкін.

5.3. Барлық іс-шаралар жоспарлары іске асырылған кезде интеграцияланған жүйенің барлық кіші жүйелері мен компоненттерінің үзіліссіз жұмысы қамтамасыз етілуге тиіс.

6. Жүйені бақылау және қабылдау тәртібі

6.1. Жүйені сынаудың түрлері, құрамы, көлемі мен әдістері

6.1.1. Интеграцияланған жүйенің компоненттерін сынаудың түрлері мен құрамы 34.603 МемСТ сәйкес келуге тиіс. Сынақтардың көлемі мен әдістері сынау бағдарламалары мен әдістемесінде айқындалуға тиіс.

6.1.2. Сынақ сынауға жататын интеграцияланған жүйенің компоненттері орнатылған есептегіш техниканың көмегімен жүргізілуге тиіс.

6.1.3. Техникалық, бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыз ету жобалық және пайдалану құжаттамасына сәйкес жұмысқа әзір болуға және бапталуға тиіс.

6.1.4. Сынақтар пайдаланудың нақты жағдайларына барынша жақын жағдайларда жүргізілуге тиіс.

6.2. Жұмыстарды қабылдауға қойылатын талаптар

6.2.1. Жұмыстарды тапсыру-қабылдау осы техникалық тапсырманың 5-бөліміне сәйкес кезең-кезеңмен жүргізіледі.

6.2.2. Сынақтар интеграцияланған жүйенің осы техникалық тапсырманың талаптарына сәйкестігін тексеру мақсатында жүргізіледі.

6.2.3. Интеграцияланған жүйенің берілген функцияларын жүзеге асыруды тексеру үшін сынаудың мынадай түрлері белгіленеді:

- 1) интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерін алдын ала дербес сынаулар;
- 2) интеграцияланған жүйені мемлекетаралық сынаулар.

6.2.4. Интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерін алдын ала дербес сынаулар интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерінің берілген функцияларды жүзеге асыруын тексеру процесін білдіреді.

6.2.5. Интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерін алдын ала дербес сынауды жүргізуді жоспарлау үшін бағдарлама мен әдістеме әзірленеді, оған сәйкес бақылау мысалында интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерінің берілген функцияларды жүзеге асыруын тексеру жүргізіледі.

6.2.6. Интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерін алдын ала дербес сынауды жүргізу нәтижелері бойынша тиісті хаттама ресімделеді, онда интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерінің осы техникалық тапсырманың талаптарына сәйкестігі туралы шешім тіркеледі және интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерінің мемлекетаралық тестілеуге және мемлекетаралық сынауларға әзірлігі туралы шешім қабылданады. Көрсетілген талаптардан ауытқушылықтар анықталған жағдайда қажетті пысықтаулардың тізбелері мен осы ауытқушылықтарды жоюдың ұсынылатын мерзімдері қалыптастырылады.

6.2.7. Интеграцияланған жүйені мемлекетаралық сынаулар тұтастай интеграцияланған жүйенің берілген функцияларын жүзеге асыруды тексеру процесін білдіреді.

6.2.8. Интеграцияланған жүйені мемлекетаралық сынауды Комиссия Алқасының 2018 жылғы 18 тамыздағы № 96 шешімімен бекітілген Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесін мемлекетаралық сынау туралы ережеге сәйкес мемлекетаралық сынау жүргізу жөніндегі комиссия жүргізеді.

7. Автоматтандыру объектісін жүйені қолданысқа енгізуге дайындау жөніндегі жұмыстардың құрамы мен мазмұнына қойылатын талаптар

7.1. Автоматтандыру объектілерін интеграцияланған жүйенің әзірленген (пысықталған) кіші жүйелері мен компоненттерін қолданысқа енгізуге дайындау үшін мынадай жұмыстардың орындалуын қамтитын техникалық және ұйымдастырушылық іс-шаралар кешені жүргізілуге тиіс:

1) интеграцияланған жүйенің жаңадан құрылатын (жаңғыртылған) кіші жүйелерін өрістетуге үшін Комиссияның интеграциялық сегментін техникалық қамтамасыз етуді жаңғырту;

2) уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерін мүше мемлекеттердің ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жүйелеріне қосуды қамтамасыз ету және жалпы процестерді іске асыру үшін (қажет болған кезде) оларды пысықтау;

3) интеграцияланған жүйені дамыту процесінде құрылған немесе жаңғыртылған интеграцияланған жүйенің функционалдық және қамтамасыз етуші кіші жүйелерін өрістетуге;

4) бастапқы жүктеу үшін деректерді дайындау;

5) ақпараттық-талдамалық кіші жүйеге және статистика кіші жүйесіне жаңадан қосылатын көздерден алынатын деректердің миграциясы;

6) заңдық маңызы бар электрондық құжат айналымын қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын ЭЦҚ-ны тексеру кілттері сертификаттарын шығару және тарату;

7) сәйкестендіру және аутентификациялау кіші жүйесінде интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерін пайдаланушылардың сәйкестендіру деректерін тіркеу;

8) интеграцияланған жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз етуді ұйымдастыруға жауапты құрылымдық бөлімшелерді айқындау;

9) пайдаланушылар топтарын интеграцияланған жүйенің ақпараттық-бағдарламалық құралдарымен жұмыс істеуге оқытуды жүргізу.

8. Құжаттауға қойылатын талаптар

8.1. Интеграцияланған жүйеде 34.201-89 МемСТ және 34.601-90 МемСТ талаптарына сәйкес құжаттама әзірленеді.

8.2. Пайдалану құжаттамасының берілетін жинақтарының қажетті санын интеграцияланған жүйені құру жөніндегі жұмысты үйлестіруші – тапсырыс беруші айқындайды.

8.3. Интеграцияланған жүйені құру, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету және дамыту шеңберінде мынадай құжаттар әзірленеді:

1) интеграцияланған жүйенің кіші жүйелері мен компоненттеріне жеке техникалық тапсырмалар;

2) интеграцияланған жүйені пайдалануды және дамытуды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық және техникалық құжаттар, сондай-ақ әдістемелік материалдар;

3) жалпы процестерді іске асырудың пәндік салалары шеңберінде Одақтың деректер моделінің құжаттамасы;

4) жалпы процестерді интеграциялық жүйе құралдарымен іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар;

5) Комиссияның интеграциялық сегменті кіші жүйесіне техножұмыс жобасының құжаттамасы, соның ішінде:

техножұмыс жобасының ведомосі;

техножұмыс жобасына түсіндірме жазба;

жабдықтар мен материалдар ведомосі;

бағдарламалық қамтылымның сипаттамасы;

пайдаланушының басшылық құралы;

әкімшінің басшылық құралы;

сынақтар бағдарламасы мен әдістемесі;

техникалық қызмет көрсету жөніндегі басшылық құрал;

техникалық қамтамасыз ету жөніндегі шешімдер;

техникалық құралдар кешенінің сипаттамасы;

жабдықтар ерекшелігі;

6) жалпы процестерді іске асыру үшін Комиссияның интеграциялық сегменті құрамында сервистерді бағдарламалық қамтамасыз етудің техножұмыс жобасының құжаттамасы, соның ішінде:

техникалық жобаға түсіндірме жазба;

сынақтар бағдарламасы мен әдістемесі;

әкімшінің басшылық құралы;

пайдаланушының басшылық құралы.

8.4. Интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерін құруға және дамытуға арналған жеке техникалық тапсырмалар ұлттық сегменттің тапсырыс берушілеріне келісуге жіберілуге тиіс.

8.5. Интеграцияланған жүйе құралдарымен іске асырылатын Одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі Комиссия Алқасының жеке шешімімен бекітіледі.

9. Өзгерістер енгізу

9.1. Осы техникалық тапсырмаға өзгерістер енгізу Комиссия Алқасының шешімі негізінде 34.602-89 МемСТ сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК